

Чен 5/каз/ 52

Жеңіс Қашқынов



АДЫНТАР  
МЕН АРЫСТАР



---

Бұл еңбегімді Қазақ Елінің  
тәуелсіздігінің он  
жылдығына арнаймын.  
Автор.

Алматы “Өуен” 2001

**ЖЕҢІС ҚАШҚЫНОВ**

**АЛЫПТАР  
МЕН  
АРЫСТАР**  
/ӨЛЕҢДЕР МЕН ДАСТАНДАР/

Алматы  
"Әуен"  
2001

ББК 84(5 Қаз)  
Қ 52

40686 - 2


Ж.ҚАШҚЫНОВ.  
Қ 52. АЛЫПТАР МЕН АРЫСТАР: Өлеңдер мен дастандар.  
Алматы, "Әуен", 2001. -152 бет.  
I SBN9965 - 9027-9-8

Ақынның бұл жинағында қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күресіп өткен алыптар мен арыстар бейнесі сомдалған. Өнет бабадан бастап, кешегі Желтоқсан қаһармандары кітаптың өн бойына арқау болған. Бұқар жырау, Абылайхан мен Кенесары батырларының іс-әрекеттері, батыл кимылдары нанымды суреттелген.

Дастандарында кешегі "халық жауы", атанып, құрбандыққа шалынған Әлихан, Әлімхан, Жақып, Сәкен, Дәмеш-Темірбек Жүргеновтер секілді қоғам және мемлекет қайраткерлерінің қаһармандық тұлғалары бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ретінде ұсынылады. Атамекен, нарыққа байланысты жырлары да енген.

I SBN9965 - 9027-9-8

ББК 84(5 Қаз)



© ҚАШҚЫНОВ Ж.  
2001

## ДАСТАНДАР

### Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан

О, хан Кене.  
Таптады жау ата жұрт, салтыңды да,  
Жан қысылып кеудеде алқынды ма.  
Күш жұмсадың жинауға біріктірер,  
Шашыраған тарыдай халқыңды да.

Басыңды алтын тіктің де күніне өлім,  
Рахатын көрмедің дүниенің.  
Қазағыңды тәуелсіз ел етуге,  
Ат үстінде өткіздің сүріп емір.

Кәпірдің де негіз бар қорқуында.  
Жолбарыстай жүрдің сен жортуылда.  
Қорқау қасқыр сияқты бұқпантайлап,  
Ездер тұрды патшаның қолтығында.

Бұлт қойылып еркіндік аспанында,  
Алай-түлей болды әлем қас-қағымда.  
Сәл осалдық танытсаң айбат қылмай,  
Тұрды жауың құзғындай бас салуға.

Халқың үшін қажымай қайрат қылып,  
Жауға шаптың атқа да жайдақ мініп.  
Тіршілікте жаныңа тыным бермей,  
Арыстандай мерт болдың айға атылып.

Қазағыңа қашанда берді ме ерік,  
Қасиетті өртеді жерді келіп.  
Бүгінгі күн ұл-қызың марқаяды,  
Сен аңсаған тәуелсіз елді көріп.

Кешті халқың не сұмдық сұрқияны,  
Мешеуліктің торлады бұлты ұяны.  
Өз алдына ел болып, отау тіккен,  
Тәуелсіздік көңілге нұр құяды.

\* \* \*

Өмірінде жан емес бұғып керген,  
Ақыл, айла, сенім мен үмітке ерген.  
Батырға тән ежелгі әдетпенен,  
Бірде Ағыбай шолғынға шығып келген.

Батырлығы шығарсын төске мұны,  
Толмай отыр ісіне еш көңілі.  
Хан алдына бар сырын жайып салды,  
Көкжал болып даланың ескен ұлы.

– Тыныштыққа маужырап аймақ тұнған,  
Ай жап-жарық, жұлдыздар жайнап тұрған.  
Таң алдында үнсіздік бұзылады да,  
Бір қарайған көрінді жайлап қырдан.

Жазық бетке түсті де құйындатты,  
Ат тұяғын боз көде сүйіп жатты.  
“Қайт, қайт кейін өлесің!” – деп айқалап,  
Қарсы шаптым келді де жыным қатты.

Ағызып кеп найзамды қағып қалды,  
Қолдан шығып көдені қауып қалды.  
Денеме ұшын дарытпай ту сыртымнан,  
Содан кейін ол найза салып қалды.

Атымды да кеуделеп ысырғаны,  
Бірақ түйреп қаңбақша ұшырғаны.  
Боз көдеге топ еттім есім ауып,  
Өкініштен өртеніп ішім жанды.

Батырлардай шыныққан жорықтағы,  
Менен өзі именіп қорықпады.  
Найзамды іздеп таппадым есеңгіреп,  
Түс көргендей аң-таңмын болып тағы.

Оңға басып жүрсе де ісім бұрын,  
Сол салт атты көрсетті ісін мығым.  
Өмірімде мұндайды көрмеп едім,  
Шындыққа айналды түсім бүгін.

Жаумен жастай ұнаттым алысуды,  
Шабуылды, жорықты жаным сүйді.  
Тірі өлік боп оралсам дел-сал болып,  
Ақ ордада найзам тұр шанышулы.

Пәс көңілі тұнжырап бүгіліпті,  
Бас батыры Ағыбай сырын ұқты.  
– Наурызбай шығар бұл ойнап жүрген, –  
Деп хан Кене сәл ғана жымыпты.

Ақжолтай Ағыбайдан шұбыртпалы,  
Осы аңгіме қалды елі ұмытпады.  
Ет-сүйектен жаралған батыр да аңғал,  
Болатынын жұртшылық ұғып қалды.

\* \* \*

Төнсе де зймағы мен басқа қауып,  
Киіктей дүркіреп ел қашпады ауып.  
Хан Кене мініп алған қаһарына,  
Қылышын отыр өзі тасқа шауып.

– Көрсетпей батырға тән сом қылықты,  
Таныттың табансыздық, олқылықты.  
Аяқсыз қалдырмастан хан жарлығын,  
Салмадың неге жөнге Бөлтірікті?!

– Хан ием, қазағымның баласы да ол,  
Бар ма еді Бөлтіріктен аласың мол.  
Сенді олар қорғайды деп Қоқандардан,  
Алайық ажыратып арасын сол.

Адамның билемесін қанын желік,  
Алмаймын елін шауып, малын бөліп.  
Ескертіп Бөлтірікті қоя бердім,  
Қазақтың не қылайын арын төгіп.

Батыр да, қара менен алып та адам,  
Таңдаса адал жолды тарықпаған.  
“Нең сенің шауып алсаң кетеді” – деп,  
Хан Кене жылы шырай танытпаған.

Қаһарын ашуланып шақырғаны,  
Түк әсер етпегендей аһ ұрғаны.  
Ісінің дұрыстығын Ағыбайдың,  
Қоштаған Науан, басқа батырлары.

Болса да әрі батыр, айлалы адам,  
Достары құшағын көп жайған оған.  
Алатау жорығында Ағыбайды,  
Бірақ та бас сардары сайламаған.

\* \* \*

Жорық біткен алатын үрейін ел,  
Көң даланы көделі сүйеді жел.  
Ел ішінде тыныштық орнаған соң,  
Жер қадірін Ағыбай біле білген.

Кеше өрде, бүгін тау етегінде,  
Бос арманның кетті ме жетегінде.  
Белден шешіп қаруын, тоған қазды,  
Егін өгіп тұрмысын көтеруге.



Жауға шапса айлакер, алғыр адам,  
Дүние жиып жан емес мал құраған.  
Азық іздеп Ағыбай елге кеткен,  
Тамақ тапшы, ағайын қалжыраған.

Қиындықтан кетпеген жүнжіп тегі,  
Өтті күннің тер төккен жылжып көбі.  
Жәмші өзені бойында қауырт қимыл,  
Тоған қазған ұнайды ел тірліктері.

Арқа жаққа жетелеп жүрегі ерді,  
Бар екені тұстасы біле келді.  
Тоған қазып шаршаған ағайынға,  
Белтірік би ат басын тірегені.

Сырттан келген әуелі шолар маңын,  
Танымаса ділдәгер бола алар кім.  
Белтірік би сұрады сәл кідіріп:  
– Қазып жатқан кімдікі тоғандарың?

– Біреуге жеке басы, малы қайғы,  
Біреуге азаттықтың тағы ұнайды.  
Қазып жатқан бұл тоған батырдікі,  
Білетін шығарсыз сіз Ағыбайды.

Мамыражай қалжырап тұрған жұртқа,  
Шығармастан сырын да бірден сыртқа.  
“Ағыбайдың тоғаны” деген сәтте,  
Атын шалған Белтірік құрбандыққа.

Бұл жайды естіп Ағыбай қайран қалған,  
Қуанышын бүге алмай жайраңдаған.  
“Белтірік пен Ағыбай тоғаны” боп  
аталсын! – деп аймаққа айқайлаған.

Қас дұшпаннан қорғады аймағын бай,  
Ағайынға құшағын жайған ұдай.  
Тоғаны Ағыбай мен Белтіріктің,  
Қос батырдың достығы айғағындай.

Адалдықты, достықты таныпты ерден,  
Жомарттығын, мәрттігін халық көреген.  
Ағыбай мен Белтірік нақты ісімен,  
Сара жолын ізгілік салып берген.

Ажырамай елінің ынтымағы,  
Айы туып оңынан, күн шығады.  
Қос батырдың тілегі қабыл болып,  
Ұл-қызы өсіп, туған жер құлпырады.

\* \* \*

Ағыбай бас батыры хан Кененің,  
Жорықта күш - қайратын, салды өнерін.  
Қызғыштай қорғай білді кең даласын,  
Кемедей қайырылып қалған елін.

Арбасқан емір, өлім қатал сынға,  
Бел шешіп түсті батыл жата алсын ба.  
– Ағыбай жолы болғыш бас батырым,  
Ақжолтай, – депті Кене, – аталсын да.

Жанары қыран құстай шашқан жалын,  
Жорықта көп сынады жастай бағын.  
Айырылып хан Кенедей серігінен,  
Өкініп тістей берген бас бармағын.

Батырдың қапаланар жөні барды.  
Тетелеп төске салған жолы қалды.  
Ұлтандай иеленер жер бұйырмай,  
Ақ патша, жандайшаптар бөліп алды.

Көрсетті қаһар тегіп күш қаттыға,  
Жауына тіршілікте ұстатты ма.  
Шұбырмалы Ағыбай атанса да,  
Көрді ғой шет қағу мен қыспақты да.

Кешегім сағымдай боп бұлдыр қағып,  
Туды ғой аңсап күткен күн бір жарық.  
Елтаңбам арайлана жарқырайды,  
Өнұран көкті керней күмбір қағып.

Теңіздей ашық аспан мөлдірейді,  
Болғанын ұзағынан ел тілейді.  
Ағыбай батыр кеше арман еткен,  
Тәуелсіз ел жалауы желбірейді.

\* \* \*

Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан,  
Дұшпанын алқымға алып, тақымдаған.  
Ерлігін арыстардың мәшһүр етіп,  
Абыздай жыр төгеді ақын Далам.

Кең Далам, батыр Далам нар тұлғалы,  
Тесіңде қылыш, найза жарқылдады.  
Кеудесін айқара ашып тыныстады,  
Атқанда тәуелсіздік алтын таңы.

Далам Ер қайратына еміренген,  
Кәпірлер айбатынан керіне енген.  
Елінде ауыз бірлік болмаған соң,  
Доңыздар емін-еркін төрінде ерген.

Тарихын-еткен жолын өшірмеді,  
Жылжыды тәуелсіз ел көші ілгері.  
Жұлдызы қайта туып қаһармандар,  
Ұрпаққа ұран болды есімдері.

Еліне ұлтарак боп төселер кім,  
Ерлігі ұмытылмас көшелі Ердің.  
Қашанда ардақ тұтар арыстарын,  
Ұланы ынтымақты өсер елдің.

Танытып бар әлемге қазақ атын,  
Ел басында Нұрсұлтан азаматым.  
Көкірегі ояу, көзі ашық өсті ұрпағың,  
Тарихтың жаңа бетін жаза алатын.

## ТЕМЕШ-ДӘМЕШ

***Қазақтың зиялы ұл-қыздары, ерлі-  
зайыпты Темірбек Жүргенов пен  
Дәмеш Ермековаға ескерткіш.***

\* \* \*

Дәмеш ана қазақтың зиялысы,  
Мінезі майда, жұмсақ, ұяң кісі.  
Бүгін неге денесі ауырлады,  
Шарықтайды аспанда қиял құсы.

Бүгінгі күн сыздайды жүрегі де,  
Риза өткен қиын бұл өмірге.  
Риза ақиқаттың жеңгеніне,  
Оралды Темірбегі - тірегі де.

Темешім, Темкең, абзал Темірбегім,  
Ақталып кеңіттің ғой кеңіл көгін.  
“Халық жауы” жары едім, тұқымы едім,  
Үстімнен жүк түскендей жеңілдедім.

Өмірден қалсаңдағы ерте кетіп,  
Салдырған суретің тұр көркем етіп.  
Сен мені “Асыл жарым Дәмеш” десең,  
Мен сені “Темеш” дедім еркелетіп.

Жарқырап аспанымда тұрса да күн,  
Ішінде жүргендеймін күл, шаланың.  
Өзіңдей ардақ жанды есіме алып,  
Әзиза <sup>1/</sup>, Мәриямға <sup>2/</sup> мұң шағамын.

<sup>1/</sup> Әзиза-Тұрар Рысқұловтың жұбайы.

<sup>2/</sup> Мәриям-Халық жазушысы Мәриям Хакімжанова.

Мұң шағамын олар да қосылады,  
Қос жанардан қос арна жосылады.  
Сары уайым салдырмай жігер қосар,  
Жау алмайды екен ғой досы барды.

Достарым көп өзімдей қайсар жандар,  
Мейірімі көл-көсір жайсаң жандар.  
Оралғанда “Алжирдан” құшақ жайып,  
Ағайыны келгендей қарсы алғандар,  
Қарсы алғандар, айғайлап жар салғандар.

Құр сұлдерім, тірі әруақ кейпіндемін,  
Алынады әйтеуір еркін демім.  
Сен жоқ кезде көңілді үрей билеп,  
Тозақтың да көрдім ғой өртің небір.

Біздің үйді жалыны өрт шарпығанда,  
Май құйды отқа жауыздар тартынар ма.  
Қарлығаштай сү сепкен қанатымен,  
Ризамын бауырмал халқыма да.

Қайғылы жыр, қайрайды жігерімді,  
Жүзіқаралар үйіме күле кірді.  
Кейінгі ұрпақ білсін деп ақ, қарасын,  
Біздей бейбақ өмірді сүре білді.

\* \* \*

Әлекем, Әлімханым<sup>2</sup>, жан ағатай,  
Шырылдап жетім қалдым балапандай.  
“Алаштың бір көсемі болып едің”,  
Үстіңе жағылды ғой қара талай.

Бел шешіп орындауға ел тілегін,  
Халқыңды самал болып желпіп едің.  
Ленинге жолығып қазағымның,  
Бүгінгі шекарасын белгіледің.

Жікшілдігін мәңгүрттер ұқтырды ғой,  
“Халық жауын” құртуға тік тұрды ғой.  
Махамбетті өлімге қиған қазақ,  
Абайды да сойылға жықтырды ғой.

Есірген бұралқы итке талатты да,  
Әлеке, жапты өзіңді абақтыға.  
Ешкімде жанаршылық танытпады,  
Кездегі түсінбеді қарап мұңға.

<sup>2</sup> *Әлімхан Ермеков-тұңғыш қазақтың профессоры, Қазақстанның қазіргі шекарасын белгілеуге В.И.Лениннің арнайы қабылдауында болған. Дәмеш апайдың туған ағасы. Алаш партиясының белді өкілі.*

Өзіңді іздеп көңілім бос жоқтапты,  
Сезіндім бірден ұрылған қос тоқпақты.  
“Халық жауы қатынын” беттен алып,  
“Халық жауы тұқымын” дос тоқтатты.

“Халық жауы” деген сөз жабысты да,  
Танытпады жақын мен алысты да.  
Ағайын мен туыстар жылыстаған,  
Көрінбейтін сияқты алыс құда.

Мұндай жайға несіне таңданайын,  
“Ұрпағы боп ағаның жалғанайын”.  
Деген мені қамады сегіз жылға,  
Ғайып бола жаздады арман-айым.

Жасырмады жауыздар жек көргенін,  
Бұлбұл ұшты көзімнен көктемдерім.  
Қорлық, зорлық көрсетіп мазақ етті:  
“Халық жауы осы ғой жеткен жерің”.

Тірі көру Әлеке, арман еді,  
Сенім ғана сүйреді алға мені.  
Жалғыз ғана біз емес еңіреді,  
Одағымның еркіндік алған елі.

Жапа шекті бұлбұл құс, арыстан да,  
Сүйем жақын дейді ғой, қарыстан да.  
Жұрт қуанды тозақтан аман келіп,  
Ағасы мен қарындас табысқанда.

Еске алып құдай барын, құран барын,  
Қайтадан жаңғырықты ұрандарың.  
Қара дәуір кебінін көрге тығып,  
Желтоқсанда шықты ғой ұландарың.

\* \* \*

Шықты олар ақиқатты жалау етіп,  
Жас жалын жүректерін алау етіп.  
Ақ сүттей арын таза жоғары ұстап,  
Еркін басып алаңнан барады өтіп.

Қандай жан, қандай қара жүрекпенен,  
Шықты әскер алдан солдат күрекпенен.  
Жастардың жоғалды да сенімдері,  
Ақталмады үміт пенен тілек деген.

Қайсар қайрат қайтпады алған беттен,  
Кешіп өтер қаймықпай жанғанда өрттен.  
Өрім жастар соққыға жығылса да,  
Кейбір қыршын “Ah!” ұрды арманда өткен.

Ақ, қарасын кім аңдап байыптапты,  
Тұңғиыққа сенімдей қайық батты.  
Сонау жылы “Алашты” әшкере еткен,  
“Ұлтшыл” деген, ұл-қызға айып тақты.

Осындай ма еркіндік орнағаны,  
Ұлтшылдық па өз арын қолдағаны.  
Жендет патша тағы да заманындай,  
Қорлық көріп ұрпағың сорлағаны.

Сенім деген жастарда серік мықты,  
Танытты ғой болаттай беріктікті.  
“Ұлтшыл” деген жамау сөз өшіріліп,  
Тек шындық, әділет жеңіп шықты.

Ұлды әке, қызды айырған анасынан,  
Қорқамын жеңдет сұмның қарасынан.  
Жаңа көктеп бүр жарған ұрпағымды,  
Нәубет-нәлет сақтасын жаласынан.

Кезін көрсем шіркін-ай шыңға шыққан,  
Тартсамда азап мен едім шын ғашық жан.  
Айналайын елімнен ұйып тұрған,  
Бір құдайым сақтасын ұр да жықтан.

\* \* \*

Өмірден қалсаңдағы ерте кетіп,  
Салдырған суретің түр көркем өтіп.  
Сен мені “Асыл жарым Дәмеш” десең,  
Мен сені “Темеш” деп ем еркелетіп.

Қолын созып жете алар жұлдызға кім,  
О сұм жалған бір бала туғызбадың.  
Желтоқсанда соққыдан аман қалған,  
Бүгін бәрі өзіңнің ұл-қыздарың.

Жан жараға шипагер табар да емің,  
Үмітімнің жұлдызын жағар көгім.  
Әлім келсе тастанды балалардың,  
Бірнешөуін әже боп бағар да едім.

Арман құсы алдыңнан тап болатын,  
Ары таза жандарға бақ қонатын.  
Тағдырымды қу заман тәлкек етсін,  
Өшірмедім ерімнің жаққан отын.

Шашу дәмге толтырып уыстарын,  
Жанарлардан көрдім мен нұр ұшқанын.  
Сен ақталған күні ертең ақ отауға,  
Келін етіп кіргізді туыстарың.

Ризамын халқыма, ағайынға,  
Жомарт жанға мен айып тағайын ба?  
Сен ақталған сол күнгі қуаныштан,  
Қорлығымның ұмыттым талайын да.

Қайта жанды үміт-от өшкенім де,  
Көтерілді жадырап төске күн де.  
Қара ниет құзғындар қараланып,  
Әділеттей ілестім көшке бірге.

Шаттық келсе үн-түнсіз жата алмаған,  
Ағайын көп, жандар жоқ қатал маған.  
Туған күнің тойланды, мүшел тойың,  
Көзің тірі кезіңде аталмаған.

Жас сәби құндақтаулы бесігінде,  
Ержетіп ашар білім есігін де.  
Өзің құрған өнердің ордасында,  
Берілді Темеш сенің есімің де.

Кең сарайда бейнең тұр тым керікті,  
Көрген ұлан ерекше түрге еніпті.  
Ақтап алып аяулы азаматын,  
Ардақ тұтты Темірбек Жүргеновты.

Күн кешіп ем әжуа, мазақпенен,  
Ұмытылды жан жара, азап деген,  
Сан боздағын жарыққа алып шыққан,  
Айналайын елімнен қазақ деген.

Заман жаңа ілесіп ағымына,  
Күрсініп түспейінші тағы мұңға.  
Кешегі “халық жауы” ұрпақтары,  
Өркен жайды, болмайды тарылуға.

Өркен жайды, сермейді құлашын да,  
Қайсарлығын еріксіз ұғасың да.  
Адал еңбек, маңдай тер арқасында,  
Бір асудан асады бір асуға.

Осылар ғой ел қамын ойлай білген,  
Әр нәрсеге зер салып бойлай білген.  
Сәл ұмытып зил-зала зардаптарын,  
Еңбегінің жемісін тойлай білген.

Құбылысын дәуірдің бағдарлаған,  
Қайғы кешіп, қайғырар қалған заман.  
Нұрлы күнді көзімен көрмей кеткен,  
Арманы ғой ата-ана жалғанбаған.

Қоқан-лоқы қорлықты көрдік кеше,  
Жан кеудеде, әлсіреп өлдік неше.

Ақталған “халық жауы” халықты ойлап,  
Халқы үшін еңбек етті дем біткенше.

Соның бірі бауырым-Мүсілімім<sup>1/</sup>,  
Бағалаймын ақылын, түсінігін.  
Халық қамын әріден ойлай білген,  
Тыңғылықты атқарған ісі мығым.

Парасатты, кішпейіл жан болатын,  
Алаулатты кеудеде жанған отын.  
“Иманжүсіп” әніне салған кезде,  
Жұрт сүйсініп үніне таңданатын.

Ұйығандай қаны да жүректегі,  
Денесі де бір сәтке дір еткені.  
Орнынан көтерілер дәрмені жоқ,  
Ауыр тартып барады сүйектері.

Оянып кеудедегі сезім нұрылы,  
Үзгені тозған жүйке, – төзім қылды.  
Шақырып жұмақтағы періштелер,  
Дем бітіп Дәмеш ана көзін жұмды.

Көзін жұмды, бітті өмір баспалдағы,  
Күн күркіреп, жарқ етті аспандағы.  
Қозы менен Баяндай арманда өткен,  
“Темеш-Дәмеш” деген жыр-дастан қалды.

Жыр ырғағын самал жел ала қашқан,  
Бұлт сейіліп жадырап барады аспан.  
“Темеш-Дәмеш” ерлік ән, ақ махаббат,  
Айтылады жаңа күй, жаңа дастан.

## ТАБЫНУ

### 1.

Тұрсекеңдер шертетін,  
Сәкен жайлы әңгіме.  
Жұрт еріксіз елтетін,  
Қалды өсімде мәңгіге.

– Мәскеу бардым қай жылы,  
Іздеп Галя аруды.  
Жазушы бұл әйгілі,  
Серебрякова кәдімгі.

---

<sup>1/</sup> Мүсілім Ермеков – Дәмеш апайдың туған інісі.  
Ғылым докторы, профессор, Қазақстан Ғылым  
академиясының мүше-корреспонденті.



Досы болған қазақтың,  
Сәкеннің де досы еді.  
Жолын кешіп азаптың,  
Босанғаны осы еді.

Келгенімде үйіне,  
Жайлап маған қараған.  
Дімкәс тартқан күйі де,  
Қабылдауға жараған.

– Қазақпын де арнайы,  
Келген қазақ елінен.  
Мынау менің жағдайым,  
Жұртқа қалай көрінем.

Сондықтан да үйдемін,  
Сыртқа да аз шығамын,  
Сәкеніңді білемін,  
Кімсің өзің шырағым?

Бүкіл қазақ даласын,  
Көшіріп сен келгендей.  
Болдым Сәкен данасын,  
Бүгін қайта көргендей.

Қазақтың кең даласын,  
Араладым жиырма жыл.  
Түрмеде жан жарасын,  
Ушықтырып қиналдым.

Кескін, көркің келеді,  
Аумайсың ғой Сәкеннен.  
Әңгімеңді өр енді,  
Нең бар айтар, әкелген.

– Сәкен жайлы тың дерек,  
Жинап жүрген ғалыммын.  
Сіз айтатын сыр бөлек,  
Тыңдауға мен дайынмын.

– А, солай ма, ендеше,  
Тыңда Сәкен інісі.  
Түрмеде адам өлмесе,  
Алға басар бір ісі.

Қанша уақыт батпандай,  
Ауырлықты көтердім.  
Сырды кетсем ақтармай,  
Өкінішпен өтермін.

\* \* \*

– Мәскеуде өтті қазақтың,  
Онкүндігі – жыр-әні.

Күләш – бұлбұл ғажап үн,  
Құлағымда тұр әлі.

Көрген соң “Қыз жібекті”,  
Сәкенді үйге шақырдым.  
Қабыл алып тілекті,  
– Барам, – деді ақырын.

Сәбит бірге қасында,  
Келді үйге нұр шашып.  
Жас баланың басындай,  
Алмасы бар бір жәшік.

Көрген кезде алманы,  
Көршілер бас шайқады.  
Таң-тамаша қалғаны,  
Жылы лебіз айтады.

Қалжыңдайды тағы да,  
Құрбы-құрдас жақыным:  
– Сепкенсің бе бағыңа,  
Француздың әтірін!

Саяжайда Сәкенмен,  
Алғаш, соңғы таныстық.  
Көрмеді ол да бөтен мен,  
Кетерде қол алыстық...

Тұла бойы нұр, жалын,  
Толықтырған бір-бірін.  
Кетер кезде сыйладым,  
Қобдишасын үндінің.

Көрдім алғаш асылды,  
Соңғы және көргенім.  
Кейінгі кез басылды,  
Су сепкендей өр кеңіл.

Қалды бір сәт түйіліп,  
Бұлт басқандай кеудені.  
Күші бойға жиылып,  
Сонсоң қатқыл сөйледі:

– Құдая, тәубә, жалбарын,  
Сену керек тәңірге!  
Түнек болса жан-жағың,  
Тәрік етесің бәрін де.

Мен Сәкенді жиырма жыл,  
Қарғауменен келдім тек,  
Кеттім қаңғып қиырға бір,  
Жан азабын көрдім көп.

Бұған Сәкен кінәлі,  
Кездескен күн қаралы.  
Маған артып кінәні,  
Үйіп-төккен жаланы.

– Сәкен қандай жақының? -  
Тергеушілер төнеді.  
– Шындықты айт, ақылдым,  
Сырды ашқаның жөн еді!

Өктем шығар қаһарлы үн,  
Жан түршігіп қалады.  
– Шпионы Жапонның,  
Сәкен тыңшы адамы.

Алдауратып өзіңді,  
Түсірген ол торына.  
Айт, ақиқат сөзіңді,  
Жаз, қалам ап қолыңа!

Өкінішпен өтерсің,  
Айтпасаң бар сырыңды.  
Сен тыңшысы екенсің,  
Жапондардың бұрынғы.

Ақиқатты осылай,  
Сәкен жазып қалдырған.  
Қалсаң бұған қосылмай,  
Түрме шығар алдыңнан!

– Мең ештеңе білмеймін,  
Шпион да болмадым! -  
Сәкенді іштей тілдеймін,  
Түсірген сол торға бұл.

– Таса ғой жұрт көзінен,  
Саяжайда сырластың.  
Кездескенің езімен,  
Бұл қамы емес бір бастың! -

Дейді маған тесіле,  
Тергеуші жан алатын.  
Сәкенді сап өсіме,  
Жаласы әзір жабатын.

Туыс санап өзіңді,  
Аяр сені жан қайда!  
Тауыстым да төзімді,  
Кете бардым айдауда.

Жиырма жылым қаралы,  
Сәкенді мен қарғадым.  
Жарымжанмын жаралы,  
Тұмшаланды арманым!

Содан, содан бір күні,  
Саясатта жел тұрды.  
Қаралы күн түндігі,  
Сәл ашылып желпінді.

Жаздым хатта бүкпестен,  
Өзіммен не болғанын.  
Шығармастан түкте естен,  
Жоғарыға жолдадым.

Жиырма жыл қаңғырдым,  
Жала тырнақ батырды.  
Содан мені Жамбылдың,  
Обкомына шақырды.

Әлі есімде хатшысы,  
Шолақ Артығалиев.  
Көрмей мені жат кісі,  
– Жолдас, – деп сәл жымып.

– Тұтқыны боп даланың,  
Жаны ауырған жаладан.  
Серебрякова Галяның,  
Келесі іс қаралар, –

Деді жылы сезіммен,  
Таныс жандай езіммен.  
Жас ытқыды көзімнен,  
“Жолдас” деген сөзінен.


– Сәкен күә болды деп,  
Айыптаған Галяны.  
Дүрліктірмей елді көп,  
Ақиқатты жаямын.

“Жұмыларда жанарым,  
Қайталаймын тағы да.  
Мен жазушы Галяның,  
Дақ салмаймын арына!”

Деген сөзі Сәкеннің,  
Ескерілмей қалыпты.  
Құжат бірге әкелдім,  
Сендіруге халықты.

Теңселіп сең соққандай,  
Есеңгіреп қалыппын.  
Жатыр бір сәт тоқталмай,  
Құттықтауы халықтың.

Бұл қолынан келеді,  
Батыр өжет адамның,  
Сәкен ағаң ер еді,  
Қыраны ғой даланың!



Осыны айтып тоқтады,  
Жанарынан нұр ұшты.  
Оқиғаны соттағы,  
Дәл айтуға тырысты.

Қалды шаршап, енгігіп,  
Сәл тыныстап алғаны.  
Содан кейін желпініп,  
Әңгімені жалғады.

\* \* \*

– Сот деген бұл-қыл көпір,  
Аман өту қиын-ақ.  
Біздер оған жын-топыр,  
Басыңды алар қиып ап.

Соңғы сөз сот алдында,  
Тазаруы арыңның.  
Ақталмайсың, ал мұнда,  
Күйер жері жаныңның.

Лапылдаған отына,  
Қақталасың тозақтың.  
Соңғы сөзін сотында,  
Сәкені айтты қазақтың.

“Таусылып тұр амалым,  
Жұртты неге алдаймын.  
Орыс қызы Галяның,  
Арына дақ салмаймын.

Ол жазушы нәзік жан,  
Жапа шекті қанша жыл.  
Шығармасын жазылған,  
Білгені жөн баршаның.

Илеп құжат жасанды,  
Қол қойғызды зорлықпен.  
Қапаланам қашанғы,  
Өлген артық ерлікпен.

Галяға жан жетер ме,  
Ол – шуақты арай күн.  
Бұл дүниеден өтерде,  
Адалдықты қалаймын.

Жұмыларда жанарым,  
Қайталаймын тағы да.  
Мен жазушы Галяның,  
Дақ салмаймын арына!”

Айттым қанша лағынет,  
Қанша тектім көз жасын.

Көшіре гер жамағат,  
Жаның неге тозбасын!

Тозды жаным, қиналам,  
Жүйке де тым жұқарды.  
Қазынамды жинаған,  
Қызыл-жауыз – жұт алды.

Бірақ бәрін жоймады,  
Жаны таза ақталды.  
Тұртпектеуін қоймады,  
Халық жауы-жат жанды.

Ей, інісі Сәкеннің,  
Жүрегіңе жазып ал.  
Мен бір қызы жат елдің,  
Бұл сыр таппас қазынаң.

Жат дейтінім біздерді,  
Біріктірді сөзбенен.  
Жойып өткен іздерді,  
Жетті арманға кездеген.

Революция жолында,  
Қыршын көтті қанша адам.  
Азаттық ап қолына,  
Сәкенің де шаршаған.

Жазсам Маркс жайлы мен,  
Сәкен қызыл сұңқарды.  
Өмір өтті қайғымен,  
Тек қаралы ән шырқалды.

Қайтсем өмір сүремін,  
Тұрды естіліп қаралы үн.  
Мұқалмады жігерім,  
Кердім тағдыр таланын,

Қайта өмірге әкелдің,  
Қанша ғұмыр жетер күн.  
Рухына Сәкеннің,  
Табынумен өтермін.

\* \* \*

Басыңды идің құдайдай,  
Қызылдарға дақ салмай.  
Болды бәрі құр айқай,  
Қалды сенім ақталмай.

Шектің жапа азапты,  
Жарық күнің тұтылды.  
Көрдің қорлық, мазақты,  
Қуғыннан кім құтылды?

Құтылсаң да жол тауып,  
Вагонынан азаптың.  
Қызыл жасап қорқаулық,  
Қамады ұлын қазақтың.

Қамап қана қоймады,  
Қиды өлімге ақыры.  
Ал, сенімін жоймады,  
Революция батыры!

Ақталды сол сенімі,  
Тәуелсіз ел шат қандай!  
Сәкенімдей өр ұлы,  
Бірге келе жатқандай!

### ҚАЙДАУЫЛ ШЕРУКЕ

#### 1.

Қос бетін тосып аяз ызғарына,  
Қарамай қыстың боран, мұз, қарына.  
Жүрісі суыт, жігіт келе жатыр,  
Серттескен уәделі қызды ауылға.

Өзгеріп кеткендей-ақ өңір мүлде,  
Келеді көтеріңкі көңілі де.  
Жетуге Шерукеге асығады,  
Өзімен айнымайтын сенім бірге.

Аяғын нық тастайтын батыл алға,  
Сенеді астындағы атына да.  
“Тез жетші!” – деп үн қатып ғашық жары,  
Сыбырлап жібек желдей шақыра ма?

Сезімнің пернесін дәл басып тұрған,  
Сол еді, Ақжолтайды ғашық қылған,  
Сол еді, сүйген қызы жалғандағы,  
Тауысып тағатын да асықтырған.

Серттескен түсіп еске келіскені,  
Тebінді. Аттың ширақ желістері.  
Шеруке көз алдына тұра қалды,  
Ойлары оралды да өрістегі.

Шеруке жүзі қардай, мойыл көзді,  
Кергенде ынтық сезім бойын кезді.  
Ең алғаш ауылында танысқанда,  
Арудың жақын тартар ойын сезді.

Қашанда құтылмайды қашқан оқтан,  
Кеудеде тұтанды үміт шашқан оттан.

Денесі шымырлайды, жүрек тулап,  
Түсінді бірін-бірі қас-қабақтан.

Жүзетін қос аққудай айдындағы,  
Мұңайып бірге болса қайғырмады.  
Айтты ойын Ақжолтайды күпті қылмай,  
Көңілдің дастарханын жайды-дағы.

– Болуын тілеуші едім жолдың нұрлы,  
Кезімде біздің елге келдің мұңлы.  
Айттырған жігітіме көңіл толмай,  
Тапқанға бақытымен тең құрбымды.

Жүретін кешегі күн емін-еркін,  
Басатын кеудеде арман желік отын.  
Сол сезім мұз қатқандай салқын тартты,  
Бүгінде қосылады теңіне кім? ...

Таусылып бойжеткеннің басқа амалы,  
Тынды үнсіз.

Сөзді жалғап бастамады.  
Қызарып екі беті дуылдайды,  
Қос жанар жасқа толып тостағаны.

Жүрсе ойын шығара алмай жүдеп тегі,  
Ақжолтай оқ тигендей дір еткені.  
Не десін қапелімде, жинақталып,  
Ақыры сөзін айтты жүректегі.

– Өзіңсің ұнатқаным, қалағаным,  
Жігітпін мәрттікке мен бара аламын.  
Сәулесі сияқтанып бақытымның,  
Ішінен шоқ жұлдыздың дараладым.

Жұлдызы арманымның болғанда сен,  
Күрессіз ынжықтық қой қолдан берсем.  
Жол табар жеңгелерің,  
нағашы жұрт  
Қол ұшын бермес, қалқан, қорған көрсем.

Десе де ержетті ғой жас баланы,  
Ата-анам жоқ табатын басқа амалы.  
Кедейлік қолын матап байлап отыр,  
Әкең мен құдалар бай жасқанады.

Мұңайып түңілеміз несіне құр,  
Өте ме өкінішпен есіл емір.  
Екеуіміз сөз байласып тиянақты,  
Мынандай келейікші шешімге бір.

Келін боп түссеңде елге барып бөтен,  
Өмірің қайғырумен табытта өтер.  
Құда жақ алдағы жыл жеткенінше,  
Қыс түсе алдын орап алып кетем.



Қайғыны қуанышпен бөлісуге,  
Тағы да сау-саламат көрісуге.  
Ақжолтай Шерукемен серттесті де,  
Бекініп келді ортақ келісімге.

Ақжолтай айтқан сөзге бекем еді,  
Арманы алға еріксіз жетеледі.  
Қосылған ғашығымен кез елестеп,  
Сенімнің кеудесінде оты өреді.

Сол кезде күш біткендей бойына тың,  
Бар күдік сейілетін, жойылатын.  
Серттескен күні бүгін екеуінің,  
Келеді жеңіп күпті ойын ақыл.

Етпейді еш кедергі қамал - қауіп,  
Жеткізер жеңгелері хабарды анық.  
Келіп тек үй сыртынан белгі берсе,  
Шеруке жолға шығар амал тауып.

Асқақтап асыл арман, көңіл демде,  
Қиялға тәтті бір сәт берілгенде.  
Жаратып алыс жолға мініп шыққан,  
Аты да желе жортты тебінгенде.

Сияқты іздегенін, сыйын тапқан,  
Ақ қарды іңіргі кез құйындатқан.  
Осы сәт қамшы үйіріп Ақжолтайға,  
Қос атты шыға келді бүйір жақтан.

Бекінді тас түйін боп бұып кекті,  
Іш мұздап, қари түсті суық бетті.  
Артынан қуғыншылар қиқу салып,  
ұояндай қырқа жаққа қуып кетті.

Тындырмай ойға алғанын орныққан ба,  
Жауынан құтылады жолды ұтқанда.  
Күмп беріп омбы қарға малшынғаны,  
Жартастан арғымағын орғытқанда.

Көрсетпей қуғыншыға қарасын да,  
Ақжолтай екі шатқал арасында.  
Шеруке өзіңді аңсап күтіп отыр,  
Шығатын жолды таппай қаласың ба?

Орнынан он жығылып, он тұрады,  
Жаяулап омбы қарды омбылады.  
Су болған үсті-басы қырауланып,  
Денесі мұздап, балғын тоңды жаны.

Шөлдейді есеңгіреп су сұрайды,  
Есіне ап Шерукені тыншымайды.  
Шама жоқ қозғалуға, дене мұздап,  
Сынған ба, оң аяғы сырқырайды.

Шақ қалып таусылуға түр шыдамы,  
Барады жанын буып сыңсу әні:  
“Қай-да а-у-ыл, Ше-ру-ке, қай-да-а-а?”-деген,  
Болымсыз талықсыған үн шығады.

||

Келер деп қуанышқа толы хабар,  
Шеруке алабұран көңілі алаң.  
Белгісін берер қашан Ақжолтайы,  
Жүректің түкпірінен орын алар.

Неліктен кешікті екен бала бүркіт,  
Қадайды терезеге жанарын тік.  
Әйнекті ұрғылайды ұлып боран,  
Еліктей елегізіп қалады үркіп.

Ертоқым шөп қорада,  
аты дайын,

Хабар жоқ.

Жанына отыр батып уайым.

Жеңгесі іштей сезіп үн қатады:

– Ақжолтай келді ма екен бақылайын.

Кешікті кеткен жеңге сыртқа шығып,  
Қалғаны көңілі де күрт басылып.  
Артынша жақсылыққа жорыды да,  
Шеруке бір хабарды күтті асығып.

Жеңгесі, мұңдасы да, сырласы да,  
Жақыны, ағайыны, тумасы да.  
Бірақта неге сонша кешігеді,  
Созылды осы аралық бір ғасырға.

Жақсы ойын жанға дауа, үміт көріп,  
Шеруке отыр бірақ күдіктеніп.  
Есікті айқара ашып қатуланған,  
Кіргені қос ағасы суыт келіп.

Жеңге мен көрсете алмай қыз өптілік,  
Жүрекке қойды ызғар, мұз өпіріп.  
– Шеруке, отырмысың, отыра бер! –  
Деп кетті жігіттерге күзеттіріп.

“Бақытқа жетем” – деген мол арманы,  
Лезде бұлттай ұшып жоғалғаны.  
“Ақжолтай аман ба екен?” – дейді ақырын,  
Сол еді жеңгесінің оралғаны.

– Тартса да асқақтатып үміт алға,  
Түседі аңғалдықтан жігіт орға.  
Құда жақ адамдары торып жүрген,  
Қуыпты Ақжолтайды біліп жолда.

Құда емес қара түнек, дүлей келген,  
Қос ағаң хабарды естіп үрейленген.  
Ешқайда шығармайды енді бізді! –  
Деді де Шерукені сүйей берген.

### III

Таң атты.

Ауыл болып күңіренді,  
Қарыды суыт хабар дүйім елді.  
“Ақжолтай өліпті!” – деп бір есерсоқ,  
Отырған Шерукенің үйіне енді.

Дүмбілез осылайша танытты істі.  
Сенгендей болды үміт-жарық күшті.  
Тұрды ғой шыбын жаны қыл үстінде,  
Шеруке есеңгіреп талып түсті.

Үрейлі құбыжықтай түсіне енген,  
Ажалға кімнің сірә, күші келген.  
Ауылға бір жылқышы жеткізіпті,  
Денесін Ақжолтайдың үсіп өлген.

Жанға жара, жүрекке қадалар мұң,  
Ол кезде өз бақытын таба алар кім?  
Жете алмай Шерукеге кетті арманда,  
Ұстады көрген адам жағаларын.

Қаһарлы ұлып боран тепсінеді,  
Шың жылап, асау өзен өксігені.  
Жүрегін қақ айырған екі жастың,  
Сұм тағдыр неткен қатал кекшіл еді.

Ғашығын қарсы алатын тосып алдан,  
Көрінді елес болып есіл арман.  
Шеруке шашын жұлып, бетін жырты,  
Есіріп, дерті күшті есі ауған.

Құшақтап қос дізесін емінеді,  
Ал бірде асау аттай тебінеді.  
Айқай сап, бір сәт күліп:  
“Кел, кел!” – дейді,  
Қарайған Ақжолтай боп көрінеді,

Керсетпей жолаушының жолын орап,  
Ақ түтек тына қалды долы боран.  
“Байғұстың есі ауды ғой шер, күйіктен!”  
Дейді жеңге үрейлі болып алаң.

Қашанда ғашықтықтың өрті күшті,  
Қайғысын, зәмзәм емес, дертін ішті.  
Қозы Көрпеш-Баяндай қосыла алмай,  
Қос боздақ қыршын кетті.  
Өкінішті!



Жаңа сурет,  
тың ырғақ,  
Жаңа образ,  
тың бейне.  
Тұла бойың шымырлап,  
Қан тамырда билей ме?!

Көрініс бір жаңаша,  
Елестер көз алдыңа.  
Мәз боласың балаша,  
Жан ләззат алды ма?!

Әуезді әсем ән келді,  
Арбап өзі алғандай  
Тіршілікке сән берді,  
Көктен маржан жауғандай.

Саумал саумал ескендей,  
Сезімдерді желпіді.  
Ғажап ғұмыр кешкендей,  
Жұрттың бәрі елтіді.

Ақша бұлттай қалықтап,  
Жүзді көңіл көгінде.  
Шағаладай шарықтап,  
Жаңа ән келді өмірге.

Кеуделерге гүл екті.  
Шырқады үлкен, кіші де,  
Баурап алып жүректі,  
Тез тарады ел ішіне.

Ұнататын жыр – әнді,  
Халық шексіз қуанған.  
Жаңа туған бұл әнді,  
Жанат еді шығарған.

Аударған бар ынтасын,  
Гүлбанудай құрбысы.  
Шырқасын жұрт, шырқасын,  
Аспанда ұшып жыр құсы.

Бірден құлай жығылған,  
Жас бойжеткен сүйкімді.  
Ғашық дертке ұрынған,  
Буды сезім бір түрлі.

Буды жанын сыйқырлап,  
Тіл байланып қалғандай.  
Іштей сырлы күй тыңдап,  
Бұлбұл баққа барғандай.

Бір ән тілеп бұлбұлы,  
Сайрағасы келгендей.  
Балбұл жайнап нұр жүзі,  
Арман – ару төнгендей.

Қарақат көз сыр тұнған,  
Қыпша белді, талдырмаш.  
Қызғалдақтай құлпырған,  
Уыз дене,  
Балғын жас.

Киген жібек көйлегі,  
Ұқсайды әппақ мамыққа.  
Бүрмелі ою – өрнегі,  
Шабыт қосар шабытқа.

Таудан құлап төменге,  
Қос өзендей төгілген,  
Бойына сән берер ме,  
Қос бұрымы өрілген.

Көргенде бар,  
Көрмеген,  
Хор қызынан аумайды.  
Жанға маза бермеген.  
Еліктіріп баұрайды.

Тұла бойын балқытқан,  
Сыйқырлы әуен буады.  
Жансарайын шалқытқан,  
Ғашық әнін шығарды.

Ұйқы көрмей күн-түні  
Атыратын ақ таңды.  
Гүлбануға бір күні,  
Жүрек сырын ақтарды.

Екі жарты, бір бүтін,  
Арасына дәнекер.  
Куә болған нұрлы түн,  
Оған себеп ән екен.

Ән әлдилеп тербеген,  
Қосып ғашық жастарды.  
Сағымданып келбеген,  
Өмірге жол басталды.

||

Жұртты өзіне қаратты,  
Қонды бақыт жас жанға.  
Мақтау сөздер Жанатты,  
Көтергені аспанға.

Айналды аңыз адамға,  
Ғашық әнге бәрі ынтық.

Тұтанып от жанарда,  
Қойды аңсатып, сағынтып.

Халықта тек бір арман,  
Үзбейді алтын үмітті.  
Әуезді әнді шығарған,  
Керуге ынтық жігітті.

Шашы бұйра,  
От көзді,  
Орташа бой беріпті.  
Білмейді өзі көп сөзді,  
Бидай енді, көрікті.

Жиын, тойда қошемет,  
Көрсетеді бәрі де.  
Махаббатын еселеп,  
Құйып жатыр әніне.

Талант үшін тостар да,  
Көтерілді қаншама.  
Тап болады достарға,  
Қай думанға барса да.

Қолпаштайтын жел сөзге,  
Бойы үйрене бастады.  
Бірте-бірте елге езге,  
Мінез қырын ашқаны.

Алғашқы кез қысылып,  
Бұйығылау тұратын.  
Жұртқа бермей күш,  
ырық,  
Болды айғалап шығатын.

Ой тарыша шашырап,  
Тілі сөзге күрмеліп.  
Бұрынғыдан масырақ.  
Жиын, тойға жүр келіп.

Өзі сүйіп қосылған,  
Гүлбануға көнбеді.  
Билеп бір күш тосыннан,  
Жетелей ме өрге оны?

Сол қара күш итеріп,  
Құлата ма апанға?  
Бұл мінезін жұрт көріп,  
Қоспай қойды қатарға.

Ел қатарға алмады,  
Тума талант дарынды.  
Айдай жалғыз қалғаны,  
Қылығына жар мұңлы.





Құбылтпайтын түр-кейпін,  
Ұстамдылық сыйлы етті.

Су жиылса лақ етіп,  
Шолақ сай тез тасиды.  
Мінезді оғаш жат етіп,  
Көрсетпейтін ашуды.

Сүймейтінді мақтауды,  
Жан – тәнімен қарсы еді.  
Құрмет келді,  
бақ қонды,  
Қарапайым әнші еді.

Өлі де бір қалпынан,  
Өзгермеген бүгін де.  
Асып-тасып шалқыған,  
Күлкі болар түбінде.

Міне, мына немере,  
Құлауға орға жақын-ды.  
Айтқан сөзге көне ме,  
Алар ма екен ақылды?

Осы оймынен атасы,  
Оятқаны Жанатты.  
Беретін бар батасы,  
Немереге талапты.

– Қалай, ата, таңменен,  
Келіп қалдың қалаға?  
Қашып кетті ән менен,  
Ұстатпады балаңа.

Түсіргені жанымды,  
Босқа әуре-сарсаңға.  
Таба алмадым әнімді,  
Қиял-баққа барсам да.

Өкініш бар езінде,  
Тірелгендей тұйыққа.  
Суып кеткен сезім де,  
Жылымай ма жуықта?

Гүлбану да телміре,  
Атасына қарады.  
Босқа ауылдан келді ме,  
Бар ғой берер жауабы.

Атасы алып қасына,  
Келіні мен баласын.  
Тіл қатпады ашына,  
Тырнамады жарасын.



Сонау ерте заманда,  
Бір жолаушы жол жүріп,  
Қалған жалғыз далада,  
Аты да әбден болдырып.

Азық пен су бітіпті,  
Жалғыз үйге кезіккен.  
Жолаушыны күтіпті,  
Жесір әйел сезікпен.

Ал, қонуға келегенде,  
Еш рұқсат етпеген.  
Келіншекті көргенде,  
Жолаушы да кетпеген.

– Қайда өзім барамын,  
Лаға беріп бетіммен.  
Тынығып дем аламын,  
Қондыршы! – деп өтінген.

Жолаушыдан именіп,  
Әйел де жоқ тартынған.  
Депті:  
– Бір ой түр келіп,  
Қоятын үш шартым бар:

Түнде қойып алаңды,  
Қасыма кел өзімнің.  
Өлтір барып баламды,  
Қарасындай көзімнің.

Не жүзімнен істелген,  
Іш бір құты шарапты! –  
Әйел сұсты түспенен,  
Жолаушыға қарапты.

Ойландырып тастады,  
Шарты қиын берілген.  
Іздестіре бастады,  
Бар ма шығар жеңіл жол?

“Барсам түнде әйелге,  
Мол күнәға батамын.  
Бала өлтірсем егер де,  
Шығар жауыз атағым.

Маған риза болады,  
Басқа жолды таппадым.  
Дұрыс, – депті қонағы, –  
Шарап ішіп жатқаным.”

Шарап ішіп әуелі,  
Көңілденіп желпінген.

Әурелеген әйелді,  
Баласын да өлтірген.

Шарапқа бой алдырып,  
Не істемейді мас адам.  
Ұятқа өзін қалдырып,  
Әбес қылық жасаған.

Ақылға сап тұсауды,  
Шарап жыңды қылар көп.  
Келтірдім бұл мысалды,  
Осыдан-ақ ұғар! – деп.

Шарапқа,  
бос жүріске,  
Тым үйір боп барасың.  
Мейлі дұрыс,  
бұрыс те,  
Сен немерем – баламсың.

Болмасын еш таласың,  
Сыйлайсың ба атаңды.  
Ендеше тіл аласың,  
Былай берем батамды:

“Қонған бақыт басыңа,  
Бірден ұшып кетпесін.  
Таба болма қасыңа,  
Өнер-гүлің кектесін.

Қолтығыңнан демейтін,  
Серік болсын келінім.  
Жақсы әндерің көбейсін,  
Жырға толып өмірің.

Ағаштай бір мәуелі,  
Жемісіңді көрейін.  
Әуезді әндер әуені,  
Желпіндіріп халықтың,  
Бүлкілдетсін көмейін.

Мен де жұртпен қуанып,  
Ән, тойына келейін.  
Қызығыңа куә боп,  
Тамашалап өлейін! -

Айтқан сөзі атаның,  
Немереге ауыр ма?  
Себі тиер батаның,  
Жолды адасқан табуға...



Әнмен тербеп халықты,  
Қанша әнші алмасты.  
Бойда қозғап шабытты,  
Жүректермен жалғасты.

Жаңа әнін Жанаттың,  
Естімеген жұрт әлі.  
Бір жас әнші талапты,  
Тамылжыта шырқады.

Көлдей мөлдір тұңғиық,  
Бір кездері жоғалған.  
Жүректерге нұр құйып  
Талант отыр оралған.

Шалқар шаттық шалқыған,  
Жұрт көңілі – орынды.  
Концерт бітті,  
Артынан  
Ду шапалақ соғылды.

Залдан бәрі кептердей,  
Көтеріліп кеткендей,  
Жүрген шабыт көп келмей,  
Ынтықтырып жеткендей.

Осы болар сый деген,  
Осы болар қошамет.  
Өнерді шын сүйген ел,  
Қол соғады еселеп.

Ғайып болған дарынмен,  
Халық қайта жолықты.  
Жанат таза жанымен,  
Ел құрметін мол ұқты.

Жаңа келген өмірге,  
Нәрестедей жарқ етіп,  
Отыр өнер төрінде,  
Жұртты өзіне тәнті етіп.

## **ДАЛА МАДОННАСЫ**

I

Адам мен ауыр жүк артқан,  
Отарба шертіп бір күйді.  
Қырлардан асып мұнартқан,  
Жылжиды баяу, жылжиды.

Атасы менен Әли де,  
Жол шеккен алыс сапарға

Белгілі жерге әрине,  
Жеткізіп тастар отырба.

Баратын жағы қай бағыт,  
Кімдер тұр күтіп бұларды?  
Аңғара алмай жайды анық,  
Қоюға батпай сұрауды.

Әли де отыр мұң басқан,  
Түртпектей бермей атаны.  
Түнеріп көкте тұрды аспан,  
Жанына сол жай батады.

Тесіле тағы қарады,  
Атаның аппақ сақалы.  
Кіртиіп кеткен жанары,  
Үстінде шоқпыт шапаны.

Вагонда тым көп адамдар,  
Орын жоқ ине шанышар,  
Әлидей балғын балалар,  
Бауырға кіріп жабысар.

Көрініс сұрғылт, сұр дала,  
Баяғы митің қозғалыс.  
Барар жер жұмбақ сыр ғана,  
Білмеді Әли жолды алыс.

Бір жерге келіп пыш-пыштап,  
Отарба үнсіз тоқтады.  
Шуылдап халық тұс-тұстан,  
Есіктен сыртқа шыққаны.

Атаның қолда құманы,  
Халықпен кетті ілесіп,  
Ал, Әли қалай шығады,  
Алдында үнсіз тұр есік.

Түсе алмай сыртқа балалар,  
Жаутандап көзі тұр кебі,  
Күш алып бойға жаңадан,  
Отарба жайлап жүргені.

Вагонға халық төнеді,  
Мініп те жатыр таласып.  
Қалбақтап қуып келеді,  
Кейбірі кеткен жар асып.

Атасы сол топ соңында,  
Отарба басты арынға.  
Қалғаны дала жонында,  
Айналып мәңгі сағымға.

Атаңды іздеп айқайла,  
Үн қатпас Әли жартас та...  
Есігін ашты айқара,  
Балалар үйі Балқашта.

II

Балалар үйі – тым жарық,  
Балалар үйі – көңілді.  
Кеудеңе сыйқыр нұр жағып,  
Әкелді жаңа өмірді.

Осында ортақ ата-анаң,  
Осында ортақ достарың.  
Балалар қалмай қатардан,  
Тапты ғой көңіл қоштарын.

Солардың бірі жас Әли,  
Мұнтаздай өзі киінген.  
Қасында қалмай тасада үй,  
Тұрмысқа жаңа сүйінген.

Сабағын жақсы оқиды,  
Мұғалім сөзін өкі етпей.  
Көңілге бәрін тоқиды,  
Арманы кетті жетектей.

Сол арман өзін тәнті еткен,  
Бар ынта ауған суретке.  
Салынған шимай әр дәптер,  
Кетпеді уақыт құр текке.

Құмарта қарап достары,  
Мұғалім қақты арқадан.  
Іске асып арман – жоспары,  
Ұмытты кезін шаршаған.

– Талпыну жолы бір басқа,  
Алатын талай белес бар.  
Ешқайда мойын бұрмастан,  
Үйрену керек, соны еске ал!

Толқытып жүрек тербетіп,  
Сұлулық сырын әкелер.  
Құлпырып кетер өрнектік,  
Тор көзді әппақ дәптерлер.

Қыл қалам сиқыр күшімен,  
Бояулар өрнек салады.  
Өнерді жанмен түсінген,  
Бойына нәрді табады.

Ол үшін Ленин қаласы,  
Толқынды Нева жағасы.



Өнерге бейім санасы,  
Оқыды бар ұлт баласы.

Еш жаққа ойды бұрғызбай,  
Сұлулық ашсын есігін.  
Жарқырап бақыт жұлдыздай,  
Естілер әлі-ақ есімің.

Ат басын солай бұр! – деді,  
Ақылы берген ұстаздың.  
– Өнердің сиқыр дүрмегі,  
Сені де торлап ұстасын!

### III

Аттестат алып қоштасқан,  
Әлі есте сол кеш мектеппен,  
Өнермен келіп достасқан,  
Қиялы жанын тербеткен.

Жастар кеп мұнда езіндей,  
Өнерді сүйіп қалаған.  
Алалық, бөлу сезілмей,  
Келіпті қыр мен даладан.

Ұстазды бәрі ұната,  
Білімге терең бойлаған.  
Баласындай-ақ бір ата,  
Оқуды оқып, ойнаған.

Әли де жастар ішінде,  
Арманы асқақ жоғары.  
Ауылды көрсе түсінде,  
Шолады күндіз Неваны.

Бейнесі көсем, есімі,  
Көкірегінде тұр дара.  
Революция бесігі,  
Ленинград Нұр қала!

Әли де соны түсінген,  
Бойда мол, жігер құштарлық.  
Көрсетіп өнер ісімен,  
Қыл қалам қолда ұстар нық.

Үйлесім тауып бояулар,  
Бірімен-бірі жымдасқан.  
Табиғаттан тек ой аулар,  
Ізденісте ылғи тынбастан.

Шарласын тау мен орманды,  
Тұр-түсін әсем бейнелеп,  
Мазалап бір ой толғанды,  
Арманы шыңға өрмелеп.

Аяулы ана кескіні,  
Мазасын әбден кетірген,  
Мейіріммен әр кеш мұны,  
Сипады ма екен кекілден?

Ананың жарқын дидары,  
Білмейді қандай болғанын.  
Ауылды еске ап қырдағы,  
Шарлайды ойдың орманын.

Оқитын бірге өзімен,  
Өрімдей жігіт Ақылбек,  
Екеуі келген кезінен,  
Әр сөзін, ұстаз “Мақұл!” – деп,

Тыңдайтын ұйып айтқанын,  
Түсініп өнер сиқырын.  
Жатаққа ерте қайтпайтын,  
Алмайтын еді бір тыным.

Музейдің ішін аралап,  
Суреттер ғажап көретін,  
Әрбірін талдап, бағалап,  
Бөлмеге кешке келетін.

Тамақтан кейін жайланып.  
Төсекке жатқан көзінде.  
Ұйықтамай Әли ойланып,  
Ұшқын от ойнап көзінде,

– Тыңдашы, – дейді ақырын,  
Досына қарай бұрылып.  
– Рафазль менің жақыным,  
Суретінде бар жылылық.

Мадонна – ана бейнесі,  
Жанымда мәңгі қалады.  
Ұйықтамай түндер кейде осы,  
Есіме алам анамды.

Көргем жоқ өзім анамды,  
Шәйт боп ерте кетіпті.  
Мұң басып балғын жанарды,  
Жетімдік маған жетіпті.

Тұлғасы, қандай түр-түсі,  
Ол жағын өзім білмеймін.  
Естілмей сыңғыр күлкісі,  
Анаммен бірге күлмеймін.

Толғанда үшке тәй басып,  
Дем бітіп көзін жұмыпты.

Ал әкем жаумен айқасып,  
Өлсе де аты шығыпты,

Мақтайтын атам баласын,  
Ерекше ерлік сезіммен...  
Одан да қалып адасып,  
Жетімдік ерте сезілген.

Жасымай жігер бірақ та,  
Тұтанып сәби ұшқыр ой.  
Жібермей мені жыраққа,  
Балалар үйі құшты ғой.

Түсімде анам жүреді,  
Бөлмеме кіріп, бір шығып.  
Елжіреп Әли жүрегі,  
Ұйықтайтын сонсоң күрсініп...

У

Каникул кезі екеуі,  
Үйіне келді Ақылбек.  
Мейірімі ана жетеді,  
Әлиді сүйді жақын кеп.

– Сені де бөтен санаман,  
Баламнан мына аумайсың,  
Тудың ғой мендей анадан,  
Жүзіңмен жылы баурайсың.

Ештеңе өзің ойлама,  
Ақылжанменен бол мұнда.  
Өзенді мөлдір бойла да,  
Сурет сал таудың қойнында.

Арала бірге ауылды,  
Жүрмеші өзің жатсынып,  
Табарсың жолдас, бауырды,  
Тұтанар бойда жақсы үміт-.

Деп ана бұған тіл қатып,  
Басынан жайлап сипады.  
Тапқандай Әли бір бақыт,  
Көркейтті жанын нұр тағы.

Бір күні Әли, Ақылбек,  
Жайлауға шықты таудағы.  
Көсіліп алдан жасыл кек,  
Көрінді ауыл аймағы.

Тоймайды көзің қарасаң,  
Айнала кеткен құбылып.  
Табиғатқа тек жарасар,  
Осынау әсем сұлулық.

Көрініс баурап жандарын,  
Сурет сап отыр беткейде.  
Табылса асыл арманың,  
Шарықтап көңіл кетпей ме!

Суретке қобди толғанда,  
Қысып ап оны бауырға.  
Шаңқай түс әбден болғанда,  
Оралды қойлы ауылға.

Жас ана үйдің сыртында,  
Емізіп отыр баласын.  
Толғаныс тулап бұрқылдап,  
Әлидің алды мазасын.

Іздеген затын тапқандай,  
Ғажайып көріп суретті.  
Аңсаған таңы атқандай,  
Жүрегі Әли дір етті.

Осынау ана келбеті,  
Жадында мәңгі сақталды.  
Ұйқысыз ойын тербетіп,  
Атырды ұзақ ақ таңды.

Бейнесін ана жасауға,  
Суреттер түрлі салады.  
Еңбексіз келмес осалға,  
Шешімін қалай табады?

Ешқайда шықпай табандап,  
Көп жұмыс Әли атқарды.  
Қолға қыл тағы қаламды ап,  
Бітеуге ісін шақ қалды.

Күн ыстық  
Жазғы жайлауда,  
Үй сырты салқын көлеңке,  
Бөбектей балғын ойнауда,  
Бетінен сипап жел ерке.

Көрпеге ана жайланып,  
Сәбиін алған алдына.  
Ыңылдап іштей толғанып,  
Жырына бесік салды да.

Қозыдай қоңыр томпиған,  
Сәбиге берді мамасын.  
Бейнені бояу толтырған,  
Суретте тапқан жарасым.

Осы еді, Әли ойы да,  
Осы еді бояу жырлары.

Жан бітіп сурет бойына,  
Кескіні ана нұрланды.

Шөлдеген жандай қаталап,  
Анасын көру арман-ды  
Сағыныш пенен махаббат,  
Санасын шырмап алған-ды.

Байсалды, ойлы, сабырлы,  
Кескіні таңдай арайды.  
Жылытып жүзі жаныңды,  
Ыстық қан бойға тарайды.

Басылар оттай көзіңе,  
Мейірімі мол асыл жан.  
Сурет жоқ асқан өзіне,  
Даланың мадоннасынан.

### ТАСТАНБЕК

– Он үште отау иесі, –  
Деп қалай бұл атады.  
Тәрбие алар тиесі,  
“Жетімхана” жатағы.

Хал-жағдайын ұғады,  
Тәрбиеші-мұғалім.  
Сусындады ұланы,  
Берді білім-бұлағын.

Беттерінен қақпайды,  
Бала айтқанын тыңдайды.  
– Күшті бол! – деп мақтайды,  
Денелерін шыңдайды.

Жібермейді еркіне,  
Шығармайды ауладан.  
Түсінді тек бертінде,  
Бұл үй-түрме аумаған.

Қайда ата-анасы,  
Қайда апа-ағасы?  
Тастандының баласы,  
“Жетімхана” панасы.

Бала болып тастанды,  
Атаған ғой Тастанбек.  
Шырқайды енді басқа әнді,  
Қайғы жұтып жастан көп.

“Менің анам қайда екен,  
Жұлдыз ба екөн, ай ма екен?”

Жер бетінде бар ма екен,  
Тұрағы оның қай мекен?

Құр іздеймін анамды,  
Бұның бәрі елес-ау.  
Бір бермей ме хабарды,  
Сірә, тірі емес-ау?

Сағыныштан бөлініп,  
Жүрек шіркін, кетпей ме.  
Көзіме бір көрініп,  
Құстай ұшып жетпей ме?..”

Ботакөзі бұлдырап,  
Тостақаны толады.  
Біле алмайды бұл бірақ,  
Кімде өзінің обалы?

Не күтіп тұр алдында,  
Он үштегі азамат.  
Не жазды бұл тағдырға,  
Жіберердей жазалап.

Бір көрсе жоқ арманы,  
Қандай ана дидары?  
Күнді күтіп алдағы,  
Жаман ойды қимады.

## II

Ертеңгісін тамақтан  
соң, үзіліс көзі еді.  
Өзіне жалт қаратқан,  
Мұғалімнің сөзі еді.

– Жиналып біз барамыз,  
Білсін мұны әркім де.  
Қызықтап, дем аламыз,  
Хайуанаттар паркіне. –

Дегенде апай көңілді,  
Елең етті ұландар.  
Ойлары да бөлінді,  
Дауыс шықты қуанған.

Желпінтті қыз-ұлдарды,  
Енді тыныш жата ма.  
Тастанбек те жиналды,  
Саяхатқа, сапарға.

## III

Парк іші шат, думан,  
Ойын-сауық керек пе!  
Кілем бейне жаптырған,  
Оранған гүл, желекке.

Ибанатты ел жүздері,  
Көтеріңкі көңілі.  
Анасын тек іздеді,  
Көрмесе де өмірі.

Күн де күле қарады,  
Төңкеріліп тұрды аспан.  
Тұманданып жанары,  
Тастанбекті мұң басқан.

Ойы кетіп аулаққа,  
Не істерін білмеді.  
Көзін салып тау жаққа,  
Қақпа ішіне кіргені.

Аң, құстардың әлемін,  
Аралайды, көреді.  
Құстар салған әдемі үн,  
Көңілін тек бөледі.

Еміп ана киікті,  
Ерке лақ ойнайды.  
Еркіндікті сүйіпті,  
Секіруін қоймайды.

Түрлі ойынға салады,  
Аймалайды баласын.  
Жақсы көріп барады,  
Еркелеткен анасын.

Мейлі түсін, түсінбе,  
Бала анаға керексің.  
Тіпті тордың ішінде,  
Бір болғанға не жетсін!

Мөлдіретіп жанарын,  
Тастанбекке қарады.  
Мұң торлаған баланың,  
Ашылмайды қабағы.

Бала ана киіктен,  
Көзін үнсіз тайдырды.  
Іші жанып күйіктен,  
Ұлғайтқаны қайғыны.

Көріп аң мен құстарды,  
Әрі қарай беттеді.  
Қалтарыс бір тұстағы,  
Қасқыр жаққа жеткені.

Ұзақ қарап тордағы,  
Тамашалап қасқырды.  
Жанға дауа болмады,  
Жанарында жас тұрды.

Көңіл бірден солғаны,  
Қиын емес түсіну.  
Қасқырана ойнады,  
Еркелетіп күшігін.

Жетімдікті сезбеді,  
Күшіктерге күнде той.  
Торда болсын өздері,  
Анасымен бірге ғой.

“Өшсін қасқыр қарасы!”  
Деп қарғаймыз несіне.  
Оралуын қарашы,  
Мына жайдың есіме.

Дала кезіп шолғанмен,  
Жорымаймыз жаманға.  
Қасқыр жыртқыш болғанмен,  
Жауыз емес адамға.

Қасқыр хайуан-ана бұл,  
Оятады сезімін.  
Саулығы үшін баланың,  
Тауысар бар төзімін.

Сонау ерте, ертеде,  
Кезіп жүріп даланы.  
Осы біздің өлкеде,  
Асырапты баланы.

Баланы алып бауырға,  
Емшектерін емдірген.  
Аңыз болған қауымға,  
Осы шындық ел білген.

Ромуль мен Ремді,  
Аман алып қалыпты.  
Қасқырдың да жүрегі,  
Махабатты таныпты.

“Сонда менің анашым,  
Қасқырдан да жаман ба?  
Іздемейтін баласын,  
Тас жүрек бір адам ба?”

Ондай болмас анашым,  
Іздеп мені табады.  
Жетім етпей баласын,  
Құшағына алады...”

Көзі бір сәт бұлдырап,  
Басы айналып кеткені.  
Жүрек соғып ұрғылап,  
Қысқаны ма екпені?



Үрей деген жаман-ақ,  
Құлағандай аспан кеп.  
“Мама, мама, мамалап!”  
Талып түсті Тастанбек.

Қасқыр-ана тұр қарап,  
Ұнамады қылығы.  
Темір торды тырналып,  
Мойын созып ұлыды.

Қасқыр-ана амал қып,  
Жүгірді тор ішінде.  
Сезгендей бір жамандық,  
Үрейлі ол пішінде.

Зорға қасқыр тұр шыдап,  
Сабыр қалып бұрынғы.  
Бөлтіріктер қыңсылап,  
Бауырына тығылды.

Анадайдан асыға,  
Қолына алып өкпені.  
Тастанбектің қасына,  
Тәрбиеші жеткені.

– Күн де төніп аспаннан,  
Берекетті қашырды.  
Күн өтті ме Тастанжан,  
Көтерші сәл басыңды, –

Дегенде ұстаз ақырын,  
Қос жанарын ашқаны.  
Іздегендей жақынын,  
“Мама!” деп үн тастады.

Соны айтты да Тастанбек,  
Қайта жұмды жанарын  
Қайғы шеккен жастан көп,  
Аман болшы, қарағым!

Деп апай да күрсінді,  
Мұңын бала сезеді.  
Қасіреттен бұл сынды,  
Өртенердей езегі.

#### IV

Құдай неге көрмейді,  
Саяқ-ана қашқанды.  
Тас жүрек жан келмейді,  
Баласына тастанды.

Сәбиін де ұмытқан,  
Жоламайды бұл маңға.  
Жүрген ізін суытқан,  
Салып түлкі бұлаңға.

Тәрбие алып бүгінде,  
Өмір жолын жалғапты.  
Балалардың үйінде,  
Азамат бар ардақты.

Үміт үзбей әр күннен,  
Өсіп жатқан жастар көп.  
Тайталасқан тағдырмен,  
Соның бірі Тастанбек.

Кіршіксіз ақ жүрегі,  
Жаны толы арманға.  
Адал жолмен жүреді,  
Көзін тігіп заңғарға.

## Ө Л Е Ң Д Е Р

### ***Бабалар мен ағалар***

*1991 жыл.*

Көкте жасын ойнаған,  
Соғып өткен бір құйын.  
Қасым тойын тойлаған,  
Тоқтар ұшқан жыл биыл.

Келдік қанша уақыт,  
Атамызды танымай,  
Батырларын шұбатып,  
Қайта оралды Абылай.

Жаудың бетін қайтарған,  
Қанжығалы Бөгенбай,  
Тойын жырлап айта алман.  
Қалсаң егер көре алмай.

Елдің қамын ойлаған,  
Қаракерей Қабанбай.  
Тойын дархан тойлаған,  
Жұрт шапағат алардай.

Күрес жолын ұстаған,  
Тайманұлы Исатай.  
Махамбет жыр ұштаған,  
Күй арнаған күйші атай.

Келді қолды бастаған,  
Жалаң төстей батырлар.  
Кеше ауыз ашпаған,  
Жырын төкті ақындар.

Халқы батыр атаған,  
Өкінеді несіне.  
Бәукең қалай жата алар,  
Жұлдыз тақты төсіне.

Бәрі қайта тіріліп,  
Жүрді ішінде той-думан.  
Халқым жасап ірілік,  
Есі кіріп, бой жиған.

Егемен ел-еркін ел,  
Басында отыр бір сұңқар.  
Кезең келді желпінер,  
Еркіндік бер Нұрсұлтан.

Халқым келер кергісі,  
Желбіретсек тап бүгін.  
Егемендік белгісі,  
Абылайдың ақ туын!

### ӘНЕТ БАБА

Жаралған тас жүректі жылытуға,  
Қақың жоқ даналарды ұмытуға.  
Билердің биі атанған Әнет баба,  
Данышпан, ғұлама еді ірі тұлға.

Қырандай кеңге жайып қос қанатын,  
Дуалы ауыз дұшпаннан дос табатын.  
Кеңесші әрі биі ӘзТәукенің,  
Заңына "Жеті Жарғы" қосқан ақыл.

Бүгінде жұртқа есімі аңыз ғана,  
Ойлаған ел бірлігін нағыз дана.  
Төле би, Қазыбек пен Әйтекеге,  
Кезінде бата берген абыз баба.

"Әнет баба-Арғынның" ел ағасы,  
Әрі биі, әрі молла ғұламасы.  
Орта жүзгө үлгі айтқан ғаділ екен,  
Сол кезде тоқсан беске келген жасы".

Еске алып әргі атасын көңілі өрген,  
Шәкәрім осылайша тебіренген.  
Кемеңгер бабасына тартып туған,  
Көрінді ұлы Абай да өмірі өрден.

Қаздауысты Қазыбек бұлан өрен,  
Бабаға келіп қойған сұрағы ерен.  
– Дүние, адамшылық арды бұзар,  
Шығады, – депті, – баба, күнә неден?

– Әйел мен алтын бұзар дүниені,  
Кек пен кежір қызғанып күйінеді.  
Мақтан мен мансап безіп ардан таза,  
Күнә жасап ұршықтай үйіреді.

Жек көрем көпшік қойып мақтағанды,  
Өтірік, жалған айтып даттағанды.  
Баласы сияқтысың өсер елдің.  
Жадында осы үшеуін сақта мәңгі!

Халықтан қазақ деген негіз алған,  
Дөңбекшіп толықсиды теңіз-арман.  
Желбірер ар туындай қай заманда,  
Әнет баба ғибрат, сөзі қалған.

### **ДУЛЫҒАЛЫ БАТЫРЛАР**

Туын көкке көтеріп,  
Қиын кезде жол тапқан.  
Тәуелсіздік әперіп,  
Мемлекет орнатқан.

Елімен бір қайғырды,  
Қайыспаған қаһарман.  
Қазақ ханы айбынды,  
Абылайхан атанған.

Қос батыры-қалқаны,  
Соларға тек сеніпті.  
Жаудың шығып талқаны,  
Ел болыпты ерікті.

Қанжығалы Бөгембай,  
Болған халық қорғаны.  
Шайқаста жау жеңе алмай,  
Тыныштық мол орнады.

Қаракерей Қабанбай,  
Арыстандай ашынған.  
Жауға атылып қабандай,  
Зәре, құтын қашырған.

Біздің батыр бабалар,  
Іздемеген даңқты.  
Тапқыр, шешен, даналар,  
Көп қуантқан халықты.

### **БҰҚАР ЖЫРАУ**

О, қарт баба, данышпан Бұқар жырау,  
Қазақ деген халықтан күш алдың-ау.  
Бір-ақ ауыз сөзбенен көсіп айтып,  
Асау тартқан хандарды тұсадың-ау.

Ұл боп тумай ел жүгін арқалар кім,  
Қорғай білген кең дала, шар тарабын.  
Қалай осал боласың баласы едің,  
Жауға шапқан баһадүр Қалқаманның.

Биіктерге қанатын соза берген.  
Дана, ойшыл, ғұлама озады елден.  
Әнет баба қол жайып бата берсе,  
Ал ұстазың қарт жырау Қожаберген.

Кәпір, қытай батыс пен шығысында,  
Жол бермедің көршіңмен ұрысуға.  
Сендей дана бабаның ақылымен,  
Абылайдың қадалды туы шыңға.

Орындалды аңсаған тілегің де,  
Ұл-қыздарың тәуелсіз жүр еліңде.  
Тәнті еткен халықты дарынына,  
Тарлан ақын Дихандай жиенің де.

О, қарт баба, данышпан Бұқар жырау,  
Қазақ деген халықтан күш алдың-ау.  
Ұрпағыңды аруағың жебеп жүрсе,  
Тоқтар құсап ғарышқа ұшамын-ау!

### **ШАҚШАҚ ЖӘНІБЕК ТАРХАН**

Алға сүйреп жас кезден асыл арман,  
Шар болаттай шыңдалып, жасымаған.  
Тайған менен қарт Абыз бата беріп,  
Нағашысы Бектастан бәсіре алған.

Батыр, шешен халқының тұтқасы еді,  
Қазақ деген жалпақ ел, жұртқа сенді.  
Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке би,  
Өзіменен замандас, тұстас еді.

Бөгенбай мен Қабанбай көпті көрген,  
Батырлар мен от кешіп өтті белден.  
Сарысудың сағасы Бұланты мен  
Аңырақайда жауына соққы берген.

Шайқас алды жасайтын жоспар ірі,  
Дұшпан қорқып, сыйлайтын дос тамұны.  
Тұңғыш өзі қазақтың князі де –  
Тархан болған Жәнібек Қошқарұлы.

Сөзбен шешкен екі ауыз құнын ердің  
Жорықтарда көтерді туын елдің.  
Қалқан болып үш жүзді қорғай білген,  
Ерлігіңе қарт баба сүйінемін.

## **АПАЙТӨС БАТЫР ЖАЛАҢТӨС**

Сонау бір Сарым бабадан,  
Бір бұтақ едің тараған.  
Араша түстің айбат қып,  
Алғанда дұшпан жағадан.

Аш бөрідей жорытқан,  
Жауыңнан жоқсың қорыққан.  
Шырғалаң қиын шақтарда,  
Шығардың елді торыққан.

Әр адам әр жол таңдайды,  
Біреуге дүние, мал қайғы.  
Апайтөс батыр Жалаңтөс,  
Ерлігің ұмыт қалмайды.

Жидебай батыр, Жарылғап,  
Тидіндер жауға арындап.  
Бөгембай үшін кек алдың,  
Майданға кіріп жалындап.

Тағдырдың жолы қатал тым,  
Жұртыңнан адал бата алдың.  
Бір кезің жауға садаға –  
Кейінде соқыр атандың.

Даңқты қазақ ірі ұлын,  
Сарымның сыйлап жұрынын.  
“Көзіңнің құны үшін” – деп,  
Беріпті қалмақ сұлуын.

Дұшпанмен кеше алыстың.  
Досыңмен жақын таныстың.  
Есімің көкте қалықтап,  
Халқыңмен қайта қауыштың.

Сыбдыры болып егіннің,  
Күн нұры болып төгілдің.  
Сапында бірге келесің,  
Тәуелсіз алған елімнің.

## **АЙБЫНДЫ АРАЛБАЙ**

Бұлт торлады арайлап атар таңын,  
Ел қайғырды, сен тыныш жата алмадың.  
Қалқан өттің кеудеңді оққа тосып,  
Арыстандай айбарлы қаһарманым.

Серіппедей серпіліп құрыш жаның.  
Жазушы өдің бойыңның құрысқанын.  
Аңырақай, Аякөз, Ұлытауда,  
Алқымға алып дұшпанды ұрыс салдың.

Таусылмастан дәм-тұзы татар астың,  
Батырлармен асудан қатар астың.  
Билік айтқан үш жүзге данышпаным,  
Қаздауысты Қазыбекпен аталассың.

Ұмытылмас халыққа болысқаның.  
Жағаласып жауыңмен қонысты алдың.  
Ел ішінде данагөй атандың да,  
Тура сөйлер ақ адал жолды ұстадың.

Бейбіт күнгі кең дала нұр құшқанда,  
Ерік берді алла да тыныстауға .  
Жиделі – Байсын жерінде өмірге кеп,  
Жатырсың қасиетті Түрікстанда.

Көтерсек көтерейік Аралбайды,  
Сендей жан енді қайта жаралмайды.  
Бабаларым қорғайтын аруағымен,  
Тәуелсіз ел ұрпағын жау алмайды.  
Көтерейік баһадүр Аралбайды.

### **ЖАРЫЛҒАП БАҒАДҮР**

Өз қайратын, ақырын сезген іштен,  
Жерін, елін қорғады өзге күштен.  
Бөгенбаймен бірігіп жауға аттанып,  
Абылайдың тұсында көзге түскен.

Әділ сөзге қашанда жақтасасың,  
Қуанасың данышпан мақтаса шын.  
“Алдыңнан жау таппасын ықтасын,  
Артыңнан дұшпан шықпасын” –  
Деп Қазыбек беріпті ақ батасын.

Әруағы асып Жидебай, Сеңкібайдың,  
Тобышак, Байғозыны ел тыңдайтын.  
Батырларға Жарылғап қосылғанда,  
Үрейлі жау шыбықтай солқылдайтын.

Жепкө-жекте сан дұшпан сұлатылған,  
Жауды жеңіп алдынан нұр атырған.  
Жомарт ақ жол тілесе жорықтарда,  
Қарт Бөгенбай езімен құда туған.

Батыры емес тек қана Кернейлердің,  
Жауға шапқан халқының бермей кегін.



Жарылғаптай ұл туса қалқан болар,  
Қыран құстай шарықтап ерлейді елім.

О, қарт баба, аруақты тарлан бозым,  
Біз ұрпағың артыңда қалған қозың.  
Сенің жарық жұлдызың жол көрсетіп,  
Ұмытылмай жүрерсің жалғанда өзің,  
О, қарт баба, Жарылғап тарлан бозым!

### ҚОС ӘУЛИЕ

Кешін бұрмай ешқашан ұлы жолдан,  
Жібермейтін дұшпанын тірі қолдан.  
Сеңкібай мен Жидебай, Абылайхан  
Заманында баһадүр, ірі болған.

Ешкімнен де қаймығып жасқанбаған,  
Ат тұяғы астында асқар қалған.  
Кең даланың апайтөс арыстаны,  
Бағы жанып аруағы аспандаған.

Елін қорғап жауына ұрыс салған,  
Күлі кекке ұшатын құрыш қамал.  
Ұрпағына қалдырып жайлы қоныс,  
Содан кейін көз жұмып тыныстаған.

Бала батыр атойлап жауға кірген,  
Табысатын бабалар арманымен.  
Қос әулие пайғамбар сияқтанып,  
Қорғап елін жатқандай аруағымен.

Бүгінгі күн белеске шыққандарға,  
О, жамағат, қызығып сұқтанбаңдар.  
Қарашордың Сеңкібай бір биігі,  
Әлтекеден Жидебай шыққан дара.

### ҚАРАМЕНДЕ БИ

– Бойы менен жасына қарамастан,  
Шығады, – деп ел айтқан, – дана жастан.  
Қаздауысты Қазыбек бабасындай,  
Бала кезден билікке араласқан.

Қамын ойлап болашақ ұрпағының,  
Оймен көзіп заңғарға шырқады бір.  
Кеш көлікті болса егер қырсық шалмай,  
Ататынын сезді іштей нұр таңының.

Қолға түспес несібе-жеміс көктен,  
Кейде ерге, ал кейде еңіс кеткен.  
Әлтеке мен Сарымдар құшақ жайып,  
Тоқырауын бойынан қоныс тепкен.

“Тобықтының басы еді Қараменде,  
Сирек туар дәл сондай дара пенде.  
Асыл сөзден тең бұған мың тоғанақ,  
Орта жүздің құты еді қара көмбе.

Адал арнап махаббат, жүрек отын,  
Осылайша Жидекең жыр өретін.  
Әшейінде сөзбенен қақтығысып,  
Дұшпанымен айқаста бір елетін.

Бірін-бірі ағайын, қимас  
туған,  
Бабаларды кең пейіл сыйластырған.  
Ұрпағына ат басы алтын емес,  
Адалдықты, достықты мирас қылған.

### ШАБАНБАЙ ШЕШЕН

Би Шабанбай халқы үшін жаратылған.  
Сөзі мiрдiң оғындай дәл атылған.  
Ел бiрлiгiн ойлаумен күн батырып,  
Көзiн iлмей қырандай таң атырған.

Ол айтпаған шешендiк сөз қалмаған,  
Салмақты жан  
жартастай қозғалмаған.  
Шабанбайдан Жанғұтты, Жанғұттыдан  
Абай бата ап, шәкiртi озған заман.

Тiлi майда, ал кейде шақпақ жаққан.  
Мамық болып кетедi тастақ жатқан.  
“Шаппай жүйрiк, сөйлемей шешен болған”,  
Деп Жидебей пiр тұтып, асқақтатқан.

Ақиқатты қай пенде жақтамасын,  
Тура биге марқайып мақтанасың.  
Көп сөйлемей тастайтын бiрақ түйiп,  
Дәл айырған әр iстiң ақ, қарасын.

Әдiл жолды iздеген қалың қауым,  
Ақ тiлеумен атырған таңын дәйiм.  
Ала қойды бөле де қырықпаған,  
Жоқтамаған жоғын тек Сарымдардың.

Қорғаны боп халықтың жаратылған,  
Сөзi мiрдiң оғындай дәл атылған.  
Бүгiндерi дүрдiiп тақта отырған,  
Дана биге тартса ғой бала туған.

## ЖАҚСЫ ЖАНҒҰТТЫ

Асыл сөзі ұрандай жаңғырады,  
Нұрлы жолы көнермей даңғыл әлі.  
Қайта барып Мекке мен Мединеге,  
Пайғамбардың қасында қалды мәңгі.

Ұнатпады лепіріп желіккенді,  
Мешіт ашты, ел іші көріктенді.  
Шортанбай да түсінді Жанғұттыны,  
Жанғұтты да ақынға ерік берді.

Дінді бұзар жандардан сақтандырып,  
Әділдікті, бірлікті мақтан қылды.  
Елге “Жақсы Жанғұтты” атанғаны,  
Терең ойлы данадай жаққандығы.

Еркіндікке ерлік тек жол ашады,  
Күреспенен келер күн-болашағы,  
Малын, жанын ерлерден аямады,  
Қолдау тапты Ағыбай, Кенесары.

Жасамады жаһанға ірі жорық,  
Іздемеді жанына жылы қорық.  
Қожа Ахмет Иассауи бабамыздай,  
Өтті өмірден құдайдың құлы болып.

## ШОРТАНБАЙ

Сиқырлап қазақтың кең сары белі,  
Қаратаудан Сарыарқа барып еді.  
Қасынан қоныс теуіп Жанғұтты би,  
Баурады Бесата мен Сарым елі.

Ұнамаса не нәрсе қоштай ма адам,  
Кете алмаған дінге де соқпай бабам.  
Бірде өзі құдайға құлшылық қып,  
Бірде ақын боп аузымен от шайнаған.

Ұмытып кетіп тіпті ишандықты,  
Жыр деген қалып алды – күй сандықты.  
Отты өлең шарпығанда тұла бойын,  
Үзілді дін шырмаған құрсау мықты.

Саржайлау ақ сәлдедей жайылды да,  
Қазағы малын еркін қайырды ма?  
Жырауы атанды да Сарыарқаның,  
Мәңгілік қалды Ақсу – Аюлыда.

Діншіл болған десе де Шортанбайды,  
Бабамыздан үркіл жұрт қорқа алмайды.  
Жанымен елін сүйген ақынына,  
Халқының махаббаты ортаймады.

## АҚАН ӘНІ

О, қарт Көкше, төсінде қыран самғар,  
Абылайхан, хан Кене ұран салған.  
Ақан сері, сал Біржан төңті әніне,  
Мауқын басар ынтыққан жыр аңсар жан.

Ақан мөлдір төгілген бұлақ еді,  
Тыңдады Арқа елеңдеп құба белі.  
Қайта елімен табысып шұрқырасты,  
Ән мен жырдың қас дүлдүл – Құлагері.

Әуенді үн мамырлап шарлап көкті,  
Ақша бұлттай қалықтап самғап кетті.  
Ақан әні жүректі елжіретіп,  
Самал болып желпіді баурап көпті.

Тәуелсіз ел арайлы нұр таңында,  
Асқақ әуен толыссыз шырқалуда.  
Көпті көрген қарт Көкше күәсі ғой,  
Риза шығар әруағы ұрпағына.

## АБАЙҒА

Патшасысың дүлдүл жыр,  
Сара жолың тақтайдай.  
Ғұлама боп тудың бір,  
Даналығың батпандай.

Шарпыды от-жалынмен,  
Пушкиннің жырлары.  
Сүйдің болмыс жаныңмен,  
Татьяна, Ділдәні.

Таласпадың таққа да,  
Болмадың бос қызыл ет.  
Өңеш жыртып мақтана,  
Сұрамадың қызмет.

Кей сор маңдай бүгінде,  
Үміт үзбей бәрінен.  
Даңқты боп түбінде,  
Қалуға тек әбігер.

Атпай қойды таңдары,  
Батпай қойды күндері.  
Дырдай атақ алғаны,  
Не істерін білмеді.

Орындалып арманы,  
Өсті "көсем" қатары.  
Ел есіңде қалмады,  
Аты менен атағы.

Жырыңды оқып білсін ел,  
Терең бойлап қарасын.  
Түркі әлемі сүйсінер,  
Ұлы Абайым данасың.

### АБАЙ МЕН АРУ

Алыстан бір жолаушы қараятын,  
Келіпті үйге таяп жанай атын.  
Алдынан шыққандарға ерік бермей;  
– Түсіріп алсын, – депті, – Абай ақын!

Соны айтып көз тастады қалқа күліп,  
Абайдан сый көрмек пе шалқар үміт.  
Түйеден түскендей бұл сөзіне ару,  
Қалыпты қарсы алғандар аңтарылып.

Абыржып күтушілер күйсіз тіпті,  
Ішіне ал, жолаушы бір сыр бүкті.  
– Сабырбай ақын қызы Қуандық қой, –  
Бұзыпты Абай шығып үнсіздікті.

Ақынға мұның мәні түсінікті,  
Арудың ерке қылық, ісін ұқты.  
Қашаннан кіші болу жарасымды,  
Қолтықтап аттан жайлап түсіріпті.

Бал дәурен қызығына тоя алды ма,  
Жас шағы тағы қайта оралды ма,  
Жолдары екі жаққа бұрылса да,  
Құрметеп шығарыпты төр алдына.

Көрсетіп ілтипат пен қошеметті,  
Аруға сый-сияпат еселепті.  
Сабырбай ақын отты жырыменен,  
Аузына қаратқан ғой кеше көпті.

Ақынды ақын жүрек қимас тіпті,  
Танытты қызына да сыйластықты.  
Түсінген Қуандықтың пәк сезімін,  
Абай да іште жатқан сырды ашыпты.

– Қыздардың бағын өмір шатастырған,  
Малменен бірге қойып матастырған.  
Қудың да ата жолын салтты бұзбай,  
Тидің ғой күйеуіңе атастырған. -

Жанына қыз тағдыры батсын қатты,  
Аруды алыс кеткен жатсынбапты.  
Ағалық жол көрсетіп Абай ақын,  
Үстіне шапан жауып, ат сыйлапты.

Жас дәурен саясында нұрлы бақтың,  
Шертетін жан құрбымен сырды ұнаттым.  
Аруды сыйлай білу ата дәстүр,  
Бүгінгі жастар алар гибрат бұл.

## **ДІЛДӘ МЕН ӘЙГЕРІМ**

Қайғысыз қатар кешіп жайлы өмірді,  
Күн шығып, көкіректен ай көрінді.  
Көрсетпей Ділде анамыз қызғанышты,  
Тұстасы сыйлап өткен Әйгерімді.

Жел сөзге құлақ асып қарамаған,  
Мейірім, жан жылуын аямаған.  
Абайдай данышпанның жары болып,  
Қос ару ұлы ақынды аялаған.

Мәуелі аз ғұмырын көркем еткен,  
Әйгерім бұл пәниден ерте кеткен.  
Баласын артта қалған беттен қақпай,  
Ал Ділде құшаққа алып еркелеткен.

Кеудесін нұрға бөлеп, пәк сезіммен,  
Қорғады ғұламаны жат көзінен.  
Тербетіп тұла бойын ғашық әні,  
Қос аққу махаббатты тапты өзінен.

“Алаулап ынтық оты ызғарды алған,  
Жоқ шығар ғашық болған қыздарда арман.  
Толқытқан барша жанның жан дүниесін,  
Ақынның ән-жырлары бізге арналған.

Жүректер тіл табысып үндес болған,  
Ділденің жан сезімін білмес кей жан.  
Жерлеңдер Әйгерімнің дәл қасына,  
Деуші еді ел: “Тіршілікте күндес болған”.

Жүрсе де көңілдерін ел түсінбей,  
Махаббат құдырет жоқ зор күшіндей.  
Қос ару жер төсекте қатар жатыр,  
Пәк сезім, сыйластықтың белгісіндей.

## **ШЫҢҒЫС ТАУЫ**

Кеше күнің өтті ғой күрсінуге,  
Айтар едің мұңыңды бірші кімге.  
Қорғасын бұлт иықтан басып тұрды,  
Болмады елің қайрат қып сілкінуге.

Жауыздықпен шыңыңды таптады олар,  
Құс та орын таппады қайта қонар.

Лақтырылды төбеңнен күз түбіне,  
Жазықсыздар – қу кедей Қамқа, Қодар.

Тәуелсіздік шұғыла таңы атқанда,  
Алтын нұрын далама таратқанда.  
Қарт Шыңғыстау, маңдайдан бағың жанып,  
Мейірлене тұрдың-ау қарап маңға.

Белгісіз ең атағың шықты-ау бірден,  
Атыңды сырттағы алыс жұрт та білген.  
Бүгінде аласа емес, биік тұрсың,  
Данышпан Абайыңмен, Мұхтарыңмен.

### **ЖЫРДЫҢ ҚЫЗЫЛ ЖОЛБАРЫСЫ**

Қыран құстай кеңге жайған қанатын,  
Жырдың қызыл жолбарысы – нар ақын.  
Жиырмасыншы ғасыр туған Гомер ғой,  
Жамбыл – десе жұрт марқайып қалатын.

Арай таңым нұрын шашып атады,  
Алтын кездік қалай қапта жатады.  
Төкпе жыры алмасқа асыл айналып,  
Қан соғыста айтты сөзді аталы.

Кең далада сағымменен жарысқан,  
Сұңқар үні естилетін алыстан.  
Қырғыз – қазақ достық алтын көпірі,  
Егіз халық ардақ тұтқан данышпан.

Дара тұлға, Алатаудың алыбы,  
Ел жүрегін шарпыды жыр жалыны.  
Төрктұл дүние өнеріне тәнті боп,  
Жамбылымен қазақты әлем таныды.

Тәуелсіз ел алған бағыт – жол артық,  
Шықтық жолға нарыққа біз қол артып.  
Жамбыл – қазақ бір медальдің қос беті,  
Сол медальді алмайықшы жоғалтып.

### **КҮЙ ТӘҢІРІ**

Шаттанады қыл қобыз, мұңдасады,  
Тыңдай білсең ғажайып сырды ашады.  
Сұлулықты Ықылыс сыйға тартқан,  
Қорқыт баба лайық ізбасары.

Замананың жылжиды көші ілгері,  
Нелер жүйрік дүлділді өсірді елі.  
Ықыластың төгілтіп сазды әуенін,  
Жеткізді ғой Тілештің Әшірбегі.

Теңіз болып өксіген, күңіренген,  
Қыл қобызда даламның жырын өрген.  
Тәуелсіздік жалауын желбіретіп,  
Қауышты ғой Ықылас бүгін елмен.

Күй тәңірі, күй Ата асыл жаның,  
Халқыңнан жоқ бойыңда жасырғаның.  
Елдің бақыт жұлдызы сияқтанып,  
Сендей дарын туады ғасырда бір.

## НАР АҚЫН

“Сарыарқа сайран жерім-ай,  
Салқын да самал белім-ай.”  
Нарманбет жырлап өкінген,  
Еркіндік алған елім-ай.

Қайратты, қайсар, батыл жан,  
Шабытын қайрап шақырған.  
Қиянат көрсе патшадан,  
Күрсініп ауыр аһ ұрған.

Фибрат алған данадан,  
Абайды ұстаз санаған.  
Шешен де әділ би болған,  
Атағы жұртқа тараған.

Заңғарға жайған қанатын,  
Қырандай ұран салатын.  
Елімде ақын көп шығар,  
Нарманбет жүйрік нар ақын.

Ойлары жарқын таңғы аспан,  
Жырлары-алтын алдаспан.  
Болаттай шымыр тот баспай,  
Бүгінгі күнге жалғасқан.

Бойында толы арман көп,  
Шындық шыңға алған бет.  
Нарманбет болып туды да,  
Атанып қалды Нарманбет.

## КҮШ АТАСЫ

Палуандар патшасының алыбы,  
Алашымның дара шыққан нар ұлы.  
Кең әлемге құдыретін танытқан,  
Аспандағы жұлдыздардың жарығы.

Көк тіреген асқар шыңға өрлеген,  
Ер намысын қолынан еш бермеген.  
Сыртта жүріп дүрілдесе атағы,



Өз өлінен көп марапат көрмеген.

Бағы жанып дубірлі өткен жарыстан,  
Күлім қағып достарымен табысқан.  
Алпыс шақты жат жерлерді аралап,  
Елу шақты медаль таққан арыстан.

Өмір – өткел, тағдыр сиы қатал-ды,  
Адал жүрек жандардан тек бата алды.  
Жапон, Корей, Манчжурда күресіп,  
Ямагата – Мұханұра атанды.

Сом денесін шар болаттай құйылған,  
Қысса дүлей, шығуды ойлап қиыннан.  
Жебейтінін, қолдайтынын түсініп,  
Қобыланды бабасына сыйынған.

Сұр жебедей өңменіңнен өтерлік,  
Қос жанары айбат шашар, от өріп.  
Сахнаға шықса мініп атанға,  
Кері әкеткен мойынға сап көтеріп.

Көп сыбаға тілемейтін қазекем,  
Жұртты сыйлап бергеніне мәз екен.  
Ақшасына жасатқызып самолет,  
Отанына тарту еткен Қажекең.

Сонау жылдар күш атасы тарықты,  
Кейбіреулер мәңгүрттікті танытты.  
Күні кеше Алматы да үн – түнсіз,  
Ескермеді, елемеді алыпты.

Тіршілікте жанға бермей көп тыным,  
Арпалыста, жанталаста өтті күн.  
Неге біздер ойымызға алмадық,  
Киесі де бар екенін тектінің.

Өр кеуделі аруақты еді көшелі,  
Тер мол төкті, еңбек етті еселі.  
Тәуелсіздік алған елдің ұрпағы,  
Ағаттығын тезге салды кешегі.

Қайратына таң қалдырған қыр ұлы,  
Даңқ пенен тартыста өтті ғұмыры.  
Астанада жаңғырықты есімі,  
Тұлғасы асқақ, биік тұрсын тұғыры.

Қуанышын сыйғыза алмай халқым да,  
Қажымұқанды балайды асыл алтынға.  
Алатаумен иықтасып, тіресіп,  
Қатар тұр ғой қайталанбас нар тұлға.

## ШАШУБАЙДА АРМАН ЖОҚ

I

Шашеке, жоқ қой арманың,  
Есімің көкте қалқыды.  
Балқаш көл шарлап аумағын,  
Шағала-әнің шалқыды.

Ғаламмен үнсіз сырласып,  
Жүретін ылғи жыр тілеп,  
Жақсыға жаны шын ғашық,  
Халқың да қалды бір түлеп.

Қарсы алып шаттық нұр таңын,  
Жаңғыртып қайта сөзіңді.  
Шашеке, өскен ұрпағың,  
Көтерді көкке өзіңді.

Жоқ шығар сізде арман да,  
Бақытқа бөлеп өмірді.  
Әніңе халқым салғанда.  
Құлпыртты байтақ өңірді.

Ән болып кетті далам да,  
Күй төкті Балқаш, қалар ма.  
Жыр сүйер халқың аманда,  
Атағың кетер ғаламға.

II

Ер жеттің жағасында таза көлдің,  
Атандың дүлдүл ақын базары елдің.  
Есенин де өзіңе тең келмейтін,  
Ақ қайыңды жырлаған қазақ едің.

Ұйқастарды тізбектеп қай-қайдағы,  
Кей жыршының өлеңі-айқай бәрі.  
Шашасына шаң жұқпас дүлдүлім-ай,  
Сияқтысың ақындар пайғамбары.

Тыңдаған жұрт жүзіне күлкі үйірген,  
Гармонды да ойнадың сыйқыр үнмен.  
Қалың елің ардақтап тік көтерген,  
Шаттығында тотыдай құлпырып ең.

Соғыс жылы жайдары жайды ұмыттың,  
Халқыңмен қайғырып қайғы жұттың.  
Сиқырлы өнер көрсетіп сиқыршыдай,  
Жотасында биледің сәйгүліктің.

Жақсы менен жаманды айырамын,  
Қаулап өскен өзіңе сай ұланың.  
Қалтаң тесік ақын ең ал, бүгінде,  
Ұрпағыңмен Шашеке байығаның.

Баласы Қошқарбайдың Шашубайсың,  
Халқыңа мол қазына асылдайсың.  
Өлеңнің аспанында күркіреген,  
Әлі де жарқ-жұрқ еткен жасындайсың,  
Баласы Қошқарбайдың Шашубайсың.

### ҮШ АСҚАР

Ардақтаған анадай егіз ұлын,  
Әлихан мен Әлімхан егіз ұғым.  
Бір кездегі қазаққа ұран болған,  
Жаңғырығып естілер сөзі бүгін.

Жаныменен Алашты жақын ұға,  
Бірге ұранын атойлап шақыруға.  
Қара қылды қақ жарған әділ заңмен,  
Қосылды ғой Ақпайдың Жақыбы да.

Түсті батыл бас тігіп отқа, суға.  
Іске асырмай ойларын тоқтасын ба.  
Ел болуын тіледі әлемге аян,  
Қалмасын деп қазағы от басынды.

Құлаш жайып марқайып өсер елі,  
Арпалыста шыңдалып төселеді.  
Темірқазық сияқты жол сілтеген,  
Арыстарым Алаштың көсемі еді.

Бақыт баста қиястау алшақ біткен,  
Жетті бізге әлемге жар сап тіптен.  
Үш ғасырдай сарғайып, сағындырып,  
Тәуелсіздік оралды аңсап күткен.

Танытпаса жұртқа өзін білсін кімді,  
Көп күттіріп күпті ғып күрсіндірді.  
Қазағымдай тәуелсіз елді біліп,  
Жанар таудай дүние дүр сілкінді.

Арман құсы қанаты талмасын да,  
Көк төсінде шарықтап самғасын да.  
Ақтоғайды тербетіп самалменен,  
Тоқырауын тулады арнасында.

Той үстінде ұл-қызы жарқын күлсін,  
Жарқын күлсін бақыттың нарқын білсін.  
Азап кешті еркіндік соқпағында,  
Сара жолмен именбей халқым жүрсін.

Бүгінгі күн ұмытып ата мұңды,  
Ұрпағына ақ тілеу бата қылды.  
Қайсар елім ерлерін ақтап алды,  
Жүрегімнен арнау жыр қотарылды.

Толқытады бойдағы шабыт қанды,  
Елтаңба, Жалауды әлем танып қалды.  
Қанша ғұмыр жасаса қазақ халқы,  
Сонша ардақ тұтады алыптарды.

### **ҚАЙТАЛАНБАС ҚҰДЫРЕТ**

Жүректердің емдедің де жарасын,  
Ғашықтардың жақындаттың арасын.  
Бар қауымды ынтықтырып арманға,  
Заманыңнан озық туған данасың.

Айналаңа шашып алтын, нұр, жалын,  
Бақыт пенен махаббатты жырладың.  
Бүгінгіні олқы санап көңілге,  
Болашақтың кездің сиқыр гүл бағын.

Ғұмырыңды ажал өрте ұрлаған,  
Жыр үніңді шөлкіреп жұрт тыңдаған.  
Бүгін сенің рухыңа бас иіп,  
Бүгін сені асқақтатып тұр ғалам.

Көне тарих қасиетті Түркістан,  
Сені қорғап елім жаумен қырқысқан.  
Қожа Ахмет Иассауи бабамдай,  
Сенде Саттар махаббат пен жыр құшқан.

Тұла бойда өрттей лаулап жыр үдеп,  
Саттар салған сара жолмен жүріп өт,  
Сен халқымның ар туындай намысы,  
Сен тәңірдей қайталанбас құдырет.

### **МҰҚАН КҮЙСАНДЫҒЫ**

Қайта түлеп қазақтың халқы тағы,  
Мұхиттан да асырды даңқын әрі.  
Тәуелсіздік аспанын күмберлетіп,  
Күйсандығың сазды әуен шалқытады.

Дарын туса, дарынның мақтан ісі,  
Жақтасады әділ мен аққа кісі.  
Бөрлітөбе жерінен қанат қақсаң,  
Егемен ел өзіңсің мақтанышы.

Ұланы едің қазақтай алғыр ұлттың,  
Шырағы едің табиғат мәңгіліктің.  
"Біржан-Сараң" даңқыңды биіктетіп,  
Әнұран боп қайтадан жаңғырықтың.

Артта қалды бұлыңғыр құрсаулы күн,  
Көрер едің көзіңмен тусаң бүгін.

Құдыретті музаға тамсандырған,  
Сақтаулы тұр көзіңдей күйсандығың.

### **ҚАНЫШ ЕСКЕРТКІШІНЕ**

Қазақты бар әлемге таныттырған,  
Шырағың сенбес аға жанып тұрған.  
Ғарыштап бір ғасырдан бір ғасырға,  
Барады дараланып алып тұлғаң.

Ұқсаған жарқын жузің таңғы нұрға,  
Сүйсінем сендей заңғар барлығына.  
Адымдап Баянтаудан Ұлытауға,  
Ұмтылдың шығуға өнер даңғылына.

Жаныңа маза бермей ақ арманың,  
Болмады тіршілікте аялдар күн.  
Түстің де Жезқазғанда жер астына,  
Кен іздеп Сарыарқаны жаяуладың.

Көңілге сені ойласам толады арман,  
Өзіңді ел мейірі орап алған.  
Айналып дана Қаныш ескерткішке,  
Тұғырға сияқтысың қона қалған.

Қырандай қона қалдың қас қақпаған,  
Жіберді тойыңды да бастап ғалам,  
Ғарышта “Қаныш – жұлдыз”,  
Алматыда  
Мыс тұлғаң Алатаудай асқақтаған.

### **ТЕМІРҚАЗЫҚ**

Жырларың тұла бойда лапылдаған.  
Жанартау сияқты едің атылмаған.  
Өртке тиген дауылдай Қасым болдың,  
Жарқырап нажағайдай шатырлаған.

Қып-қызыл шоқтай жанып маздадың да,  
Қаныңмен соғыс жайлы жазбадың ба.  
Қуана өлеңдетіп елге оралдың,  
Бомба болып жарыла жаздадың да.

Махаббат, асыл арман-күйі өмірдің,  
Халқыңа сырын шерттің жүрегіңнің.  
Асыл жар, туған жер мен жыр әлемін,  
Дем бітіп өле-өлгенше сүйе білдің.

Пәтер тимей көрсең де жәбірлікті,  
Иілмеген қайратты жаның мықты.  
Бұра тартсын кей пенде пір тұттың ғой,  
Қара қылды қақ жарған әділдікті.

Фашықтықты ал, жаның жай ұқты ма,  
Өз ошағын ұнатса айыпта ма?  
Кең далаңды көсілген құлай сүйдің,  
Сарыарқа, Алматы, Алтай, Жайықты да.

Өмірге келіп жатыр талай Қасым,  
Кип-жарып, кеуде ұрмай абайласын.  
Қазақ жыры кегінде Темірқазық,  
Қазақ жыры бастауы-Абай, Қасым.

### **ТОҚЫРАУЫН ТАБАНЫН ДҮБІРЛЕТКЕН**

Кенішбайды біледі ел бұрынғы өткен,  
Ақтарылып ағынан жырын төккен.  
Әнге бөлеп Ақтоғай атырабын,  
Тоқырауын табанын дүбірлеткен.

Қасиетті Қарекем, Қараменде,  
Пана болып жатқандай бабам елге,  
Орын тапты қасынан Кенішбай да,  
Ақтоғайда жүзді ғой талабы өрге.

Топ ішінде алмастай жарқылдады,  
Жырын төкті сұңқардай саңқылдады.  
Еркелетіп қойған соң дархан елі,  
Оза шабар жүйріктей тартынбады.

Ақжарықтан берді де қоныс жайлы,  
Тік көтерді Ақтоғай Кенішбайды.  
Көкірегін түндіктей желпіндіріп,  
Ақындардың шабытын елі ұштайды.

Халқы барда қай ақын ұмытылар,  
Жүректерге кәусәрдей жыры тұнар.  
Тұла бойың кей кезде салқын тартса,  
Кеншекемнің жырына жылытып ал.

Есіне алып арысын бұрынғы өткен,  
Ұрпақтары жаңғыртып жырын төккен.  
Әнге бөлеп Ақтоғай атырабын,  
Тоқырауын табанын дүбірлеткен.

### **САРМАНТАЙДЫҢ АХМЕТЖАНЫ**

Жан емес ең ешкімге бас иетін,  
Кеудеңмен тостың тағдыр жасын отын.  
Елдің зарын зарлады, мұңын мұңдап,  
"58" күйің мен "Қасіретің".

Жете алмай атамекен – тұрағына,  
Жәутең, жәутең қараған бұла қырға.  
Айдаудағы жігітке жігер қосып,  
Қасиетті айналған ұранына.

Көрінсе де болашақ бұлдыр мейлі,  
Күрескерлік тұлғанды кім білмейді.  
Жауға үрей туғызса, бүгінгі күн  
Тәуелсіздік күйінде күйбірлейді.

Сен атылған кездегі құрсақтағы ұл,  
Жатыр балғын өткізіп нұр шақтарын.  
Егемендік жалауы желбіреді,  
Еркіндікте азаткер ұрпақтарың.

Жұрт ұнатар тіршілік, тірлігін де,  
Қосарлана шертеді күйді бірге  
Отанының айбынын асқақтатып,  
Бастап бізді барады нұрлы күнге.

## ОТАН ҮШІН

– Отан үшін жан пидә!  
Деген ұран қайда бұл?  
Тек тобырдың әр қырда,  
Естиміз құр айқайын.

Батыр қазақ Бауыржан,  
Москваны қорғады.  
Жүрек сыздап ауырған  
Жанғанда орыс орманы.

Кірме казак Жайықта,  
Қаққа бөлсе арнасын.  
Қалай жүзіп қайықта,  
Қалай балық ауласын.

Кірме кержак Ертісте,  
Келер ол да бөлгісі.  
Ерік беріп тек күшке,  
Келмейді еш көнгісі.

Саяқ тобыр топталып,  
Құр айқайы естілген.  
Қолда мылтық оқталып,  
Кісі өлген соң ес кірген.

Ел ішінен жау шықты,  
Алартады көздерін,  
Мәңгүрттіктен дау шықты,  
“Көсем” етті өздерін.

– Күлкі болдық көп елге,  
Жаздап тұр-ау жан шыға.  
Мініп ап кер төбелге,  
Басар ма еді қамшыға!

Отан үшін, халқы үшін,  
Еңбек неге етпейді?  
Жұмсап адал бар күшін,  
Терін неге текпейді?

Деп атам бас шайқайды,  
Тауысып бар тағатын.  
Ұнатпайды айқайды,  
Жанға жара салатын.

Елге қатер төнгенде,  
Қыран ерлер қалғи ма?  
Тосар оққа өр кеуде,  
Отан үшін жан пидә!  
1991.

### ТАҚИЯ

Думанда доспен бірге шаттанатын,  
Іштегі барлық сырды ақтаратын.  
Жиналған игі жақсы ақ тілеумен,  
Мүшелді тойы еді Жаппар ақын.

Мәз болып өткен өмір, қызық іске,  
Тосты айтып отырса да күліп іште.  
Сырбай былай деді әзілменен,  
Сәбеңдер шыққан кезде үзіліске.

– Көңілдің жырмен аршып бұлақтарын,  
Іні боп қасыңызда шуақтадым.  
“Ұлы сөз

– ұят емес” деген бар ғой,  
Тақия бойыңыздан ұнатқаным.

Көргенде кең пейілін ағалардың,  
Қалайша мінезіне таға алар мін.  
Қарлыққан дауысымен Сәбең жайлап:  
– Ки, – деді, – осы болса қалағаның.

Артығы жоқ еркелік батылдықтың,  
Сыйласа дәстүрі бұл жақындықтың.  
Көзіме елестейді сол тақия,  
Ғажайып белгісіндей ақындықтың.



## ДОСТЫҚ

Думанды өмір біткенін базарының,  
Білдірді музыка азалы үні.  
Түсіп кеткен салбырап қабақтары,  
Орны толмас халыққа қаза бүгін.

Қабырғасы сөгіле қиналыпты,  
Келбеттерін бәрінің мұң жауыпты.  
Қоштасуға Сәбеңмен соңғы рет,  
Қабірінің басына ел жиналыпты.

Демі бітіп, көз жұмды талай қыран,  
Қайғырмасын қамыға қалай бұған.  
Сөз алғаны қаралы митингіде,  
Ташкенттік келген өзбек ағайыннан.

– Фафур Ғұлам, Сәбеңдер тірісінде,  
Ұқсайтынды ағайын бір кісіге.  
Дос болатын екеуі ажырамас,  
Жарасатын әзіл мен күлкісі де.

Сыйластыққа көп көңіл бөлген еді,  
Тіршілікте бұған не тең келеді?  
Есімізде Сәбеңнің жылап тұрып,  
Фафур досын қолымен жерлегені.

Қалай ғана қазаның табады емін,  
Біздерде де түсіңкі қабағы елдің.  
Қабірінен сүйікті Фафур аға,  
Топырақты бір уыс ала келдім.

Қалдырса да артына мол мұраны,  
Қос арыстың орнын кім толтырады.  
Көз жұмса да мәңгілік екеуінің,  
Торқа болғыр достассын топырағы.

Көз алдымда осы жай әлі күнге,  
Толқып тұрды қауымның бәрі бірге.  
Ақ қалтаға салынған топырақты,  
Сәбеңнің кеп сепкені қабіріне.

Көріп өтті халқының сыйын ерен,  
Шәйіттерге жазу да қиын өлең.  
Тіршілікте дос болған абзал жандар,  
Пәк қалпында өтеді дүниеден.

## ҚҰРМЕТ

Шоқтығын биік өтіп қалың елден,  
Табиғат туғаннан-ақ дарын берген.  
Бір күні сәті келіп жолға шықтым,  
Жазушы аға – Фабиден Мұстафинмен.

Жүрісін бір сәтке де суытпаған,  
Басшымыз шофер жігіт, білікті адам,  
Біздерді күлкі-әзілге қарық қылып,  
Атқарар ез міндетін ұмытпаған.

Құлағын түріп, иіп асыл басын,  
Ғабекең болғанға риза, қасында шын.  
Бал сөзі, жүрісімен жайлы шофер,  
Сынатпай сырғытады машинасын.

Қонғанда жотасына күн төбенің,  
Сезіндік кешікпей-ақ түн келерін.  
Балқаш пен Ақтоғайдың арасында,  
Адастық жазығында ту кеденің.

Табатын жол нәсерлі дауылдардан,  
Бөгетсіз қыста өтетін қалың қардан.  
Ел іздеп кезді шофер айналаны,  
Қарайған көрінбеді ауыл маңнан.

Алдамай піскен батты балбырап күн,  
Демеймін жолсерікке қалжыраттың.  
Көшуге жүкті буып, көлік күткен,  
Басынан ел кез болды Балбұлақтың.

Жазса да тағдыр біраз адасуға,  
Жете алмай мақсатыңа қаласың ба.  
Үркердей жанды көріп айдаладан,  
Түскені көңіліміз сабасына.

– Тұйыққа тірелгенде жолықтыңыз,  
Төркінін көрген қыздай оңып тұрмыз.  
Рұқсат етсеңіздер дем алуға,  
Сусынға егер болса беріп қымыз.

Таныған сапарменен жүре көпті,  
Осылай жолбасшымыз тілек етті.  
– Төрт болды жанарымыз алақтаумен,  
Тосумен жанымызды жүдеу етті.

Қашпайтын адамдармыз жолықса кім,  
Машина күтіп, үміт болып сағым,  
Отырмыз, – деді жігіт, – жинақталып,  
Көшпекші ек қас қараймай қонысқа бір.

Сарғайтып күпті етіп күттірмеді,  
Сүйеніп таяғына шықты ілгері.  
Ақсақал белгі беріп қойшы ұлына,  
Қайтадан киіз үйді тіктіргені.

Баланың сөзіне ата таңы барды,  
– Әкеліп сойып таста бағланды.  
Жол түсіп келіп отыр дарқан дарын,  
Іздесең қалай, қайдан табылады.

Хақым бар бүгін жолдан кешті бұрар,  
Тарқасын сезін тыңдап ескі құмар.  
Немерем сыбырлады өзі танып,  
Жазушы Ғабиденді естеуім бар.

Баураған шығармасы барша жанды,  
Жазғанын оқып жастар тамсанады.  
Жалғыз үй біздер түгіл қалың қауым,  
Құрметпен құшақ жайып қарсы алады.

Қария Ілтипатпен қабылдады,  
Қуаныш оты лаулап жалындады.  
... Халықтың ниетінен айналасың,  
Сыйлайтын дүлдүлдер мен дарындарды.

### **МАРҚАСҚА**

Өткен күн ізін ұрпақ білгізеді,  
Манарбек, Күләш дарын ұл-қыз еді,  
Солармен қатар шыққан сұңғылалар,  
Қазақтың өнерінің жұлдызы еді.

Көңілдің кетеріліп көк жиегі,  
Бұлақтай асқақ әуен төгіледі.  
Манарбек ән салғанда аспандатып,  
Тірілтіп әкелетін Өмірені.

Алатын бірден баурап әуен көпті,  
Жүрекке жол табатын әні өрнекті.  
Күмістей сыңғыр қағар сиқырлы үн,  
Жұртшылық сүйіп өтті Манарбекті.

Бүгін біз іздесекте марқасқаны,  
Жоқтатпай кекте қалып жалғасты әні.  
Әуезді ұрпағының сазды үнімен,  
Өнердің арайланар таңғы аспаны.

### **ДАРЫН**

Күлкі, әзілге жиынды қарық қылдың,  
Сахнада от болып жанып тұрдың.  
Суарылып өнердің көрігінде,  
Кейіпкерді өмірден танып, білдің.

Артыңда асыл қалдырдың талай мұра,  
Алдар менен ойнадың малайды да.  
Өзің сомдап жасаған дара тұлға,  
Ортамызға әкелдің Абайды да.

Нысанаға тиетін мір оғындай,  
Тілге шешен жаратқан сірә, құдай.

Сарқыт өтіп қалдырған арттағы ға,  
Әжуаңа бүгін де ел күледі ұдай.

Байқалмайтын бойыңнан жасандылық,  
Көрсетпедің лепірме, тасар қылық.  
Қалыбектей бір тума тарландарым,  
Халқымменен мәңгілік жасар жүріп.

### **СҮЙІКТІСІ ХАЛЫҚТЫҢ**

Жүрегіңнің алаулатып жалынын,  
Тамыршыдай дарындыны таныдың.  
Қабыл болып ізгі тілек, ақ батаң,  
Алдым шексіз ғибрат, мол тағылым.

Танымастай өзгерді ел, жер кейпі.  
Озбырлықтың мәңгірт басы еңкейді.  
Семейдегі жарылыстың үні өшіп,  
Абыралы қайта түлеп, көркейді.

Көкірегіме ұяласын қалай мұң,  
Егемендік, еркіндікті қалаймын.  
Кең әлемге нұрын төкті жарқырап,  
Қайта туған бақ жұлдызы Абайдың.

Егемендік елес емес, жетті шын,  
Жалауымды күн аймалап, өпті шың.  
Өзін емес, өзгені де дос тұтқан,  
Ұмытпайды өсер ұрпақ тектісін.

Жауды жеңіп көтерген ел іргесін,  
Аруақтарды сыйламасақ бізге сын.  
Дүр сілкінген қайта түлеп қырандай,  
О, Сапеке, халқыңменен біргесің.

### **ЖАЙСАҢ АҒА**

Ойын нықтап айтатын түсінікті,  
Кеуде қақпай атқарған ісі мықты.  
Сейітжан аға адами болмысымен,  
Көтті бізге үйретіп кісілікті.

Аттамады біреудің ала жібін,  
Түйілгенін көрмедім қабағының.  
Жаны таза кіршіксіз періштедей,  
Аға жайлы мөп-мөлдір қалады ұғым.

Не нәрсеге сабырлы салқын қанды,  
Ұнататын жайдары жарқын жанды.  
Жақсы көрген адамын ішке тартып,  
– Қарай гөр, – дейтін күліп, – антұрғанды.

Тәуелсіз ел жүрмеді тойларында,  
Қыдырмады кең дала, орманында.  
Өкінішті, көрмеді туған жері,  
Ақмоланың астана болғанын да.

Отыратын жұп жазбай жарқырасып,  
Жары Сәуия, ұл-қызы-алтын асық.  
Сәтімжандай күйеу мен келіндерге,  
Көз тимесін, қазақтың халқы ғашық.

Көрген кезде ақ отау, босағаны,  
Өркім шын көңілмен қош алады.  
Әруағының алдында басын иіп,  
Мейірімін ұрпағы тосады әлі.

### **ДИХАН ДЕП ТАУЫП ҚОЙҒАН ЕСІМІҢДІ**

Кешегі албырт көңіл бала Дихан,  
Бүгінгі дана Дихан, баба Дихан.  
Тоқсанға жеттің өзің ентікпестен,  
Қырандар осылайша дара шырқар.

Өмірдөн келдің алып бұйырғанын,  
Апшысын біреулердің қуырмадың.  
Қартайсын қарттың бәрі дәл өзіңдей,  
Ұнайды жайлап қана жымиғаның.

Басыңнан береке мен құт қашырмай,  
Жақсылық өн бойыңа жұқты асылдай.  
Дихан деп тауып қойған есіміңді,  
Баптадың жыр-егінін диханшыдай.

Көрмеді ұрпақтарың жырақ қалып,  
Өзіңе жыр арнады, күй ақтарып.  
Атандың Дихан баба елің сүйген,  
Нағашың Бұхар жырау сиқтанып.

Табылып ерен жүйрік үйірінен,  
Жырыңмен жұртты еріксіз үйіріп ең.  
Ол-дағы алыс емес көрейікші,  
Жүз деген асқар шыңның биігінен.

### **ӨЛЕҢІ СЕЛ ТАСҚЫНДАЙ**

Бала күннен ұнады,  
Дүлдүлдермен жарысы.  
Құлағымда тұр әлі,  
Гүрілдеген дауысы.

Өлеңі сел тасқындай,  
Шыңнан құзға құлаған.

Бәрімізді жатсынбай,  
Жақсы көрді Сырағаң.

Дүйсенімен бір оқып,  
Білім нәрін алғамын.  
Қатар жүріп жыр оқып,  
Мен де алаудай жанғанмын.

Арындап жыр-пырағы,  
Жүр даламда арқырап.  
Сенбес жаққан шырағы,  
Жұлдыздайын жарқырап.

### **АЛДАР МЕН ҚОЖАНАСЫР ЖИЕНИНЕ**

Тілі шоқтай қып-қызыл жанып тұрған,  
Көзін ашпай сұлуды танып туған.  
Мақтаменен бауыздап дұшпандарын,  
Әзіл-оспақ, күлкіге қарық қылған.

Сөз сөйлейді әзілмен жылтып қана,  
Садықбекке қарт үйір, ынтық бала.  
Тілінің еш білінбес мүкістігі,  
Аяғын сәл басқанмен сылтып қана.

Қалай ғана тот басып, тозады асыл,  
Басы бүгін сияқты боз ала шың.  
Нағашыға қарап жұрт бағалайды,  
Жиені ғой Алдар мен Қожанасыр.

Бірге жүрмей бір-бірін байқай ма адам,  
Кекірейіп тәкаппар шалқаймаған.  
Нағашысы қос сардар жолын берсін,  
Олар болса емірі қартаймаған.

### **БУКЕТОВТЫҢ ИТІ**

*Дай, Джим, на счастье лапу мне.  
С.Есенин.*

Ерте кезден бабамыз қосып өлең,  
"Ит адамның сенімді досы" деген.  
Евней де сез мәнін мол түсініп,  
Итін баптап өтіпті есіл ерен.

Әр дыбыстың мәні бар құлағында,  
Сыртқа шықса қалмайды бір адым да.  
Иесінің сенімді жан серігі,  
Дәуір шекті өз жайлы тұрағында.

Жамандыққа болатын ісі шағын,  
Ұға алмаймын кей пенде түсінігін.  
Балағына жармасса бақа – шаян,  
Ит те сезген дарынның кісілігін.

Мына жайға бүгінде қайран қалам,  
Тоқырау кез кей надан тайраңдаған.  
Өз қолыңды қалайша кесе аласың,  
Дос боп жүріп жауласқан қандай жаман.

Ғалым еді әрі ақын бұлбұл үнді,  
Сүйіп өтті сырлы әлем, жыр – ғұмырды.  
Ақиқаттың жолында құрбан болып,  
Жалған жала жабысып шығғырылды.

Сөз шығындап қайтейін қырт адамға,  
Не тындырды сұрқылтай шырқағанда.  
Керуен көшті, ит ұлып қала берді,  
Евней – жұлдыз жарқ етті жұрты аманда.

Арқау болған адалдық жырларында,  
Тоты құстар күй төкті гүл – бағында.  
Ой орманы қиялмен тербетіліп,  
Сергіді “Бейбітшілік бульварында”.

Жалған жала жұқартты-ау алып күшті,  
Жүректі өртеп, миды жеп, қарыпты ішті.  
Тозады ғой жүйке де қиянаттан,  
“Аһ ұрды да” қайран ер талып түсті.

Ол жүргенде ел жайлы толғап сырды,  
Ақиқатты аңғүдік торлаттырды.  
Адам – жыртқыш таласа,  
ал серігі  
Иті искеп сақшыдай қорғап тұрды.

Қоздырмастан баяғы мешін – дертті,  
Тәуелсіздік самалы есіп жетті.  
Күйе жаққан күндегіш күншіл заман,  
Жел айдаған қаңбақтай көшіп кетті.

Тіршілікте сыйламай қалаулысын,  
Бірін – бірі надандар талауы шын.  
Беу, адамдар! Осы біз орнатайық,  
Букетовтың итіне қола мүсін.

### **АҚЫН РУХЫНА**

Зерделеп тіршілікте жазған атын,  
Жыр төксе көлге аққу, қаз қонатын.  
Әп-сөтте болып қапты-ау біраз мезгіл,  
Кеткелі арамыздан тарлан ақын.

Қар басып Кеңсайдағы қырат-қырды,  
Егіліп табиғат та жылап тұрды.  
Қимайтын халқыменен қош айтысып,  
Мәңгілік пейіш төрін тұрақ қылды.

Мұң басып сыбдыр қақпай сырғалары,  
Қос қайың зиратында ырғалады.  
Ақынды жұмақта да ортаға алған,  
Қазақтың қасқа маңдай тұлғалары.

Болған соң о дүниелік бақыл жаны,  
Көз жұмып үнсіз ғана жатыр бәрі.  
Жанартау сияқтанып ойда жоқта,  
Оянып кететіндей ақындары.

Аралап қалың елін жыр, әні де,  
Дауысы жаңғырығып тұр әлі де.  
Киелі Гафекеңнің өр рухы,  
Барады бастап сиқыр бұла күнге.

### СУРЕТШІ САХИҒА

Кіретін үй жоқ – панасыз,  
Ер жеттің ата-анасыз.  
Жүргенде:  
– Өзім жетіммін, –  
Еліңді таптың аға Сіз.

Мерейін көріп туыстың,  
Көрісіп, жылап, күлістің.  
Тұлпардай аунап шалғында,  
Тоқырауынан су іштің.

Жетелеп үміт, кештің ой,  
Жетіліп балғын өсті бой.  
Кешегі өмір-тарихың –  
Десек те өткен ескі ғой,

Еркінде кетпей шабытың,  
Жоқтадың мұңын халықтың.  
Жолында өнер биіктеп,  
Өзің де “өнер” таныттың.

Түседі бірден бұл көзге,  
Мінезің жұрттан мүлде өзге.  
Суретші болу аздай-ақ,  
Өртіс те болдың бір кезде.

Шарықтап арман ұша бер,  
Сұлуды көрсе құшады ер.  
Жалаңтөс батыр сияқты,  
Алдың ғой Сәке, үш әйел.



Жетпістің шолып шыңынан,  
Үзбейсің күдер сұлудан.  
Қырандай көкте самғаған,  
Таймадың әлі тұғырдан.

Қарқылдап күлген күлкінен,  
Қар басқан таулар сілкінген.  
Бірге бол қалған ғұмырда,  
Егемен елің, жұртыңмен.

### ЖАЙЛЫ ДАУЫС

– Алматыдан сөйлеп тұрмыз!  
Саңқ етеді таныс дауыс.  
Қоңыр кеште,  
Өрлеп күндіз,  
Эфир кезіп жарысты алыс.

Радионы бұрап тұрып,  
Жатар кезде,  
ертеменен.  
Үн шығармай құлақ түріп,  
Тыңдайтынбыз ертегі, өлең.

Диктор үні жаңға жайлы,  
Баурап бізді алатынды.  
Арман қуып армандарды,  
Жанымыз жай табатынды.

Мұндай дауыс қала,  
Қырдан,  
Ойламайсың табылар деп,  
Дара тұлға,  
Дара туған,  
Байжанбаев Әнуарбек.

### ТҰҢҒЫШ

**Кеңес Одағының батыры, Халық  
қаһарманы, ұшқыш-ғарышкер Тоқтар  
Әубәкірвке.**

Қойны толы ашылмаған сыр жатты,  
Ғарыш бізге бұрындары жұмбақ-ты.  
Оған алғаш сапар шексе Гагарин,  
Тоқтар тұңғыш қазақшалап тіл қатты.

Қорқыт ата топырағы жоралғы,  
Туған жерге аман-есен оралды.  
Қарқаралы бауырында туған ер,  
Бүкіл халық мақтанышы бола алды.

Бір аунады Қазыбектей бабасы,  
Аңсап күтті Сарыарқадай даласы.  
Алматы мен Қарағанды жолындай,  
Жақындады жер мен ғарыш арасы.

Білетінмін жанарында от барын,  
Жүрегі де ерлікті аңсап соққанын.  
Елдің даңқын бір шығарды аспанға,  
Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтарым.

### **АРМАНЫҢ ЖОҚ**

Күйлерің тартқан  
Көңілін елдің жаз қылды,  
Ал кейде мұңлы  
Көзіне жас та алғызды.  
Қорғасын құсап  
Еріткен тұла бойларын,  
Сүйсіне тыңдар  
Мағауия Хамзінді.

Қос шекті баяу  
Саусақпен шертіп қақтың кеп,  
Жаныңа дауа  
Әуезді үннен таптың көп.  
“Саржайлау” менен  
“Сылқылдық” кетсе сыңғырлап,  
Тіріліп бізге  
Жеткендей өзі Тәттімбет.

Алды ғой баурап  
Туған жер байтақ көлемін,  
Домбыраң әр кез  
Күмбірлеп сиқыр төгер үн.  
Таланттың мәуе  
Жемісін кезбен біз көрдік,  
Ұрпақтар үшін  
Гүл жарды дархан өнерің.

Өстің ғой тыңдап  
Тоқырауыннан қаз үнін,  
Әшімтай, Аққыз -  
Жолбасшы Темірқазығың.  
Ағыл да тегіл  
Күйлерін бойға сіңірген,  
Ізбасарысың  
Тәттімбет, Құрманғазының.

Тұқымы едің  
Шарболат асыл тектінің,  
Ұйқысыз өтті  
Өнерді қуып көп күнің.

Қазақтың халқы  
Ханындай көкке көтерді,  
Тәуелсіз елде  
Арманың сенің жоқ бүгін.

## ҮШ НОЯН

**Қазақ зиялылары Хамит Хасенов, Әсет  
Болғанбаев, Әуесхан Қанафиндерге.**

Сарыарқаны дүбірлеткен үш ноян,  
Саналарын біліммен тек ұштаған.  
Ақиқатты ар туындай көтеріп,  
Асқар шың жоқ қанат қағып ұшпаған.

Оқ бойы озып қатарластан, бауырдан,  
Сауат ашты туып өскен ауылдан.  
Қақ-соқпенен жұмысы жоқ үш ноян,  
Аман қалды сұрапыл көк дауылдан.

Аулақ жүрді ұрда-жық пен ездерден,  
Аман өтті аласапыран кездерден.  
Бірі ғалым, бірі ұстаз, бірі әкім,  
Биіктеді, мінезі жоқ өзгерген.

Досқа таза кеңілменен тұрақты,  
Тура сөйлеп, тік жүргенді ұнатты.  
Жарты ғасыр жазылмастан жұптары,  
Бірге жақты азаматтық шырақты.

Жүрегіне тың серпіліс, күй берген,  
Туған елден ілтипат пен сый керген.  
Қасиетті еңбек сүйгіш, адалдық,  
Дұрыс шығар үш нояннан үйренген.

Бақыт құсы таңдап, талғап қонады,  
Ол жүрген жер шат-күлкіге толады.  
Жомарт жүрек, жаны жайсаң жандардың,  
Өрқашан да жұлдыздары жоғары.

## АҚЫНҒА

*Кәкімбек Салықовқа*

Адамды сүйсең  
Сүйесің бүтіл беріліп,  
Сөйлесең, сөзің  
Бұлақтай кетер төгіліп,  
Бойыңнан сенің  
Табылар еді әрқашан,  
Кісілік пенен,  
Ақындық әрі серілік.

Оқысаң өлең,  
Керегін жаным тапқандай,  
Кеудеме менің  
Бір шаттық шырақ жаққандай.  
Құшағын жайып,  
Қарсы алса күліп жан ағаң,  
Ініге болар  
Осыдан артық бақ қандай!

Кешкілік сәтте:  
“Бітті ғой жұмыс бүгінгі,  
Тыңдап кет жыр”, – деп  
Шақырар едің ініңді.  
Оқыдың бір кеш,  
Қарлықпай сонда дауысың,  
Сағындым, аға,  
Мақпалдай майда үніңді.

Сайраған кезде  
Көктемгі құстар бақтарда,  
Алаулы гүлден  
Алатау алқа таққанда.  
Жырларың жаңа  
Шабыттың отын тұтатқан,  
Сағындым, аға,  
Шалқыған шалқар шақтарда.

Өзіңді кей жан  
Біздерден алыс жүр десін,  
Жүрегім сыздап  
Көңілім неге кірлесін.  
Сағындым деймін  
Еркелік шығар, бәлкім бұл,  
Жырыңмен кәусар  
Еліңмен аға біргесің!

1985

### **ШИПАГЕР**

Табиғатқа көрсетіп өктемділік,  
Көктем шығып келеді, көктем шығып.  
Қауыз жарған гүлдерге мейіріммен,  
Күн де нұрын төгеді көктен күліп.

Үні тынбай күнұзақ бақ ішінен,  
Құстар әнге салады жарысумен.  
Жұпар жұтып көре алмай бәрін көзбен,  
Мен жатырмын төсекте дәрі сіңген.

Емші келсе көңілің гүл атады,  
Жақыныңдай жаның да ұнатады.  
“Күні ертең-ақ жазылып шығасың”, – деп,  
Дәргер Теңлік сәбидей жұбатады.

Қарсы алдыңнан анаңдай өмір күлген,  
Тазарады бір сәтке көңіл кірден.  
Қанат қағып ұшатын балапандай,  
Жинақтайсың бойыңды сенім кірген.

### ШӘМІЛ АҚЫН

Талпынып ерте қақты жыр қанатын,  
Бүгінде елге әйгілі іргелі ақын,  
Уыздай ұйып тұрған шайқалмаған,  
Семьяның басы еді үлгі алатын.

Киіктің асығандай шымыр ғана,  
Жан еді, салды қысқа ғұмыр – жара.  
Сүйіп өтті асыл жар, ұрпақтарын,  
Биіктерге көтереді жырын дара.

Бүгін аға жоқтығы білінеді,  
Ал несіне ағайын түңіледі.  
Әке жолын ұл-қызы жалғастырса,  
Жырын әрі жалғайды інілері.

Азамат боп халқына танылатын,  
Шығармасы шығарар дарын атын.  
Бал жырымен жүректі шымырлатып,  
Маңгі есте жүреді Шәміл ақын.

### ӘН АҒА

Тасқын судай төгіле,  
Нәсерлетті Нұфтолла,  
Жыр әлемі көгіне,  
Қыран құстай шықты ол да.

Ғашықтарды балқытып,  
Жүректерді тербеткен.  
Шырқады әнге шалқытып,  
Роза мен Ермектер.

Ақынмен бір жырладым,  
Мұқалмастан қаламын.  
Радиоға жиырма жыл,  
Орнын бастым ағаның.

Өлеңдерің ұнады,  
Кәрия мен балаға

Мәңгі бірге жыр-әні  
Мәңгі бірге ...н-аға

### ТҮМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВКЕ

Бір биіктеп қаласың,  
Тисе саған батасы.  
“Балдырғанға” жанашыр,  
Бүлдіршіннің атасы.

– Ол кім?  
Ақын Тұм-ағаң,  
Бойы толы жыр ағаң.  
Кіші, үлкенге ұнаған,  
Өлеңдегі ірі ағаң.

Кітап оқып тамсанып,  
Үңілесің құныға.  
Жібересің ән салып,  
Қанаттанып жырыңа.

Нажағайдай от өріп,  
Атын жазды аспанға.  
Бөбектерін көтеріп,  
Шықты еңтікпей асқарға.

### КҮЙШІ УӘЛИ

Жанға жайлы тиетін күй – дастаның,  
Сазына елтіп өзіңмен сырласқанмын.  
Өткен күнмен бүгінді алмастырып,  
Кезді қазақ шарықтап нұрлы аспанын.

Елге келдің шәлкіреп, қаталап та,  
Үмтылмадың мінуге атақ-атқа.  
Кей кездері қалсаң да ескерусіз,  
Бөледі елің зор құрмет, махаббатқа.

Бойды жылтып мейірім, шуағы елдің,  
Жарқырап бір жұлдызы туады ердің.  
Сергек шерткен күйменен қанаттанып,  
Жұрт алдына асқақтап шыға келдің.

Шыға берші шарықтап шың басына.  
Ал халқыңнан ешқашан сыр жасырма.  
Жаңа ғасыр өзіңді тауып алар,  
Атақ егер тимесе бұл ғасырда.

## ТАНЫТА БЕР БЕКТИҒІНДІ

Жасыңнан жаңа заман төкті нұрды,  
Талпынып бойға жидың көп білімді.  
Кешегі бауырсақтай сары бала,  
Елі сүйсінген жазушы Бек бүгінгі,

Ежелден аңыз өлке ел білетін,  
Келтірген келбетімен жердің көркін.  
Балқаштың арғы жағын мен жайласам,  
Ен жайлау мекен еттің бергі бетін.

Көктегі алатындай тартып айды,  
Асаудай шабыт шіркін арқырайды.  
Балқаштың жағасында туғаннан соң,  
Айдындай маңдайымыз жарқырайды.

Құйрықты жұлдызша ағып өткен кетті,  
Сырыңа үңілген соң көп көз жетті.  
Дүрілдеп тұрған кезде колхоз, совхоз.  
Біле де бермеуші едік Совхозбекті.

Жұртқа да дәріптейтін жоқ атағың,  
Бұрындар ұрпағы едің көп атаның.  
Өзің де әй, ағажан, қусың-ау бір,  
Совхозын алып тастап Бек атандың.

Болмайды бұған әсте өкінуге,  
Ширығып Бек атандың, бекідің де.  
Кеудеңде көрігіңді желпіндіріп,  
Дамылсыз шабытыңның отын үрле.

## ЖАЙЫҚТАЙ АРНАЛЫ АДАМ

Сыншы біткен адамды таңдамаған,  
Ал ақындар көп өлең арнамаған.  
Шолақ сайдай тез тасып басылмайды,  
Бұл Зейнолла Жайықтай арналы адам.

Дей алмаймын әкімдей көк тіредің,  
Адал жүріп атқардың көп тілегін.  
Қыз мінезді жігітсің, сын дегенде,  
Наркескендей қақ тілер еткір едің.

Қыран құстай көз тастап шартарапқа,  
Жар іздедің, ұнаса қала жат па.  
Жеңіс балдыз керек деп о, жездеке,  
Ақырында жол салдың Арқа жаққа.

Қасыңда отыр, емес қой аяулы алыс,  
Мұндай шақта болмайды баяу намыс.  
Абай елі құрметті азаматы,  
Чемпионы өзіңсің жаяу жарыс.

Елге батса әумесер тізелері,  
Жұртқа таныс билік пен түз өнері.  
Әділ сыншы өзіңдей аман жүрсе,  
Әкең тұрсын, әкім де түзеледі.

### **БӘЙТЕРЕК**

Өсті де жігіт болып жұдырықты,  
Жасынан спорттың қыр, сырын ұқты.  
Алтыннан алқа тағып биіктеді,  
Беймәлім дүрліктіріп құрылықты.

Сүймеді қапы кетіп сүрінуді,  
Білмеді сәтсіз кезде түңілуді.  
Шетелдік кеудемсоқты бүк түсіріп,  
Танытқан қазағымды жұдырығы.

Жаралған шуағы мол бойы нұрдан,  
Алатын жұрт ләззат ойынынан.  
Дәл пішіп сом тұлғасын құя салған,  
Шар болат Теміртаудың шойынынан.

Бүгінде атағы зор, тұлғасы ірі,  
Өзімен бокс сүйер сырлас іні.  
Бар әлем қазағымды білмес еді,  
Әбдісалам сияқты тумаса ұлы.

Сүйсінітіп жеңісіне байтақ елді,  
Өз әнін өзі шырқап айта келді.  
Тамырын терең салып, бұтақ жайған,  
Қазақтың спортының бәйтерегі.

### **АСҚАҚТАП КӨРІНЕРСІҢ БИКТЕРДЕН**

*Еркін күрестен Қазақстанның тұңғыш  
спорт шебері, Орта Азия мен Қазақстан-  
ның бірнеше дүркін чемпионы Қабден  
Байдосовқа.*

Асыл жан едің әлі керек елге,  
Өрлеген тіршілікте өнері өрге.  
Өзіңді ұқсатушы ем ер түріктің,  
Президенті Сүлеймен Демерелге.

Өсіп ең абыздардан жастан бата ап,  
Болмады сенен үркіп қашқан атақ.  
Қазағым ардақтаған арыстарын,  
Атыңды ойып жазды тасқа қашап.

Жатсаң да серік етіп мәңгілікті,  
Ұрпағың игі ісіңді ән қылыпты.



Оңалар артында бар Қабден аға,  
Есімің бүгін қайта жаңғырықты.

Алыптар қалайша тез ұмытылар,  
Бейнеңде жарық күннің нұры тұнар.  
Әпсеттеп болашаққа жеткізетін,  
Жалынды ақындардың жыры туар.

Бойыңа бар асылды жиып берген,  
Шығып ең суырылып сүйікті елден.  
Төрінен жаңа ғасыр орын алып,  
Асқақтап көрінерсің биіктерден.

### ТЕКТІ ҰРПАҒЫ

***Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Ғылым Академиясының мүше-кор-  
респонденті, техника ғылымының  
докторы Төлеген Мүсілімұлы  
Ермековке.***

Текті ұрпағы мүйізі қарағайдай,  
Тексізді ел мүсіркеп аяғандай.  
Төлегенді мақтанып көрсетер ем,  
– Тектіден туған десе бала қандай?

Дәулет пен берекеге қоныс толған,  
Атаңдар Ермек, Әбеу болыс болған.  
Халқының қамын ойлап заманында,  
Ақиқат, имандылық жолды ұстаған.

Тектімен үйір қылып өсер ұлын,  
Дос болды Құнанбаймен кешегі күн.  
Кемеңгер Әлімхандай дара тұлға,  
Алаштың бірі болды көсемінің.

Арқалап өтті заман өмір – жүгін,  
Ұмытар Мүсілімдей ер ұлын кім.  
Әкеңнің тал бойына жиып берді,  
Қазақтың жомарттығын, серілігін.

Дарытып қасиетін алыптардың,  
Мүсекең аялады, тарықпадың.  
Темірбек жездең, апаң Дәметайлар,  
Ойлады өле-өлгенше халық қамын.

Жарқырап күннің шығып, батпаған- ай,  
Отырсаң лайықсың таққа қандай.  
Шырқайтын әкең әнін “Иманжүсіп”,  
Тек қана сол бір жағы “Әттеген-ай”.

Еліңе мәртебелі, сүйікті еткен,  
Асқарға адал еңбек биіктеткен.

Қазанға қос бас симас, ал бір үйге,  
Қос доктор жұптай болып сиып кеткен.

Инемен құдық қазып өтті күнің,  
Кәдеге асты жиған көп білімің.  
Халқыңа танылсаң да ғалым болып,  
Тәнті еткен дүйім жұртты тектілігің.

## ТЫНДАРМАНЫҢ ЖІБЕРЕР ШУАҚТЫ ЕТІП

Дархан жүрек, ақ адал Мырзабекті,  
Тым ертерек тағдырдың ызғары өпті.  
Қырық тоғыз мүшел жас өкіндіріп,  
Асқар шыңнан бақилық құзға кетті.

Жаны жайсаң, құрақтай желкілдеген,  
Үлкендерге балаша елпілдеген,  
Кішпейілдік биікке көтерді де,  
Орын алды билерше еркін төрден.

Қамқор бола білетін жазықсызға,  
Аңсауменен қарайтын алыс қырға.  
Қатарласын сыйлайтын болмысымен,  
Бас имейтін кеудемсоқ парықсызға.

Айырылсақ та қас өнер қаймағанын,  
Мұхтар, Әсел қанатын жайған ұлан.  
Түкпірінен жүректің орын алған,  
Сыйлы болған ақ жарқын жайдары жан.

## АЛТЫН ТОЙ

Сыбагадан тиесі қалғандай біз,  
Бойымызды ызғары алғандай күз.  
Нарық қысқан шақта да үміт артып,  
Алтын тойға жетсек деп армандаймыз.

Өрлеп көкке самғаса талмас қыран,  
Қырандарды құстар жоқ алмастырар.  
Түрсекең мен Нағимаш Ақтоғайда,  
Алтын тойын тойлаған алғашқылар.

Алғашқылар қашанда түрен салған,  
Ойнап-күліп ішінде жүрер сайран.  
Ауылында алтын той төрде отырып,  
Қанып ішкен екеуі күрең шайдан.

Түрсекең аспас, саспас салқын қанды,  
Нағимаш көпшіл келген жарқын жар бір.  
Қондырып құтты орынға ұл-қыздарын,  
Іздері жатыр сайрап алтын даңғыл.

Аласапыран олар жоқ күнді ұмытқан,  
Сыйластықты үйреніп жүрді жұрттан.  
Көңілдері қазақтың даласындай,  
Үлкен-кіші ардақтап үлгі тұтқан.

### **ОРЫНДАЛДЫ АРМАНЫ**

Қарпық, Қарпық болғалы,  
Келді көп күз, көктемі.  
Жетпіс жасқа толғалы,  
Өмірі бос өтпеді.

Ойы сергек, көрікті,  
Өрімталдай талдырмаш.  
Тағдырына көніпті,  
Өжет мінез балғын жас.

Лайық жар іздеді,  
Елден кетпей тысқары.  
Рымжандай қызды өзі,  
Құшырлана құшқаны.

Жанын күйге бөледі,  
Дауылпаздың жырлары.  
Ардақ тұтып келеді,  
Сәкендей ер тұлғаны.

Ғылымда көп тер төкті,  
Ақталды адал еңбегі.  
Ұрпақтары ер жетті,  
Асқар шыңға ерледі.

Жұрт қызыға қарайды,  
Орындалды арманы.  
Атар алдын арайлы,  
Жарық болсын таңдары.

### **Жазушы САПАРҒАЛИ ЛӘМБЕКОВКЕ**

Болдың да құшағында даналықтың,  
Жасыңнан терең бойлап даланы ұқтың.  
Аязға қарытқаның қос құлақты,  
Албырт бір салдарынан балалықтың.

Елемедің суық пен өтін желдің,  
Бола ма кейін бірақ өкінгенің.  
Журналист әрі ақын, жазушы боп,  
Шықсаң да биікке бір лепірмедің.

Өзіңдөй туған жерді жаза алар кім,  
Келмейтін жұртты еріксіз мазалағың.  
Қиялың Қарқаралы шыңдарындай,  
Шайтанкөл көүсеріндеі таза жаның.

Ететін жұртқа әсер жырың күшті,  
Жүрегің шалқар өлке нұрын құшты.  
Қос жанар маңдайдағы аман болса,  
Көресің сиқырлы сан құбылысты.

Батыл жан қиындықтан тайсала ма,  
Жаныңа жайлы тиер майса ғана.  
Сенкібай баба аруағы қолдап жүрсін,  
Тұлғалы халық сыйлар жайсаң аға.

### **СЕРІ ЖІГІТ**

Бұлақ мөлдір кіршіксіз таза деген,  
Сондай жанды мен мақтап жаза берем.  
Көңіліңнің сарайы ашылады,  
Бірге болсаң Ағабек бажаменен.

Албырт жігіт Ағабек бір аусар жан,  
Қайда алпыс деп кешелер ұран салған.  
Сол алпысқа бүгіндер келіп отыр,  
Азамат боп самайын қырау шалған.

Күй шертеді сұқ саусақ, бармақпенен,  
Домбырасы сан күйді жайлап төгер.  
Балалары, кішкене немерелер,  
Әке жолын дәстүрлі жалғап берер.

Ағабектің хал-жайын сұра менен,  
Баяндайын бар сырын құрап өлең.  
Үй ішін де, сыртты да мығым ұстап,  
Мықты болып жүргені Кларамен.

Жұмыс десе бойдағы қуат жетіп,  
Жұрт көңілін жүреді шуақты етіп.  
Дос-жараны ардақтап, қадыр тұтқан,  
Сері жігіт Ағабек Мұратбеков.

### **ШОРИН МЕЙРАМҒА**

Кімдерге бермедің сен қол ұшыңды,  
Ұмытпай еске алады ел зор ісіңді.  
Өмірге адам болып келіп кеттің,  
Өтедің жұрт алдында борышыңды.

Кешегі оралды да нұр шақтарың,  
Біздерді рухыңмен құшаққа алдың.

Тоқырауын табанын дүрілдетіп,  
Бүгінде өркен жайды ұрпақтарың.

Имейді ешқашанда басын емен,  
Кеудесін тік ұстайды асыл өрен.  
Жалаңтөс елге оралды  
ал, ез асың,  
Бабаның қатар келді асыменен.

Әрқашан алға сүйреп ер талабы,  
Төтелеп Әлікен балаң жол табады.  
Даңғылды өзің салған жалғастырып,  
Алдағы ғасырларға тартар әлі.

### **МЫРЗАҚАНҒА**

Айызын қандыратын талайлардың,  
Ұрпағы едің шешен би Шабанбайдың.  
Мәслихат жүргізіп ел алдында  
Сөйлесең жалын атып арайландың.

Керсетпей қаһар төгіп айбатынды,  
Жан едің Шабекендей майда тілді.  
Тәйір – ай, алпыс деген ағалық жас,  
Әлі де керсете бер қайратыңды.

### **САҒАДАТҚА**

Бір қалпында сабырлы жатады айдын,  
Кезегімен шығады, батады Ай, Күн.  
Ата жолын ұстадың бағдар шамдай,  
Ұрпағы едің еңбекқор Жапабайдың.

Төрін төкпей мұратқа жетеді кім,  
Тар жол, тайғақ кешуден өте білдің.  
Жетпіске де желіп жет жан ағатай.  
Алты асқарға еңтікпей көтерілдің.

### **АМАНКЕЛДІГЕ**

Артқа тастап албырт шак, балаң белді,  
Қуантып ағайын мен тамам елді.  
Зымырап өзі мінген “Жигулидей”,  
Асқарға көтерілді Аманкелді.

Байыптап ақылы мен салмақ кушін,  
Атаның мұра тұтқан жалғапты ісін.  
Өкенің ұлы емес, халқы сүйген,  
Еліміз сыйлап өткен ардақтысын.

Тілеймін кең пейілін қазағымның,  
Айдынды Ақ Жайықтың тазалығын.  
Өкең де халқы сүйген адам еді,  
Өзің де сүріп өтші таза ғұмыр!

### **САЗГЕРГЕ**

Қазақтың әнге бөлеп қырқа, белін,  
Қосылып домбыраңмен шырқап едің.  
Жетісу жер жәннәті, құтты мекен,  
Әйгілі Мұқан сазгер ұрпағы едің.

Әніңе құмар қауым таныс бәрі,  
Ауылдар жатқа айтады алыстағы.  
Қайтадан тірілттің де батырларды,  
Әкелдің ортамызға арыстарды.

Арудың сылдыр қақан шолпылары,  
Сияқты Ақсу өзен толқындары.  
Балқытып әсем әуен жан-жүйеңді,  
Көңілді махаббатқа толтырады.

Өзіңді Қалқаға жүр балап халық,  
Құдайым дарын етіп жаратты анық,  
Мұратқан шипагерсің жұрт аңсаған,  
Әніңмен шыға келер қанаттанып.

### **ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ**

Жыр бұлбұлын төсіне қондыра алар,  
Өсуіне азамат болдың алаң.  
Сенім артып өзінен үміт күткен,  
Ел ағасы жасына келді балаң.

Көтеріліп талпынған талабы өрге,  
Еркелейді именбей балаң елге.  
Баба аруағы қолдап жүр Жидебайдай,  
Шабанбай, Жанғұтты мен Қараменде.

Қызылсеңгір тасында түледім де,  
Ғашық көзбен қарадым гүл өңірге.  
Сарыарқаның дауылы, жауынымен,  
Тоқырауын күйі бар жүрегімде.

Көкірегімде даланың самалы ескен,  
Бозторғайдың шырылы қала ма естен.  
Бүгіндері балаң да биіктеді,  
Ақсораңның шыңына қарап өскен.

Сұңқарларын баптайды елі ұшатын,  
Келді кезім марқайып толысатын.



Әке сенің атыңа кір келтірмей,  
Елім сүйген атандым Жеңіс ақын.

Дархан халық ақ пейіл жанды ұнатты.  
Жансарайда үміттей шамды жақты.  
“Ақтоғайдың құрметті азаматы” –  
Берді атағын, мінгізіп әрғымақты.

Кезім еді менің де сыналатын,  
Нажағайдан бойға от жыр алатын.  
Соның бәрін көзіңмен көрмесең де,  
Тәнті болды ағайын, жұрағатың.

Сынайды ерді керуен-уақыт жолда,  
Оңайлықпен қонбайды бақыт қолға.  
Бүкіл қазақ таңыған Жеңісіңді,  
“Ұрпағы еді, – дейді жұрт, – Рахметолла”.

Өмір бағын өлеңмен гүлдетуге,  
Тіршілігім еліммен бірге өтуде.  
Жайып салдым кіршіксіз көңілімді,  
Аямайды халқым сый, құрметін де.

Қыран құстай желпініп бекер мені,  
Ардақ тұтып аспанға көтермеді.  
Алда атқарар борышым төлегейдей,  
Бар болғаны тамшыдай өтелгені.

Жыр пырағы тыпыршып арындаған,  
Ұмтылады қамалға алынбаған.  
Бойға тыңнан күш бітіп буырқанам,  
Халқыма әлі жандай бір танылмаған.

## **БАБАЛАРДЫҢ ДӘСТҮРІ ЖАЛҒАСАДЫ**

Халқын ойлап жүрегі дүрсілдеді,  
Терең бойлап тарихты білсін деді.  
Жас өркенге мирас қып шежірені,  
Сыйға тартты Жақсыбай Тұрсынбегі,

Көкейдегі шырақты жандырады,  
Қаталаған шөлiңді қандырады.  
Бабаларды тірілткен азаматқа,  
Алғыстарын жаңбырдай жаудырады.

Өткен күннен белгі бар, жоққа тұңіл,  
Бұлақ көзі – шежіре жоқтар ұлын.  
Бір-бірімен табысып қауышуда,  
Ұрпақтары текті ата Тоқсарының.

Өмір көші жылжиды, алға асады,  
Уақыт та тапжылмай қалмас әрі.

Егемен ел атандық, бабалардың  
Бауырмалдық дәстүрі жалғасады.

### **СӘТТІМБАЙ ЖЕЗДЕЙГЕ**

Бастан кешіп оқты да, боранды да,  
Жорық кезі жүрді ылғи қол алдында.  
Жауды жеңіп еңбекке араласты,  
Күлзияның бағына оралды да.

Жетім өссін, немере, балаға бай,  
Жоқшылыққа пысқырып қарамады-ай.  
Жауынгерді белмейтін қолбасшыдай,  
Күтті әкесін, енесін алаламай.

Мейірімін бізге де уйіп төкті,  
Болатжаны әкесін сүйікті етті.  
Сәттімбайды еңбегі, кең пейілі,  
Алатаудай аспанға биіктетті.



# ДОСТАРЫМ МЕН ІНІЛЕРІМ

## ДОСТАРМЕН БІРГЕ

Еркелеп келдім өмірге,  
Кеудемнен мені теппеді.  
Түсірмей кірбің кеңілге,  
Күндерім нұрлы өткені.

Кездерім кейбір алданған,  
Жүрекке жара салса да.  
Ақжарқын абзал жандардан,  
Ілтипат көрдім қаншама.

Алшаңдай бастым адымды,  
Еріп бір тәтті сезімге.  
Өрісім бір сәт тарылды,  
Ауызым күйген кезімде.

Жолымды бөгеп кей надан,  
Баладай аңғал сүрінгем,  
Сенімді бойдан жоймағам,  
Өмірден жоқпын түңілген.

Қолтықтан демеп асыл жар,  
Достарым сілтеп бағытты.  
Лаулатып жырды басылған,  
Жалғадым думан-сауықты.

Жұп жұзбай күн мен түн қатып,  
Мәңгілік жүрер қатар кім?  
Достармен дәм-тұз бір татып,  
Жұмақта бірге жатырмын.

## БАЛҚАШТАҒЫ БҰҒЫБАЙҒА

Тартшы дос, домбыраңды шертіп қана,  
Жүрегім күй тыңдасын, елтіп дала.  
Сазды әуен арман қыздай еліктіріп,  
Мені де кетсінші бір қолтыққа ала.

Жаюлы дастарханнан кеш қалайық,  
Сол бойдақ кезімізді еске алайық.  
Бүгінде жар мен бала сүйсектағы,  
Қалыпты мінезіміз досқа лайық.

Шертіп тарт, ауыздықтап басын бұрма,  
Тулатып, бұлқындырып ашындырма.  
Майда үн жас дәуреннің күйін толғап,  
Шығарсын біздерді ертіп жасыл қырға.

Тарта түс сылқылдытып, Бұғыбайым,  
Сезімтал күйлеріңнен сыр ұғайын.  
Оралтып жігіт шақтың отты күнін,  
Тағы да қызуына жылынайын...

### **ҚҰРДАСЫМА**

Туған күні, жылы жау лаң салған,  
Бүгін достым самайын қырау шалған.  
Софы қойған әкесі азан айтып,  
Болмасын деп әумесер бір аусар жан.

Жанымызды тым ерте суық бұған,  
Нұрын сараң төкті күн шығып қырдан.  
Жеңісті аңсап туғандар соғыс жылы,  
Ел бірлігін жырлады ұйып тұрған.

Сен жырладың алаштай елдігімді,  
Сен жырладың қаһарман ерлігімді.  
Намыс оты тұтанып кеудем менің,  
Желпінеді түндіктей желді күнгі.

Жорық құрсаң соқтығыс, жолы қайғы,  
Батыр жолды қорқаудай қорымайды.  
Ел қорғаған ерлердің сом тұлғасы.  
Ескерткіш қып сыйладың "Елім-айды".

Софы құрбым жазушы-ірі тұлға,  
Шабыт атын болмайды еш суытуға.  
Ардақты елім, өз атың көкте қалқып,  
Желбіресін даңқтың туы шыңда.

### **ҚҰРБЫҒА НАЗ**

Аймалап қарсы алатын дала гүлді,  
Досымды көрдім аңсап бала күнгі.  
Құрбымды құсам деймін жауыннан соң,  
Асығыс түріп алып балағымды.

Бүгін сенің шырқайтын келді кезің,  
Ақиқатты аңсаған көрді кезің.

Халық жауы баласы бола жаздап,  
Болмай да қалған Қуаныш едің өзің.

Ұялаттың кеудеңе жаңбыр үнін,  
Шуағына шомылдың таң нұрының.  
Халқы үшін жанын түйген шүберекке.  
Әруағы артсын Әбду, Әбдіғұлдың.

Ауырлықты білдіртпей анаң сенің,  
Артқан-ды келін менен саған сенім.  
Телміртіп өздеріңе көп қаратпай,  
Үйде отырып қандырды балаң шөлін.

Кауышып жатырмыз ғой Қуанышым,  
Достықтан тауып көңіл жұбанышын.  
Нарық қыссын елемей шыңға өрлейік,  
Сертім осы, сен-дағы тұрамысың.

## ШИПАГЕР

***Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
бас дәрігер Амантай Біртановқа.***

Ұқсайсың бір қарасам,  
Әділ сөйлер әкімге.  
Өзіңе тек жарасар,  
Болу Лұқпан Хакімге.

Бөлтірік би, шешендей,  
Тура жолдан таймадың.  
Ел басқарған көсемдей,  
Түгенделді аймағың.

Адал әрі беріксің,  
Гипократ антына.  
Ой маржанын теріпсің,  
Кітап жазып халқыңа.

Түстің өзің араша,  
Қарсы тұрып ажалға.  
Ем іздедің жаңаша.  
Соққы берер тажалға.

Адамдарға арналды,  
Жүрегіңнің жылуы.  
Ұрпақ жолы жалғанды,  
Дәрігер еттің ұлыңды.

Достар адал ниетпен,  
Ілтипатын арнапты.  
Арынды ақын жыр еткен,  
Өзіңдей жан ардақты.

## ДОСТЫҚТЫ АДАЛ КӨТЕРГЕН АР ТУЫНДАЙ

**“Құрмет” орденінің иегері  
А.М.КАРАПЕТЯНҒА**

Бой алдырмай жасымнан ащы суға,  
Таттым сусын тәттісің, ащысын да.  
“Бахус” жұртты риза етіп дүрілдеп тұр,  
Істің алға басуы басшысынан.

Еңбегімен жайдары күйге кірген,  
Келбетінен шырайлы нұр төгілген.  
Достықты адал көтерген ар туындай,  
Бөленіпті ілтипат, құрметіне ел.

Іскер келген сондай жан Карапетян,  
Қолына алған ұнайды әрекеті әр.  
Айырылмай өндіріс, жұмысшыдан,  
Нарықта да шаруасын қиыстырған,

Сенім артса қашанда өрінер ме ер,  
Дос боп келіп қазақтың төріне енген.  
Таққан “Құрмет” ордені жемісі еңбек,  
Көрінеді қашанда көңілі өрден.

## ЖАЙРАҢДАП АЛДАН ШЫҚСА

**Қасымқан, Сағымбай, Бағдат, Елубай,  
Оралбек, Ғабидендерге**

Жайрандап алдан шықса інілерім,  
Көргендей болам нұрлы гүлін өмір.  
Арқардай ай мүйізді ерге баспас,  
Боз өкпе ағалардан түңілемін.

Ілесіп бос дақпырттың жетегіне,  
Биікке үлкенмін деп көтерілме.  
Коспасаң үйіріңе балғын жасты,  
Сөгіліп бірте-бірте кетеді ірге.

Ойы жоқ, әрекет жоқ қалар ықта,  
Құр сөзбен сыйластықты жалаң ұқпа.  
Танытса кішіге тән кішпейілдік,  
Жараймын жаға тұтар ағалыққа.

Ақ жарқын инабатты інілерім,  
Апайтөс кесек тұлға ірілерім.  
Көрсетіп адал достық кісілікті,  
Өтеді азаматша сүріп өмір.

## ЖАРЫҚ ЖҮЛДЫЗ

Қанат керек қыранға самғау үшін,  
Өскен ұрпақ атаның жалғар ісін.  
Халқымыздың бір туар Даулетісің,  
Ұл аңсаған ананың арманысың.

Ер жігітке болады сенуге де,  
Соқыр көзден жас шығар егілгенде.  
Буырқанған мойындап қайратыңды,  
Тамсанды Барселона, Сеулде де.

Мұқалмас Қажымұқандай мықты ініме,  
Қол соқты әлемнің бар түкпірінде.  
Көтерілсең заңғарға зымырандай,  
Шәкірттерің соңыңнан шықты бірге.

Жан емессің қалатын тұйықталып,  
Жүрегіңді жүрген жоқ суық қарып.  
Жеңісіңе көк байрақ желбіресе,  
Әнұранға жұрт тынды ұйып қалып.

Керуендей өтті ғой мазалы күн,  
Ұнатамын жаныңның тазалығын.  
Тәуелсіз ел көгінде жарқыраған,  
Жұлдызысың бақытты қазағымның.

## ІНІМ МӘЛСКЕ

О, Мәлсжан, өзіңе тең келер кім,  
Қатар өсіп қуанышқа кенелдім.  
Керуеннің басы болып жол тартып,  
Қиындықты бірге жүріп жеңермін.

Жанар, Ернар, Ернат кошке еруде,  
Жұрт риза Оңал-сынды келінге.  
Ағалықтың белесіне ентікпей,  
Келдің жетіп ердің жасы елуге.

Азаматқа бөрсін жігер, қуатты,  
Жаның әр кез адалдықты ұнатты.  
Нарық деген қыспаққа алып тұрса да,  
Нұрлы күндер туар әлі шуақты.

Өзіңе арнап жүректен жыр төгейін,  
Қолтығыңнан аға болып демейін.  
Елуіңді хат арқылы құттықтап,  
Алпысыңды бірге тойлап, көрейін.

---

## **ДӘУІТӘЛІГЕ**

Соңымнан ерген інім-ді,  
Оғына ажал ілінді.  
Қайыспас қайсар жігіт ем,  
Бір сәтте-ақ белім бүгілді.

Топырақ сала алмадым,  
Қоштасып тағы қалмадым.  
Тағандап қойды төсекке,  
Түнекке толып жан-жағым.

Бойымды шарпып от-жалын,  
Егіліп үнсіз жоқтадым.  
Ұрпағың аман болсын деп,  
Сабырға келіп тоқтадым.

Тағдырдың тылсым сыры көп,  
Алады топан, бірін өрт.  
Сиретпе дүлдүл қатарын,  
Амалың күшті құдырет.

## **ШАРЛАДЫ ӨНЕР АСПАНЫН**

Шығып жүрген дара аты,  
Елшібектің Жанаты.  
Шарлады өнер аспанын,  
Талмады еш қанаты.

Шабыты – арай таң нұры.  
Кейде дала жаңбыры.  
Журналистің жүйрігі –  
Жазушының алғыры.

Жаны тыным таппаған,  
Қадамын нық аттаған.  
Шүйірмеген танауын,  
Кеудесін де қақпаған.

Таңдандыра қаратқан,  
Қадамы өнер таратқан.  
Үлгі алса болады,  
Кейінгі жас Жанаттан.

Дархан жүрек, жарқын жан,  
Алғыс алған халқынан.  
Қарапайым, сыпайы,  
Айнымашы қалпыңнан.

## ҮШАРАЛҒА БАҒАНДА

*Жас дәуренді бірге өткізген Амантай ұппаров,  
Қуанышбай Адамбаев, Шайза Бәкірова, Айкен  
Тұяқбаев, Құсыман Қалиевтерге арнаймын.*

Қара жолмен топ бала,  
Әңгіме айтып келеді.  
Алып шыққан тек қана,  
Қолдарында шелегі.

Бұл ауылдан Үшарал,  
Қол созам-ақ жер еді.  
Мөлдір көзге ұқсаған,  
Қарақаты мол еді.

Үшаралды аралап,  
Тоқырауын ағады.  
Балаусалы бар алап,  
Осыдан нәр алады.

Тал, өзенді бақылап,  
Күндіз-түні тұрады.  
Ғажап таудың аты да,  
Жыланы көп Жыланды.

Желмен баяу ырғалып,  
Сыбдырлайды бал құрақ.  
Келеді өсіп нұрланып,  
Қарақаттар балбырап.

Қарақат мол үзіпті,  
Толды ыдысы Жанаттың.  
Баруға Өмен қызықты,  
Түбіне әргі сабақтың.

Аттап өте бергенде,  
Шелекті іліп төгеді.  
Жанат тұрып ілезде,  
Қуып берді Өменді.

Өмен әсте моп-момын,  
Мінезі бар ұнамды.  
– Мен әдейі төкпедім, –  
Деп кешірім сұрады...

Бір көзде Өмен шыңғырды,  
Құлақ жарып барады үн.  
Не екенін кім білді,  
Ұстай алды аяғын...

Жылан оны шағыпты,  
Қал қиындай түсіпті.  
Өмен қорқып қалыпты,  
Оң аяғы ісіпті.

Кезіктіріп азапты,  
Көрді мұндай сорды кім?  
Жанат саспай аяқтың,  
Баяу ғана сорды уын.

Шіркін, достық адамға,  
Ауадай-ақ керексің,  
Досыңа жан садаға,  
Шын достыққа не жетсін!

### **ОЯТТЫ СӘБИ СЕЗІМДІ**

“Газеттен оқып жырыңды,  
Сағындым аға өзіңді.  
Бірге өткен күндер бұрынғы,  
Тауысты әбден төзімді”, –

Деп жазған інім Марғұлан,  
Келтірді бала кезімді.  
Кеудемді кернеп балғын ән,  
Оятты сәби сезімді.

Ыстық қан бойға тараған,  
Хатыңнан жанға нұр алдым.  
Менде бір ақын балажан,  
Балаша мәз боп қуандым.

Балалық балғын күндерім,  
Ойнақтап шықты алдымнан.  
Сенімен інім біргемін,  
Жеткізер сәлем бал жырлар.

Бойлап бір білім-теңізге,  
Азамат болшы ақылды.  
“Марғұлан қайда?”, – дегізбе,  
Сағынған жолда хатыңды.



# ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІКТИМ

## АТАМЕКЕН

Кіндігім сенде байланған,  
Туған жер-атамекенім.  
Оралған сайын шалғайдан,  
Бас иіп, тағзым етемін.

Өтір ғып сеуіп бойыма,  
Көк шалғын, гүлдің жұпарын.  
Шөлкіркеп келсем тойына,  
Самалды саумал жұтамын.

Тоқырауынды аралап,  
Толқыныменен сырласам.  
Жолымды өткен саралап,  
Ұмтылып алға қырды асам.

Жалынан тартып тұқыртып,  
Шыңғыртып мінем асауды.  
Көсілтіп еркін құтыртып,  
Даланы кезөм жасаулы.

Нендей бар сиқыр құдырет,  
Балаша мөз боп кетемін.  
Тағындай патша тұғыр ет,  
Туған жер – атамекенің.

## ТУ

Турағым Қазақстан елді мекен,  
Сүйгем жоқ, сүйе алмаймын жерді бөтен.  
Танытқан бар әлемге қазақ атын,  
Туымды асқақтата желбіретем.

Бас иіп, құлдық жасап тұра алмаған,  
Туған жер, елін қорғап ұрандаған.  
Ақ таңын атыруға азаттықтың,  
Алысқан дұшпанымен қыран бабам.

Жерімді гүлдендірген аңыз өпкен,  
Данышпан даналарым аңыз еткен.  
Үш жүздің басын қосып біріктірді,  
Төле би, Әйтеке мен Қазыбектер.

Үйіріп жан-жағынан қаумалаған,  
Алғанда бөрі етектен, жау жағадан.  
Қазақтың басын қосқан Абылайхан,  
Басқа жол азаттықтан таңдамаған.

Түзелер елдің нұрлы болашағы,  
Тек қана тәуелсіздік жол ашады.  
Сырым батыр, Исатай, Махамбеттер,  
Күрөсіп өтті жаумен Кенесары.

Жүрекке қияметтің түсті ызғары,  
Сілкінді айбат үннен шың, құз қары.  
Әлихан, Ахмет пен Міржақыптар,  
Қазақты оятуға күш жұмсады.

Елімді кеше дұшпан бөлшектеді,  
Қонысын атамекен өлшеп берді.  
Билікке таласты да бай-болыстар,  
Мез болды алғандары шен-шекпенді.

Қараймын бөлінгенге күйінішпен,  
Білеміз олардың да сырын іштен.  
Үй тіккен үй ішінен оспадарлар,  
Бүгінде руымен уын ішкен.

“Ашиды менің жаным ұлтыма”, – деп,  
Кей-кейде сөз сөйлейді жұлқына көп.  
Белгісі егемендік осы ма екен,  
Елді бөлді “ДТ” мен “ҚТ”-ға кеп.

Жілікше бөлді руға жіктеді де,  
Ал мұның тие қоймас түкке емі де.  
Мәстектей сыңар езу бұра тартар,  
Жандардың жымысқы ойлы күткені не?

Қайраты буырқанған сескене ме ер,  
Қаймықпас арыстандай ештеңеден.  
Жолында азаттықтың жалын құшқан,  
Апайтөс батырларым еске келер.

Атаға тартпай қалай қалады ұлан,  
Биікке дүр сілкініп салады ұран.  
Кеудесін қалқан етті желтоқсанда,  
Шыдамай озбырлыққа бала қыран.

Қалмады жалын жастың басқа амалы,  
Шайқалды империя тас қамалы.  
Қазақтың тәуелсіздік алған күні,  
Ызғарлы желтоқсаннан басталады.

Жаралған нажағайдай жалын, нұрдан,  
Жолына тәуелсіздік жанын қиған.  
Тұр бүгін азаттықтың көш басында,  
Сұңқарлар жұртты еріксіз табындырған.

Елімнің абыройы биіктеген,  
Туымды руымнан биік көрем.  
Заңғарда желбіресе көк байрағым,  
Батырдай басымды иіп, сүйіп те өлем.

### КИЕЛІ КӨЛ

Алатын Сарыарқадан басын ұдай,  
Елімнің Тоқырауын асылындай.  
Балқашқа сағынышпен талып жетіп,  
Ежелгі табысатын ғашығындай.

Не болты кездескендей елараға,  
Артық жер туған жерден бола ала ма?  
Ақтоғай, Балқаш көлі егіз ұғым,  
Даралап жырламаймын бөле жара.

Кешегі бағдарлаймын әр ізді мен,  
Қазақтың ақ арманы тәрізді көл.  
Балқашым гүл жайнаған өзіме ыстық,  
Басқа елдің Вашингтон, Парижінен.

Келтірген көркіменен жер бедерін,  
Ерекше белген оған ел де көңіл.  
Атлант, Үнді, Тынық мұхиттармен,  
Айдынды Балқашымды тең көремін.

Алыстан "Мен мұңдалап" шақыратын,  
Еліме о, Балқашым, жақын атың.  
Аралап емін еркін өн бойыңды,  
Батасын беріп кеткен Ғафу ақын.

Жыр көзі буырқанған ашылғандай,  
Халқыма шашу болып шашылғандай.  
Мен дағы тасқын судай ақтарылам,  
Нарманбет, Кенішбай мен Шашубайдай.

Еліріп желікпеймін есерлердей,  
Мәңгүрттер жақсылықты әсер көрмей.  
Жидебай, Қараменде, Шабанбай боп,  
Сөз сөйлеймін тура би-шешендердей.

Құрғатпай өтті кеше тақымдарын,  
Баураған ерліктері ақын жанын.  
Жалаңтөс, Сенкібай мен Жарылғаптай,  
Жебеп жүр аруағымен батырларым.

Әлихан, Әлімхан мен Жақыптарым,  
Өріден ойлай білді халық қамын.  
Алаштың көсемдері арман еткен,  
Біз көрдік тәуелсіздік жарық таңын.

Бүгінде кеңі түсті жыр аспаны,  
Нәсердей күй төгіліп, қыр асты әні.  
Аққыз ана, Әшімтай, Манарбек пен  
Өстік біз құдай санап Күләштарды.

Төсінде атамекен түледі ер,  
Өзіңді ардақ тұтып сүйеді ел.  
Басыңа қонған бақыт таймасын тек,  
Балқашым қасиетті киелі көл.

### **ҚОС АЙДЫН**

Аралым – арым төгілсе,  
Балқашым – бағым байланып.  
Ақшаңқан тұзға көмілсе,  
Қапырық шөлге айналып.

Діңкелеп күшті алып та,  
Тұз жолда қалар қиралаң.  
Тұйыққа жеткен халық та,  
Еш амал таппай қиналар.

Қос айдын мелдір – қос жанар,  
Жұлдыз ғой жанған маңдайда.  
Дақ салған көзге оспадар,  
Көр соқыр болып қалмай ма?

Қос шырақ – Балқаш, Аралым,  
Сендерсіз қайда барамын.  
Тапқанша дауа, амалын,  
Болсыншы аман жанарым!

### **КӨЛ ҮСТІНДЕ**

Дауыл жатыр көлдің суын сапырып,  
Толқын жатыр құз төсіне атылып.  
Аласұрған айдындағы қайықты,  
Кететіндей тұңғыыққа батырып.

Кейде толқын сайларына түсіріп,  
Кейде кекке жібереді ұшырып,  
Кейде қайық иірімде қалады,  
Ескекшіден кеткендей-ақ күш-ырақ.

Қара түнек көрінеді тек алдан,  
Жаға қайда, толқын мынау кек алған.  
Шіркін адам адаспай-ақ жол тауып,  
Талай асау толқындарды жеңе алған.

## АҢЫЗ ӨЛКЕ

Жезқазған, жезді өлкем, алып мекен,  
Ертеде бағың мұндай жанып па екен.  
Егемен ел атанған шақта мына,  
Түледің қайта туған халықпенен.

Ойлайтын болашақты, әр істі кең,  
Жер қазса, кеніш көзі – табыс кілең.  
Таратқан кең әлемге атағыңды,  
Көргендей болам дана Қанышты мен.

Кеше бабам қан кешіп, отқа кірді,  
Бүгін далаң гүлдеді, жоқ табылды.  
Ғарышқа бағыт алған Байқоңырдан,  
Көргендей болам маңғаз Тоқтарымды.

Ұқсайтын аяулы ару арқасына,  
Толқынды көл жетпейді Балқашыңа.  
Көксерке, табан балық, ақ сазанды,  
Тартады қонағына марқасын да.

Жезқазған – жезді мекен қазыналы,  
Қойнауың толған шежіре, аңыз әрі.  
Тәуелсіздік алған ел тарихына,  
Атың алтын әріппен жазылады.

## АҚТОҒАЙЫМ

Ақтоғайым-алтыным,  
Сенде жүріп шалқыдым.  
Қанып іштім жасымнан,  
Тоқырауын бал суын.

Нәрі дарып қаныма,  
Шабыт берді жаныма.  
Туған жерге келемін,  
Құстай ұшып сағына.

Қараменде, Шабанбай,  
Жидебай мен Жанғұтты.  
Шешен, батыр бабалар,  
Сөзбен жұртты балқытты.

Бәрі жайсаң ай маңдай,  
Қол жетпейтін армандай.  
Шешендік сөз данадан,  
Мирас болып қалғандай.

Ер қанаты талмады,  
Жолын ұрпақ жалғады.  
Тәуелсіз ел атанды,  
Қолдап баба аруағы.

Жүрек тулап бұлқынып,  
Елге келем ынтығып.  
Сағынышым басылар,  
Туған жерге ту тігіп.

### **БАЛА БОЛЫП КЕТЕМІН**

Ауылға келсем  
Көңілі жұрттың даладай,  
Біреуі әке,  
Біреуі абзал ағадай.  
Ақ жаулықты әже  
Бөрікті қартты көргенде,  
Мәз болам мен де  
Тілі енді шықан баладай.

Отырып қалған  
Үйлерде бір де қалмай жан.  
“Қарғашым!” – дейді  
Құшағын жайып шалғайдан.  
Жымып келіп  
Қол беріп жатса інілер,  
Шашымнан сипап  
Иіскейді кәрия маңдайдан.

Ақжарқын осы  
Айналам мен де қауымнан,  
Қысылып не бір тарылған  
Кездері жоқ қой  
Дарқандық пенен  
Кеңдікті егер ұмытсам,  
Оралған сайын  
Табамын туған ауылдан.

### **ЖУСАНДЫ ДАЛА**

Есімө түсер  
Бал дәурен балғын күндерім,  
Жусанды далам  
Кірбіңді сенде білмедім.  
Арғымақ жалын  
Тартып бір мінген кезден-ақ,  
Басталып еді  
Ғашықтық атты сырлы өмір.

Ғашықпын саған  
Апайтөс жазық мекенім,  
Иісі жусан  
Ащы деп сөгіп не етемін.  
Ауылға келіп  
Жұпарын бойға сіңірсем,  
Баяғы қымыз  
Ішкендей мас боп кетемін.

Жусанды далам  
Бозарып жатқан боз беткей,  
Шетсіз де шексіз  
Қиырыңа тұр көз жетпей.  
Ғажайып сурет  
Жүректің қылын шертеді,  
Түсіріп алғам  
Кеудеме мәңгі өзгертпей.

### **АРЫМА СЕНЕМ**

Кіршіксіз таза  
Ақ адал арым-тәңірім,  
Тулаған жүрек  
Тыңдайды соның өмірін.  
Толқындай асау  
Жастық шақ өтті бүгінде,  
Баз-базда кейде  
Тыңдаймын жайлап жар үнін.

Тәңірім-арым  
Жұлдыздай биік ұстаймын,  
Ал арым таза  
Болмаса жарды құшпаймын.  
Сенбесем өзім,  
Сенбесем өзім арыма,  
Қырандай шарлап,  
Қалықтап көкте ұшпаймын.

Қайтемін бұлдыр  
Қиялдай алыс арманды.  
Біреуден күтіп  
Жақсылық жүрек талған-ды.  
Аласапыран  
Осынау қилы заманда  
Кіршіксіз таза  
Арыммен кешем жалғанды.

Өзіңмен бірмін  
Туған жер атамекенім,  
Қызыларайдың  
Басына шығып кетемін.  
Арыма сенем,

Сенемін махаббатыма,  
Жолына соның  
Жанымды құрбан етемін.

### **БЕКТЕУАТА ТАУЫ**

Әулиеата атандың о басында,  
Өзіңе жаманшылық жоласын ба.  
Әулие мен құдайға сенбейтіндер,  
Өртеді ақ ордасын, қорасын да.

Әулиеата біртүрлі шатақ атың,  
Қалай шалақ белсенді жата алатын.  
Өзгеріссіз қалдырса қаз-қалпында,  
Істі болып сияқты шаталатын.

Бола ма екен еліріп өсіруге,  
Көзқұны бар кімнің бұл есіміңде.  
Кеше зорлап көшіріп кей халықты,  
Тырысты ғой тарихтан өшіруге.

Қырандай жіті қадап жанарыңды,  
Тәкаппар шолып тұрсың дала, қырды.  
Жандарға жөн-жосықсыз тіл тигізген,  
Түйілген ашпайсың еш қабағыңды.

Қасиетің ерекше жаратылған,  
Халқың саған сыйынып таң атырған.  
Бектеуата Жалаңтөс батырдайсың,  
Көрінеді алыстан дара тұлғаң.

### **ҰМЫТҚАН ЖОҚПЫН**

Тоқырауын толқын – әнін,  
Жасымда мол тыңдадым.  
Құстары тамылжытып,  
Кеудеме ән толтыратын.

Айдында жүзіп еркін,  
Басушы ем сезім өртің.  
Өртімал иіп басын,  
Жағада тізілетін.

Тоғайдан күзде нұрлы,  
Қарақат үзгенімді,  
Ұмытқан жоқпын өлі,  
Балалық іздерімді.



## ОЙПАТ ПЕН БИКТІК

*Іле Алатауындағы Медеу мұз айдыны теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте болса, Маңғыстаудағы Қарақия ойпаты 133 метр төменде орналасқан.*

Көп жерді араладым мен елімде,  
Көрмесе көз айтқанға сенемін бе.  
Ең төмен тұрмын өзім Маңғыстауда,  
Қарақия ойпаты кемерінде.

Құлпыртып жазықтық пен белең, қырын,  
Алтын күн сәуле шашып төгер нұрын.  
Өлшенер тереңдікпен ойпаттардың,  
Мақтаныш ететіндей төмендігін.

Ал, Медеу аспанменен таласады,  
Менсінбей төмендегі аласаны.  
Тәнті еткен жұртшылықты сұлулыққа,  
Осындай ерлік әр кез жарасады.

Ақ балтыр қайыңы мен қарағайы,  
Қырға өрлеп таудың суын жағалайды.  
Сүйеді шыршалардың құзар басын,  
Өлдилеп баласындай таң арайы.

Ойпатқа төмен түсіп кетіп едім,  
Биікке көтеріліп жетіп едім.  
Құлақты екеуі де бітегені,  
Суретке түсірсін деп көкірегің.

Сағына шықса алдыңнан қарсы ап бірі,  
Тұрады құстарымен ән сап қыры.  
Осындай бар олардың ұқсастығы,  
Болғанмен айырмасы, алшақтығы.

Демеймін бірің артық, бірің мықты,  
Көркейтіп тұрсыңдар ғой құрылықты.  
Табиғат ұқсас болса егіздердей.  
Біле алмай өтер едік сұлулықты.

## ТӨБЕГЕ КӨТЕРЕДІ

Есінен шығармаған,  
Таулары мұнарланған.  
Көлі мен бұлақтары,  
Көделі қыраттары,  
Сәкенің сүйе білген,  
Жаңаарқа жүрегімен.  
Қазақтың топырағы,  
Жыр етіп отырады,  
Естіліп, жаңғырығып,

Сәкеннің түр әні де,  
Төбеге көтереді,  
Ақынын қыр әлі де!

### ШЕЖІРЕШІ

Ел тарихы – шертетін өз күйі осы,  
Әңгіме айтса табылар сөз жүйесі,  
Алтыншоқы сияқты аңыз болған,  
Кезі тірі Ұлытау шежіресі.

Қымыз ішіп, әңгіме қозғағанда,  
Топ ішінде озған да, озбаған да,  
Қыбыр етпей тыңдайтын Әліпбекті,  
Айтатынын салмайтын созбалаңға.

Бойы толы шежіре тұнып тұрған,  
Кешегіні бүгінге жуық қылған.  
Жұмысшының қалжырап, шаршағанын,  
Әңгімемен кешкісін ұмыттырған.

Біледі адам жанын, мал жайын да,  
Не жатыр, сезер, жердің қойнауында.  
Әрі ақылшы, әрі өзі тірі тарих,  
Аты шыққан Ұлытау аймағына.

Еске алғанда осынау бай даласын,  
Марқая бір шолатын айналасын.  
Білетін елдің өткен, бүгінін де,  
Осындай ағалардың айналасың.

### ДУМАН ҚАЛА

Жасымнан сүйіп өстім дала белін,  
Туған жер арман – жолға сала бердің.  
Шыққанда үйден жырақ көрген менің,  
Алғашқы Қарағанды қалам едің.

Жанымды бірден баурап жылытқаның,  
Әлі де сол көркіңді ұмытпадым.  
Тұманың мөлдір кәусер шәрбатындай,  
Көкірек айдыныда тұнып қалдың.

Тұнып қалдың ғажайып суреттей,  
Таңданып қарай бердім қыбыр етпей.  
Соншалық әсер еттің  
Әжем менің  
Табынар жалбарынып құдыреттей.

Үстіңде ақша бұлттар қалықтады.  
Гудоктар күй төгуден жалықпады.

Шахтерлер елестеді алыптарша,  
Жатқандай қолдан жасап алып тауды.

Жан едім келеген саған қырдан жаңа,  
Көрінді батырларша тұлғаң дара.  
Өзіңді ардақ тұтам содан бері,  
Шу қала, дархан қала, думан қала.

### ЖҮРЕК ЖҮТҚАН

Күткендей қара суық қоңыр күзді,  
Бір бері қой қораны торып жүрді,  
Қарт шопан осы жайды білсе-дағы,  
Сезбеген жандай өзі болып жүрді.

“Қара ниет бір күні қатырады”, –  
Деп іштей мылтығын да тақымға алды.  
Бөрінің іске асырмау бар амалын,  
Күшейтті күзет пенен бақылауды.

Келмей жүрді шопанға ұйқы тегі,  
Бірде қойы қорада дүркіреді.  
Апыл-ғұпыл киініп ойға кетті,  
“Малды түнде үркіткен бұл кім еді?”

Білмей бәрін ол өзі жайлана ма,  
Сыртқа шығып көз салды айналаға.  
Ай да сүттей аспанда жарық екен,  
Делбір қағып асықты қой қораға.

Тебедегі кірсе де тесігінен,  
Шығу керек қой қора есігінен.  
Қос жанары от шашып қанталаған,  
Қойды жарған бөрінің есі кірген.

Қора есігі айқара ашылғанда,  
Бел байлады бөрі енді қашуға да.  
Сол жолменен сытылып шықпақ еді,  
Тап болғаны дүлей күш ашу жанға.

Бөрі ұрлыққа жасынан машықтанды,  
Тосты шопан қарсы алдан ашыққанды.  
Атша мініп бөрінің шүйдесіне,  
Қос құлаққа жармасып басып қалды.

Қалай болар мұндайда салқын қанды,  
Содан кейін бөріні алқымға алды.  
Ал бөрі бөрілігін жасаса да,  
Әлі кетіп, азулы қарқын қалды.

Ойламады жаюды атын жұртқа,  
Барды шопан жекпе-жек батылдыққа.

“Ішіктікке бір тері жетпеуші еді,  
Дұрыс иле кемпір”, – деп жатыр нықтап.

Шопан болса ақырын күлер мұрттан,  
Еститіні мына сөз кілең жұрттан:  
“Адамды адам жыққанын көріп едік,  
Бөрі бүрген бұл өзі жүрек жұтқан”.

## БИШІ

Жастайынан өнерге жақын аға,  
Мың бұралып билеп жүр сахнада.  
Айдын көлде су бетін жайлап сызған,  
Мамыр қаздай жүзуге шақырама.

Шақырады, жүректі, шақырады,  
Асау аттай аспанға атылады.  
Қыран құстай қанатын қомдағанда,  
Елтіген жұрт қол соғып жатыр әні.

Шық маржандай маңдайға жиып терін,  
Ырғып, орғып секіреді киіктейін.  
Шебер биші құштар боп қол созады,  
Еріткендей іңкәр ғып биіктегі үн.

Бірде айналып, ал, бірде шоқ басады,  
Қос жанары жалындап от шашады.  
Шапқан сайын озатын сәйгүліктей,  
Алмас болса қалайша тот басады.

Секіргенде кетердей түсіп еден,  
Қалқып тұрды аяқтың ұшыменен.  
Көрермен де толқындай толқып отыр,  
Әсерленіп өнердің күшіменен.

Биші бір кез шыбықтай мың бұралды,  
Кірпік қақпай мың сан көз бұлдырады,  
Таусылды ма тағаты залдан біреу:  
– Тамаша! – деп ап-анық үн шығады.

Жаңғырығып осы бір үн тарап кетті,  
Елеңдеген залдағы санап көпті.  
Қол соғып тұр мәз болып жап-жас бала,  
Сырғанаған тамшы жас жалап бетті.

Буырқанып теңіздей бұрқана ма,  
Жүздерінен жиынның нұр тама ма?  
Бір кәрия жағасын ұстай алды:  
– Сейлеп кетті-ау, жасаған мылқау бала?

Бұлшық еті денеде жүгіретін,  
Емші екенін бишінің кім білетін!

Сиқыршыдай мылқауға тіл бітірген,  
Осы екен ғой енердің құдіреті.

### **НАРЫҚ ДЕГЕН**

Алға аттаған қадамың,  
Кері кетіп тұр қазір.  
Жұртта туған баланың,  
Кейпіндемін,  
мұздадым.

Жапалақты таспен ұр,  
Ұр тасқа елер жапалақ.  
Нарық деген басқа өмір,  
Оның заңы қатал-ақ.

Шыдамы көп халық та,  
Қажып бітті не дейін.  
Марғау тартты шабыт та,  
Тек бүлкүлдер көмейім...

### **БЕРІК ҚОЛДА**

Желтоқсанда бейбіт көңіл жастың да,  
Ниетін біз ұқсаттық қой қасқырға.  
Тибилиси, Баку менен Вильнюсте,  
Имандылық жатты табан астында.

Бір ойдан соң туындатып бір ойды,  
Өжеттілік жеңіп шықты үрейді.  
Желтоқсанда көтерілген боздақтар,  
Қалқан болып кері сырды дүлейді.

Паш етті де егемен ел шындығын,  
Тәуелсіздік деген туды нұрлы күн.  
Өлара кез нарық жұртты қысқанмен,  
Көк байрағым берік қолда тұр бүгін.

### **ҚАЙДА?**

Алып шыққан заңғарға төмендерден,  
Асқақтатып атаған өлеңде өрген.  
"Арыстан еді-ау Исатай", – деп айтатын,  
Қайда бүгін зиялы кемеңгерлер?

Бойларынан бұла күш қайрат көрген,  
Сескенетін қашанда айбатты ерден.  
"Ана тілім-айбарым, жолында өлем", –  
Деп айтатын қайда бұл қайраткерлер?

Солар еді – пір тұтып сүйенерім,  
Солар еді – соғатын жүрегі елдің.

Ақиқаттың жолында азап шегер,  
Дуалы ауыз қайда бұл киелерім?

Өтірікті көргендей жазар шұнақ,  
Тұратынды Баукеңдер әзер шыдап.  
Ұлт тағдырын ойлайтын дүлдүлдерім,  
Бәрі бүгін кетті ме базаршылап.

Бұл заманым саудагер – нарықпысың,  
Өлара кез халқым да тарықты шын.  
Баса бермей иықтан қорғасын бұлт,  
Танытатын кез тусын шабыт, күшін.

### **ӨЛАРА**

Бүгінгі күн өлара – өтпелі кез,  
Өлараның жақсы ғой өткені тез.  
Уақытша екенін жете біліп,  
Түсінбейді көрсе де көптегі көз.

Жүрек шіркін сыздайды ұзақ таңға,  
Нарық деген тап болдық біз ақпанға.  
Әрекет жоқ, шулаймыз сияқтанып  
Берекесіз кекте ұшқан ұзақ, қарға.

Тиесілі құр қалып үлестен көп,  
Озбырлықпен қасқайып күрескен ек.  
Өлара кез білінбей өте шығар,  
Ал нарықпен тайталас тірес керек.

### **КӨЛЕҢКЕ ТҮСІРМЕЙІК**

Бұрын бізге мінезін танытпаған,  
Мына заман қай заман?

Нарық заман.

Дүниенің бәрі де қусырылып,  
Балық құсап сең соққан халық та аман.  
Күндіз тыным, ал түнде көз ілмеді,  
Тәуелсіздік алды елім.

Нені іздеді?

Нарық – айдын қалды жұрт аңтарылып,  
Ескегі жоқ қайықтай теңіздегі.

Мезгіл емес қолайлы уақыт таңдар,  
Белгісіздеу алдағы бағыт, бағдар.  
Заман әлі туған жоқ деп білемін,  
Жаны дархан, ақ жарқын халықты алдар.

Нарық деген тимеді жеңіл елге,  
Түсірмейік көлеңке кеңіліне.

Батыр құсап міз бақпай көтереді,  
Болатай берік наным, сеніміне.

### ЖОЛ ҚЫСҚАРДЫ

Түңілдім алыстан да, жақыннан да,  
Түңілмеске бүгінде хақым бар ма.  
Кешелер күліп, ойнап желіп жүріп,  
Ел таныдым астымда, атым барда.

Көрмедік төңкерісті, соғыстарды,  
Иесіз үйлер босап, қоныс қалды.  
Шідерді салды бізге нарық деген,  
Тарылып өріс пенен жол қысқарды.

Болады көрмеуге де, білмеуге де,  
Бұлбұлым сайрай алмай түр кеудемде.  
Бұрынғы алшаң басар кезім қайда,  
Қысқа жіп келмей қалды күрмеуге де.

### ТЕКЕ ТІРЕС

Алға қарай қадамды бастырмаған,  
Нарық деген туды ғой қасқыр заман.  
Кәриялар үрейдің құшағында,  
Өрекеті ұнайды жастың маған.

Қиян-кескі соғыссыз жаулап елді,  
Базар ашып жеріме сауда келді.  
Ерте кезден хан, сұлтан ішке тартып,  
Елшілермен тең көрді саудагерді.

Ақ патшалы көршіміз іргедегі,  
Ұстады ғой қапаста түрмеде елді.  
Қазақтарды саудаға жолатқызбай,  
Жерімізге қапатты кірмелерді.

Қазақ мез боп тойғанға қымызына,  
Мал соңында жүрді тек күн ұзынға.  
Базар нарқын өздері кесіп, пішіп,  
Солар көрді сауданың қызығында.

Сауда жасай білгенді бағалай ма,  
Нарық деген өр кеуде қарамайды, ә.  
Теке тірес өзімен бетпе-бет кеп,  
Таусылып тұр жасайтын амал, айла.

Күш, қайраты құм болып шашырайды,  
Кей еркектің бос жүрген масы – қайғы.  
Ал әйелдер нарыққа бейімделіп,  
Сауда жасап үй ішін асырайды.

Шығам жолға күткенмен жарыс қандай,  
Жекпе-жекке нарықпен қалыс қалмай.  
Көндіремін ырқыма ауыздықтап,  
Айбатымды көрсетіп арыстандай.

### **ТЫНЫШТЫҚ**

Жасырын көңілде бар күдік қандай,  
Арайлап атсыншы дер үміт таңдай.  
Айтуға тәуелсіздік ерік берді,  
Бір мысқал ақиқатты бүгіп қалмай.

Бай өлке Қазақстан кең мекенді,  
Десек те кеше қандай жер жетеді.  
Күші емес табиғаттың,  
Жарылыстар,  
Төндірді қауіп-қатер елге тегі.

Тарқатып қызығы көп базарымды,  
Мазаны алды, дел-сал ғып қазағымды.  
Жер-шар ғой қатерлі күш тесіп шықса,  
Ести алмай қалар ек азалы үнді.

Жер де тозды салмақ пен күш түсті де,  
Қолайсыз зат ауамен ұшты үстінде.  
Ойластырсын қаруды қысқартуды,  
Ал сынауды үдетті үсті-үстіне.

Ақиқат не,  
Жалған не танып көрер,  
Санаспауға бола ма халықпенен.  
Ядролық жарылыс тұмшаланды,  
Бейбіт күнгі тыныштық шабыт берер.

### **АЙТУҒА ҰЯТ**

Бедеу әйел сияқты,  
Толық емес көңіл бұл.  
Айтуға да ұятты,  
Қызығы жоқ өмірдің.

Кімдер бұған айыпты,  
Бұл халге кім жеткізді?  
Ескегі жоқ қайықты,  
Мұхиттан кім өткізді?

Бір-біріне тағдырлар,  
Тасқын сеңдей соғысқан.  
Дауыл соғып, жаңбырдан  
Кейін қоқыс мол ұшқан.



Дір-дір еткен қалтырап,  
Үзілмеген жапырақ  
Тасжол жатыр жалтырап,  
Ұйқылы – ояу атырап...

### **ҚОРҚАУ БАСШЫ**

Тақта отырды шіреніп,  
Ойлаған тек өз басын.  
Қарын сипап, түнеріп,  
Жолға тастап жолдасын.

Киесі ұрып халықтың,  
Ілікті ме қарғысқа.  
Түнерді де жарық күн,  
Бола қалды таң қысқа.

Көрді қанша қоқайды,  
Батыр халық, көңілі өр.  
Қорқау басшы шоқайды,  
Жер таппай еш шегінер.

Жол беріп көп айқайға,  
Күтті жұмақ, басқа өмір.  
...Генералдай майданға,  
Тастап қашты әскерін.

### **КӨКҚҰТАН**

*(аңыз)*

Көкқұтан салған ұяны,  
Бір қарға тартып алыпты.  
Жат жанға қалай қияды,  
Телміріп әбден тарықты.

Өзінің атамекені,  
Сияқты  
                    қарға кетпеді.  
Көкқұтан момын  
                    не өтеді,  
Бойы бар, әлі жетпеді.

“Кетер” деп болды үмітті,  
Ал қарға мұны ұқпады.  
Молайтып әбден күдікті,  
Ұяны тастап шықпады.

Қолайсыз жағдай бір күні,  
Көкқұтандарды келтірген.  
Жігерсіз қандас шіркінді,  
Жабылып бәрі өлтірген.

Қайрат, күш жинап құлшынып,  
Төсінде көктің самғасаң.  
Не керек өмір, тіршілік,  
Ұяңды қорғай алмасаң.

### **КӨБЕЛЕК ҚЫЗ**

Алдында үйдің дөгбірсіз тұрған жалғыз,  
Мені көріп жымыып нурланған қыз,  
Былай деді:

– Болса егер қалтаң қалың,  
Қыз бен жігіт одағын құрғандаймыз.

Ару сөзі қамшыдай осып бетті,  
Көңілге де үрейді қосып жетті.  
Жан сезімі жол торған қарақшыдай,  
Сезім құсы кезгені шошып көкті.

Бір құмалақ майыңды шірітеді.  
Бір қарындас бір елді ірітеді  
Талшыбықтай бұралған көрікті қыз,  
Бір бозбала арманы, үміті еді.

Түнде жалғыз түсетін жылжып қырдан,  
Шибөрідей жасырын ұрлық қылған.  
Бірден мені түсініп мастау келген,  
Жігітпенен келісіп сырғып тұрған.

Жанға жайлы лебіндей сырлы көктем,  
Сүйгеніне адал жар нұрын төккен.  
Көбелек қыз өтеді қолдан қолға,  
Базардағы ақшадай құны кеткен.

### **ҚАЙҒЫ МЕН ҚУАНЫШ**

Өмір деген бір қайғы, бір қуаныш,  
Мұндай кезде кеңілге жыр жұбаныш.  
Алып-сатар, алаяқтар тойынған,  
Адалдықтан, ақиқаттан жүр алыс.

Тойған балабақшадағы ұл-қыздай,  
Тоғашырлар бүйірлері тұр қызбай.  
Ұйқылы-ояу күтер істің ақырын,  
Нарық деген ағып өтер жұлдыздай.

Қуанышқа шалқымасам, күлмесем,  
Ал, қайғыға кеп қайғырсам күлме сен.  
Бал мен тұздың дәмін қоса татпасам,  
Мен өмірдің нарқын әсте білмес ем.

## УАҚЫТ ӨЗІ

Уақыт өзі бар асылды ұрлайды,  
Зәулім сарай, қалашықтар қирайды.  
Өзгереді, жаңарады дүние,  
Бәрі-бәрі бір қалпында тұрмайды.

Асқар таулар теңеледі жерменен,  
Жоғалады айдын шалқар көл деген.  
Дүниеден бәрі ғайып болады,  
Жан да, зат та қалмайды еш өлмеген.

Тек өшпейтін өз армандар мәңгілік,  
Өмір бойы тұрады екен жаңғырып.

## МЕНИҢ ӘЖЕМ

О, менің қайратты әжем, асыл адам,  
Көрілік басса иықтан жасымаған.  
Көрсетті өмір жолын әжімі мен  
Қар шалған Алатаудай басы маған.

Білдірмей сақтап ашу, кекті ішіне,  
Төзген ол талай өмір тепкісіне.  
Бүгінде немересін сүйіп отыр  
Жеткенде белестің бір жетпісіне.

Қайың бар қасында үйдің құрдас оған,  
Дейтін жұрт:

“Әжеңменен бір жасаған!”

Қайыңдай менің де әжем әлі мықты,  
Бұл күнде нұрлы дүние сырлас оған!

## НӘБИЯҒА

Тәнті еткен дидарына бөріктіні,  
Көрмедім сенен асқан көріктіні.  
Жасыңда көрінді ғой секілденіп,  
Бүр жарған көктемдегі өрік гүлді.

Қидың да қызығы көп жақсы күнді,  
Тастадың ерте артқа жастығыңды.  
Тағдырдың тәлкегіне төтеп бердің,  
Зарлана шырқамадың ащы жырды.

Қасыңда болғанда ұзақ қарт анаңның,  
Пір тұтып пайғанбардай арқаландың.  
Көргенде мейірімді жылы жүзін,  
Кететін ұзақты күн шаршағаның.

Жолына өмір-дауыл, несерлердің,  
Ақ арман тілегіңді тесей бердің.  
Ақ сүтін ақтау үшін жан анаңның,  
Ертерек сондықтан да есейгенің.

Тәңірім жамандықты жолатпады,  
Басыңа бақыт құсы қонақтады.  
Еркектей бәрін өзің көтерген соң,  
Түсті ерте бетіңе әжім жолақтары.

Қалмаған сыбағасыз қазынадан,  
Өмірден түңіліп еш қажымаған.  
Жайдары әжеге тән мінезбенен  
Өзіңдей болса болсын нағыз Адам!

### **ҰРПАҒЫ ЕДІҢ ЖАЛЫНДЫ ҚАСЫМ АҚЫН**

Тілеузия біздерге асыл атың,  
Әлігің бар, жан жарың бас ұратын.  
Жанның бірі өзіңсің жұртқа сыйлы,  
Ұрпағы едің жалынды Қасым ақын.

Бәйбішесің бүгінде, салмақтысың,  
Дос-жаран, ағайынға ардақтысың.  
Тәрбие алған өзіңнен ұл-қыздарың,  
Қазағымның дәстүрін жалғап тұрсын.

Жақсы қызды ер жігіт тани жүрген,  
Жақсы келін болыпсың әр үй білген.  
Қыз Жібек пен Телеген сияқтанып,  
Өмір кешіп келесің Әлігіңмен.

### **СЫРБАЗ МІНЕЗДІ ЖАН**

Көрсетпей жауып тұрсын мұнар көкті,  
Биікке қайсар адам шығар, – депті.  
Ентікпей еңбегімен көтерілді,  
Қуантып сырбаз мінез Шынар көпті.

Арман қуып арайлы таң атырған,  
Ізгілік, мейірімнен жаратылған.  
Думанда туыс, достың ортасында,  
Баладай мез болады жаңа туған.

Сияқты асыл арман ұшақтары,  
Болмайды тілектерді тұсап тағы.  
Шынар мен Жаннажанды құттықтаған,  
Босамай жатыр жұрттың құшақтары.

Баяғы перуана падишадай,  
Қасында анасы бар Хадишадай.

Болашақ сапарларда адастырмай,  
Жұлдызы жол көрсетіп жансын ұдай.

### ДОСТЫҚ ЖОЛЫ

Светажан артық қой керкің кімнен,  
Өз ойыңды айтасың еркін үнмен.  
Сенің шалқып жүргенің ортамызда,  
Аман келген Ауғаннан Еркініңмен.

Қарақаттай қос жанар мөлдіреген,  
Тұнып жатқан айдынды көлді көркем.  
Толықсыған аққудай сыланасың,  
Армандайтын жігіттер сен бір өлең.

Жан сарайын ңұр шашқан әр кім білген,  
Дидарыңа ынтық жұрт жарқын күлген.  
Достық ізі айналасын соқпақтарға,  
Жүректерге бір өзің тартып жүрген.

### ҚАРА ШАЛҒЫ

Күнге күйіп шыныққан қара шалым,  
Елемеуші ең жауынын қарашаның.  
Сергек тұрып ұйқыдан оянушы ең,  
Шыққан күнмен таңдағы таласа бір.

– Өлген артық-деуші едің, – тіленгенше,  
Адал еңбек ет-тағы жүр еңдеше!  
Атақ, данқың жетеді бір өзіне,  
Сен өмірді сүрмедің біреулерше.

Шүйкедей қара шалым-Мұхтар ата,  
Жанымды үнсіз ғана ұққан ата.  
– Жеңісжан, шөп шабамыз, – деп бір күні,  
Мені өртіп тал бойына шыққан ата.

Несіне сылтау іздеп қорғанайын,  
Шалғы да тие бермес қолға дәйім.  
Мен болсам кібіртіктеп қала берем,  
Ал, Мұхаң бүлкілдейді жорғадайын.

Еңбек десе қайтпайтын қайыс қара,  
Дауылы бір соқса өмір майысқан ба?  
Сілтесінен артында жал қалады,  
Шалғысынан ұқсайды от – жай ұшқанға.

Биіктеткен ойымен аласаны,  
Енді қайдан табамын қара шалды.  
Қайратжанды сағынып қорада тұр,  
Шөп шабатын баяғы қара шалғы.

## КҮМІС ТОЙ

Күміс тойда күміс күлкі сыңғырлап,  
Күміс күлкі, сиқыр күлкі бір жұмбақ.  
Күміс бақта жан біткені таңданып,  
Күміс көмей бұлбұл құсым тұр жырлап.

Күміс тойда толықсыған жар басқа,  
Дейді: – Қыздың етегіне жармаспа!  
Батыр құсап сауыт киген күмістен,  
Күміс самай жігіт боппын нар қасқа.

Күміс күйме ширек ғасыр сапарда,  
Алға тартып келеді ақбоз ат алға.  
Күміс таңым дулығасын алтындап,  
Қыр басынан көрінеді атарда.

Күміс тойда күміс күлкі шашылған,  
Күміс үнмен тіл қатады асыл жар.  
Күмбір қағып кеудем күміс сарайы,  
Бақыт құсым таймасын тек басымнан.

Күміс күйме жол тартады жүк артып,  
Таңдануға болмайды еш бұған түк.  
Алтын тойдың ауылының алауы  
Алты қырдан көрінеді мұнартып.

## ҚОЙЫЛҒАН КЕЗДЕ

Қойылған кезде өзіңе қандай сұрау,  
Дұрысы – мәнменсініп дандайсымау.  
Қиындық кездескенде жол-сапарда,  
Ілесіп көш соңынан қалмай шыдау.

Кейбіреу қызғаншақтау  
ойы жаман,  
“Ұрам” – деп қолға жығар сойыл алар.  
Тұлғанды ер жігітше тіп тік ұстап,  
Дұрыс қой бәріне де мойымаған.

Сене біл кіршіксіз ақ арыңа да,  
Көп жанға бұл қасиет дарыған ба?..  
Кейбіреу келсін мұқап кекеткісі,  
Жаныңды таза ұста арың барда.

Солар ғой дархан көңіл, өр кеуделі,  
Құлпыртып жатқан ғазиз көркем жерді.  
Тек қысқа ойламайды бүгінгісін,  
Ісіммен қуантады ертеңгі елді.

## БАЛАМ ҮЙІР

Балам өзің үйірсің ертегіге,  
Ертегі жас жаныңды елтеді ме?  
Көңілге қуаныш пен үрей кіріп,  
Кеудеңе сәуле төгер көркемі де.

Өжеттік пайда болып бойына өрен,  
Дүлей күш Дәуге де айтар ойын ерен,  
Ертегі ертегі ғой аяқталар,  
Жастардың бақыт құрған тойыменен.

Ертегіден тіршілік басқа адамы,  
Қалай алға атталар жас қадамы?  
Өмірдің қызығы да, шыжығы да,  
Үйлену тойыменен басталады.

Ойлама ертегідей жеңіл мүлде,  
Кірбіңін шайып, жуып көңілдің де.  
Тіл табысып ата ене, дос-жаранмен,  
Айтқанын орындайсың келіннің де.

Алаңдап тума-туыс, жұратыңа,  
Болады ұнатпауға, ұнатуға.  
“Семья – шағын ғана мемлекет”,  
Басқара алсаң жетесің мұратыңа.

## НАУРЫЗ

Наурыз келіп майда желі ескенін,  
Көрдік біз күн мен түннің теңескенін.  
Алаулап тербеледі қызғалдақтар,  
Туған жер бөлеп қыр мен белестерін.

Көктемгі дархан тойда шат көңілдер,  
Бар дәмді құт қазанға ап келіңдер.  
Наурыз киелі қарт халқым сыйлар,  
Орданың орын алған қақ төрінен.

Көңілге кірбің кірген кешегі ұмыт,  
Аспан ашық ыдырап кешеді бұлт.  
Төстерін түйістіріп, құшақтасып,  
– Жаңа жыл құтты болсын! – деседі жұрт.

Наурыз қосып берді бір жасымды,  
Дәм-тұзға шақырам дос, сырласымды.  
Ұлыстың ұлы күні, ағайындар,  
Жүректен салют болып жыр шашылды.

## НАУРЫЗДА ТУЫППЫН

Туған жылым жылқы да,  
Ал, жұлдызым Шолпан ғой.  
Нұрлы күнге ұмтыла,  
Ақбоз атпен жортам ғой.

Ат бабында еңтікпен,  
Асам қилы қиырдан.  
Жетем шыңға ел күткен,  
Дәм-тұз татып бұйырған.

Наурызда туыппын,  
Ұлы күні ұлыстың.  
Бетті нұрмен жуыппын,  
Жүрек шашып жыр ұшқын.

Қылшылдаған жігіт шақ,  
Қырық тоғыз мүшелім.  
Арғымаққа құрық сап,  
Палуанға түсемін.

Наурыз бұл ұлы күн,  
Жеткенде бар,  
Жетпеген.  
Күннің алып жылуын,  
Жыр-қызғалдақ көктеген.

1991

## ӨМІРДЕН ҰҚҚАНЫМ

Жанбадым отқа лапылдап,  
Суға да тастай батпадым.  
Асауды мініп тақымдап,  
Құмардан шықпай жатпадым.

Қырмызы қызға ынтығып,  
Қызғалдақ гүлді сыйладым.  
Жұлдызға-арман ұмтылып.  
Кеншідей кездім жыр-бағын.

Асқақтап асқар мұнартып,  
Арбады мені сыйқырлап.  
Арқама ауыр жүк артып,  
Өрледім шыңға митыңдап.

Шаршадым.

Терлеп алқындым,  
Бірақта жолда қалмадым,  
Күтіп ап думан-жарқын күн,  
Алдымнан шықты арманым.



Оны да місе тұтпадым,  
Құлашты әрі сермедім.  
Өмірден менің ұққаным –  
Бақытқа бөлер еңбегің.

### **ЖҮЗГЕ МЕН БӨЛІНБЕЙМІН**

Адал достық, сыйластық ән-ұраны,  
Бұл қасиет ылғи да табылады.  
Үш келіні үш жүзден Рахметолла,  
Үш жүздің басын қосқан шаңырағы.

Арай нұрын таң атар төгіп алдан,  
Тояттайды қырандай көңіл-арман.  
Әкем үйі достықтың туын тіккен,  
Ақ орда ғой жүзге мен бөліне алман.

Бірдей маған қазақтың бар аймағы,  
Тауы, тасы, өзен, көл, арай бағы.  
“Жүзге бөлген кісінің жүзі күйсін”,  
Жүзге бөліп жай табар қалай жаны

Жетер саған, маған да жасыл құрақ,  
Жікке бөлмеу қасиет асыл, бірақ.  
Қай патша да жіліктеп бөлшектеді,  
Қазағымның жеткізбей басын құрап.

Бүгінгі күн көрсетіп мықтылықты,  
Бір кісідей жұмылып тік тұрыпты.  
Ата дәстүр қашаннан ұран болған,  
Туын елдің көтеріп тікті мықты.

### **ҮЛКЕН БОЛУ**

Бала болу оңай ғой,  
Кешіреді қатеңді,  
Қалың бұйра тоғайлы ой,  
Сезбейсің еш қатерді.

Балаларды жиып ап,  
Күн өтеді ойынмен.  
Үлкен болу қиын-ақ,  
Көтересің мойынмен.

### **ӨМІРГЕ АДАМ КЕЛГЕНДЕ**

Өмірге адам келгенде,  
Жұлдызы бір туады.  
Шыңдарға да өр кеуде,  
Сенім артып шығады.

Жұлдызы жол көрсетіп,  
Адастырмас бағыттан.  
Қиын іске бел шешіп,  
Табандылық танытқан.

Дүниеге келгенде,  
Бар қызықты көргенді.  
Жұлдызы адам өлгенде,  
Дейді:

– Бірге сөнеді.

Жүрек тулап, тасып ой,  
Бойында жас жалынның.  
Жұлдызы ерте жақсы ғой,  
Сөнбегені дарынның.

### **МАХАББАТТЫҢ БАЛ АЙЫ**

Көңілдің күмбірлетіп сарайларын,  
Жас жүректер қосылды, қарайлар кім?  
Беларустың жеріне сапар шекті,  
Өткізуге махаббат бал айларын.

Игі дәстүр жалғасқан ерте кезден,  
Жас жұбайлар жер танып, өлке кезген.  
Бір ай болып бал сөзім құшағында,  
Көңілге көп сыр құяр ертегі өзге ел.

Аяқ асты шат сезім бұзылғаны,  
Қасіретті құлаққа үн ызыңдады.  
Жас жұбайлар шошынды көгершіндей,  
Суығандай бойдағы қызу қаны.

Көңіл көлін бір дауыл шайқағаны,  
Енді асығыс елге ерте қайта алады.  
Достың үйін ораса өрт жалыны,  
Қалай досы селт етпей жай табады.

Бұл қасірет әкелді талайға мұң,  
Дүрліктірді Отанның бар аймағын.  
Чернобльдің халқына көмек жасап,  
Жас жұбайлар өткізді бал айларын.

### **ГИМНАСТ ҚЫЗ**

Ырғалып тал шыбықтай бұралған мың,  
Өзіңдей мүсін көріп тұра алған кім?  
Жас қыздың өнеріне ынтық болып,  
Жүректен жарып шыққан жыр арнадым.



– Жақсының тұяғы, – деп  
Қаймақ шай құяды кеп.  
Мейірім шуағынан,  
Жүректе нұр алып ек.

Өңінен әр тайыпты,  
Әжейлер қартайыпты.  
Кейбірі тыныштықта,  
Мәңгі ұйқы, жай тауыпты.

Бір кезде сүйіп едік,  
Қалдық біз күңіреніп.  
Ұрпағы ер жетсе де,  
Орны тұр үңірейіп.

### **ОРАЛДЫ**

Алла да білген ғой бұл әу басында,  
Арналы өзен ақпай ма арнасында.  
Құран оқып, еліге бата қылсаң,  
Адамды түсіреді тәубасына.

Дінмен болдық қанша жыл арбасуда,  
Дәтіміз де бармады дауласуға.  
Қайтарды тәуелсіздік дінімізді,  
Адамдар келсінші деп тәубасына.

### **ҚАРАЛЫ ҮЙГЕ**

Қаралы үйге ел үнсіз кеп кірді де:  
– Балаң өлді Ауғанда оқ тиді де. –  
Естірткені анаға батыл жетіп,  
Көз жастарын көл қылып тектірді де.

– Балам барда тоқ едім, бай көңіл де,  
Бұдан ауыр болмайды қайғы өмірде.  
Шабыулға шыққанда мерт болып па,  
Жаудың оғы тиіпті қай жеріне?

Оқиғаны баяндап алыстағы:  
– Жүрегінен, – деп жауап шалыс қалды.  
– Онда ұлым қашпаған дұшпанынан,  
Туған екем, – депті ана, – Арыстанды!

### **ЖАУЫНГЕР ЖАРЫ**

Бейбіт күн елжіретіп табиғатты,  
Көп жанды аясында дамылдатты.  
Бір әйел келе жатты арба итеріп,  
Таңданып қылығына жәмиғатты.

Жас шамасы үстінде қырықтардың,  
Алғаш рет көргенде мұны ұқпадым.  
– Тал бесікке салғандай егде жанды,  
Мұныңыз не? – дедім де, тұрып қалдым.

Бұл сұрағым дөрекі естілді ме,  
Аңтарыла қарады кескініме.  
Қос жанарын инедей қадағанда,  
Құлақ түре алмадым ешбір үнге.

Қойылған осындай әр сұрақтарды,  
Бәлкім, өзі ішінен ұнатпады.  
Әйелге тән бірақта мейіріммен,  
Жайлап қана сабырмен сыр ақтарды:

- Әлі есімде келін боп келген күнім,  
Қайыржанның үйіне енген күнім.  
Маңдайымнан иіскеді бата беріп,  
Қуанғаннан анасы елден бұрын.

Үлгермедік жасауға тойымызды,  
Жаза да алмай қалдық біз бойымызды.  
Тыныштықты сұм соғыс бұзып кетті,  
Іске асыра алмадық ойымызды.

Сағынышпен қарайтын өткен күнге,  
Жел ұшырып қолымнан кеткен гүлге.  
Ауыл жақта жаутаңдап қала бердік,  
Аттандырып майданға көппен бірге.

Майдан жайын біздерге мол ұқтырған,  
Үшкіл хаты сыр еді толып тұрған.  
Бір шайқаста ол ауыр жаралынып,  
Жатқанда дәрігерді жолықтырған.

Сұм соғыстың өртіне жанбай қалған,  
Әйтеуір тірі оралды қан майданнан.  
Естімейді құлағы, қос аяқ жоқ,  
Өмірін тек бейбіт күн, жалғайды арман.

Бұл арбада өзімнің Қайыржаным,  
Қайыржаным тәңірдей табынғаным.  
Ендігі тілейтінім тағдырымнан,  
Жарымнан, үмітімнен айырмағын.

Ақ кемесі тау толқын өрге жүзген,  
Бағаладым жеңгейдің еңбегін мен.  
Сүйген жарын ақ тілеу, махаббаты,  
Құтқарған ғой ажалдың шеңгелінен.

Қатар жүрсе қуанып, қоса күлген,  
Сабырменен жан жарын тоса білген.  
Ауырпалық кезде де  
Бейбіт күні  
Бір соғады жүрегі қосағымен.

## ҚАРИЯЛАР

Қария – парасатты дара туған,  
Ізгілік, мейірімнен жаратылған.  
Жұмыстан қайтқан сайын керетінмін,  
Біз тұратын биік үй қабатынан.

Ақжарқын, әңгімешіл жарқын ана,  
Өсірген тәрбиелеп алты бала.  
Үлкеннен үш немере сүйіп отыр,  
Халықтың берік дәстүр, салтына да.

Менің үйде барым бұл білінсін деп,  
Той жасады немерем, бірінші үл деп.  
Тұсау кесер, мектепке барғанын да,  
Қалдырмайды-ау, қария ырымшыл көп.

Күндер жылжып ақырын алға асады,  
Ескерусіз жақсылық қалмас әлі.  
Әжей үйі – той-думан орталығы  
Қуанышқа қуаныш жалғасады.

– Бір жай ойға оралып келе берді,  
“Қызық қанша өмірден көрем енді.  
Мен өлеңде айтатын әжем-ау” деп,  
Мектепке бер қазақша немеремді.

Көптен жүрген сақталып көңілінде,  
Тілегі еді айтқан бұл өмірінде,  
Не десеңіз өзіңіз, солай болсын, –  
Көне кетті ұлы мен келіні де.

Немеремен ғажайып түрге енеді,  
Алма ағаштай бүр жарып гүлденеді.  
Сапар шеккен көңілді туристердей,  
Бірге барып, мектептен бір келеді...

Екінші көрші жүрер қызылменен,  
Көрмейтінмін жылылық жүзінен мен.  
Күйеуі жоқ, салт басты бір тұрады,  
Отырып қалған кәрі қызыменен.

Ұнатпайды ол затты да қыбыр еткен,  
Араласпай жұртпенен ғұмыры өткен.  
Ақ ниетпен ұсынған сәлеміңе,  
Ерні ғана болымсыз жыбыр еткен.

Қариялар жандарын қатар ұғып,  
Сыйласақ та құрметтеп апа қылып.  
Айтар болсаң кей сөздің ретін сен,  
Шыға келер ізденіп шатақ, ілік.

Қабағы бұлт түйілген аспаңдағы,  
Жек көретін бала мен жастар жағы.  
Жұрттың бәрі сыйлайтын ілтипатпен,  
Көрші әйелге шабынып, бас салғаны.

“Еркелетіп баланы керегі не,  
Ойнақтайды түнімен төбемізде,  
Немереңмен ән салып миды ашыттың,  
Қартайғанда алжиын дегенің бе?

Бұдан былай жүрмейін ұрыс салып,  
Істемейсің бір жерде жұмыс нағып?  
Нервімізге тимендер күлкі – ойынмен,  
Отырыңдар шуламай тынышталып!”.

Айтар сөздің мәніне қарамаған,  
Болады екен осындай надан адам.  
Өз бақытын орнықты ете алмаған,  
Ал, бақытын біреудің табалаған.

### **АҚТОҒАЙ АЛТЫН АЙМАҒЫМ**

(толғау)

Жайқалған бұйра шашты көк тоғайың,  
Болмасын, оны арман ғып жоқтамаймын.  
Алпыстың асқарына шыққанымда,  
Шашайын жырдан шашу Ақтоғайым.

Мен бүгін бар сырымды ақтарайын,  
Халқыммен бірге күліп, шаттанайын.  
Шығарған арыстарды алып мекен,  
Атыңнан айналайын Ақтоғайым.

Әр дәйім мұратына жетер халық,  
Қашаннан осы шындық, көкей қанық.  
Оралды үш арысым өз еліне,  
Ермеков, Ақбайұлы, Бөкейханов.

Еңбектерін сіңірді бай далаға,  
Адал еңбек атаусыз жай қала ма?  
Халқым сүйген Мүсілім Ермековті,  
Қадірлі Әсет, Әуезхан, Қайдар аға...

Қырға шықсам, ауылға ел деп келем.  
Көркін көріп өлеңде өрнектегем.  
Қыран көзді кәрия сияқтанып,  
Тосып алар жайдары келбетпенен.

Соның бірі туған жер – “Қуанышым”,  
Ақтоғайда көңілге жұбанышым.  
Кіндік қаным тамған бұл жер болған соң,  
Кеудем кеңіп, елжіреп тұрады ішім.

Жандай жақсы көремін топырағын,  
Ұл-қызының ардақты аты мәлім.  
Еңбекте де жастары ер атанып,  
Шығарған ғой батыр мен ақын, ғалым.

Жандардың жоқ жүрегін тербетпеген,  
Шаттанады қарт пен жас еңбектеген.  
“Қуанышқа” қуаныш алып келген,  
Жаңа совхоз ардақты “Еңбек” деген.

Мақпал кілем секілді жер бедері,  
Табылады қойнынан ел көрегі.  
Тоқырауын бал сұы сыңғыр қағып,  
Қандай ғажап сағымның келбегені.

Төрт түлігі төскейде қатар ерер,  
Қызығын бар ұрпақ пен ата керер.  
Өркен жайып өсе бер өскен ел деп  
Алдыңнан ақсақалы бата берер.

### III

Қазына, қуатты мекен ел дегенің,  
Қыдырып барып қайтшы сенбегенің.  
Естисің бұрындары білмегенді,  
Шығады қарсы алдыңнан көрмегенің.

Толқынды Тоқырауын бойындағы,  
Ерлік жыр ұмытылып жойылмады.  
Тыңдасаң құшырлана құлақ түріп  
Тұтатар сезім отын бойындағы.

Жалықпас айтсын түні, күніменен,  
Қарсы алар әңгіме, аңыз жырыменен.  
Өткенді көп білетін шежіре қарт,  
Сағындық көне көздің бірі дер ем.

Серілік таймай қалып, байыбынан,  
Сөзден жоқ қарттық келсін қайырылған.  
Бармағы оң қолының тек орнында,  
Соғыста төрт саусақтан айырылған.

Беріліп бар тәнімен, жаныменен,  
Шырқаса кетер судай ағып өлең  
Жаңылмай өзі жалғыз бармақпен де,  
Шерттеді домбыраны бабыменен.

Ойымда ардақты ерлер көптен жүрді, –  
Деп өзі елестетіп өткен күнді.  
Ақтоғай аймағының қазынадай,  
Былайша шежіресін шертетінді:

### IV

Ақтоғай жері жомарт, дархан елі,  
Десе де болатындай Арқа белі,  
Төрт түлік тел өрбіген құтты мекен,  
Адамның табылады бар керегі.



Халқы бар жарқын жанды ер кеңілді,  
Келеді даласындай кең пейілді.  
Тауы бар Қызыларай қарағайлы,  
Талы бар, қайыңы бар, өлке гүлді.

Қызыларай Ақтоғай тәжі-сынды,  
Қарсы алатын иіліп алыс ұлды.  
Тоқырауын белінде күміс белбеу,  
Бал суының құт жерге нөрі сіңді.

Өлке жайын бар халық жыр қып берген,  
Күні кеше жалынды Киров келген,  
Революционер ал, Угар Жәнібеков,  
Туған елге қараған үмітпенен.

Бұл өлкеде шежіре сыр тұнады,  
Жасөспірім жақсыға ұмтылады.  
Ақтоғайдың түлегі Жеңіс ақын  
Буырқанып бойынан жыр шығады.

Сөзге шешен зергердей ұста тілге,  
Сұрайтынды өтініп қысқа түрде:  
– Қайда кеткен Ақтоғай ақ бидайы? –  
Бас шайқайтын Фабиден Мұстафин де.

Алыс кеткен ақ бидай армандайын,  
Сағыныштай сарғайып қалған дәйім,  
Сақталмаса тұқымы ескеріліп,  
Болашаққа жеткізіп жалғар қай ұл?

Өр өнердің жастар жүр саласында,  
Ел байлығын арттыру санасында.  
Сабантойда шаттанып, еңбекпенен  
Жалғайды жер мен ғарыш арасын да.

Сарайын болашақтың жасар қолдан,  
Еңбек өтіп, білімменен бас алмаған.  
Көзі ашық, көңілі ояу жанға  
Бақыт өзі есігін ашар алдан.

Майталманға қай жүйрік тең келеді,  
Осы емес пе бақыттың өрлегені.  
Жұлдыз қадап төсіне атанған-ды,  
Ыбыраев Сәтібек Еңбек Ері.

Мал соңында ерте - кеш қалса да ұдай,  
Уақыт жоқ қалжырап шаршағандай.  
Қос орденді Көпбаев Зікірия,  
Шопандардың бүгінгі маршалындай.

Жастардың арманы мен жанын ұққан,  
Бұлар қалай тыныш жатып жай ұйықтар.

Шопандар қауымының академигі,  
Мұхтар, Исабек, Мұздыбай Қалиевтер.

Бұғып қалмай бойдағы арын жатқан,  
Сарайының болашақ шамын жаққан,  
Жігеріне жастардың жігер қосып,  
Қабдіраш “Жалынды” жалындатқан.

Таға алмаймын наздық пен құрдасқа айып,  
Көкте ұшады қанатын тұрмас жайып,  
Ақтоғайдың шығарған атағын да,  
Еңбегімен Зәрубек Ұйқасбаев.

Тыңғылықты бар ісі көңіл қанық,  
Депутат қып сайлады ерін танып.  
Парламенттің мүшесі, халық сыйлар,  
Майталман Сейдіғали Сейілханов.

Жақсы хабар елшідей жаршы еді,  
Қуанышқа бөледі әнші елді.  
Жарыстарда бәрінен озып шыққан,  
Совхоздардың алды боп “Жәмші” келді.

Демеймін қысы, жазы дамыл тапты,  
Отанның құт далада малын бақты.  
Кәрбозов Кәртай қайсар жылқышысы,  
Үйреткен ауыздықтап арғымақты.

Ерлік жастар жанына жақын мұра,  
Келеді оның мән-жайын жақын ұға.  
Ескерткішке гүл қойып, бас иеді,  
Қазыбек Нұржановтай батырына.

Эфирден күш, бойыңа қуат жетіп,  
Жіберетін жаныңды шуақты етіп.  
Левитан сияқты еді оқығанда,  
Кешегі диктор Мырзабек Қуатбеков.

Ақтоғай алтын аймақ, дүбірлі аймақ,  
Құлпырып, өркен жайды бүгін жайнап.  
Шырқайды бар дауыспен ақыны да,  
Қалайша айта алады жырын жайлап.

Өнерпазы мөп-мөлдір тамшы ма екен,  
Өнерлерін бойға нәр, талшық етем.  
Ақтылы қой өргізіп думандатқан,  
Күй мен жырды төгетін әнші мекен.

Жаңа дәуір таңында гүл ашқан-ды,  
Өнерлері баурайтын рас жанды.  
Асыл ғой топырағы.  
Жұрт біледі,  
Манарбек, Аққыз әже, Күләштарды.



Бүгінде көп олардың ізбасары,  
Жаңғырып дауыстары қырды асады.  
Желпінтіп түңіліктей көңілдерін,  
Қандырар құмарларын тыңдаса әні.

Жаны жомарт, өнерде қайсар ұлды,  
Дәртай басшы ететін ансамблді,  
Айтайын “Тоқырауын толқындарын”  
Шетелдік тыңдаушысын тамсандырды.

Алғыр жастар ән-күй мен жырдан туған,  
Жұрт көңілін шуақпен нұрландырған.  
Халықтың ет-бауырын елжіреткен,  
Сол ансамбль баяғы Тұрған құрған.

У

Жатқан бір шешілместей құрсақтаулы,  
Осындай Сағындық қарт сыр сақтады.  
Ағынан жарылды да ақтарылды,  
Білсін деп кейінгі ескен ұрпақтары.

Жайдары Тоқырауын толқындары,  
Тербеле шежіре-жыр мол тыңдады.  
Ақыны шерткен сырды қабыл алып,  
Жұртшылық көңілге әуен толтырады.

Жайқалып гүлге оранған құтты мекен,  
Келбеті кешегіден тіпті бөтен.  
Туған жер топырағынан түлеп ұшып,  
Ел сүйер ұл-қыздары шықты ма екен?

Сәулетті нұрлы өмірді танып бәрі,  
Шықты олар, көк тесінде шарықтады.  
Бал тамған бармағынан бірі өнерпаз,  
Ал, бірі ерен еңбек алыптары.

Бүгінде ғасыр басқа, заман басқа,  
Сондықтан шалыс аттап, қадам баспа.  
Енжарлық, бойкүйездік балғын жастың,  
Бойынан ешкім іздеп таба алмас та.

Бөленген шалқар шаттық, кіл, асылға,  
Жүзінен қыз-жігіттің ұғасың да.  
Еңбек етіп, ән-күйді шалқытады  
Атаның ие болып мұрасына.

Ақтылы қой өргізген Ақтоғайды,  
Көрген жұрт қалай ғана мақтамайды,  
Ұл-қызы жұлдыз болып жарқыраса,  
Алқа етіп Тоқырауын таққан айды.

Жылжиды ракетадай уақыт деген,  
Табысар кейінгі ұрпақ бақытпенен,  
Ақтоғай алтын аймақ, дүбірлі аймақ,  
Ақыны жыр төгеді шабытпенен.

Осылай сырымды мен ақтарайын,  
Халқыммен бірге күліп, шаттанайын.  
Мерекең құтты болсын ағайындар  
Атыңнан айналайын Ақтоғайым!

1990

## ЕГІЗ ШУМАҚТАР

Игі ниет,  
жақсы үміт,  
тілек үшін,  
Адам біткен жадырап күле білсін,  
Деп аспанда жарқырап күн тұрады,  
Қабақ шытып білдірмес ренішін.

Қуанышты жадырап өмір өтті,  
Дидарыңды туған жер желі өпті.  
Сәуле шашып биікте жарқыра да,  
Жылуыңмен жылыта біл төңіректі.

\* \* \*

Қалайша көрсетеміз жеңіл қылық,  
Ойларға тұрған кезде көңіл тұнып.  
Елдерді араласаң жолға шығып,  
Молырақ түсінөсің өмірді ұғып.

Әуелде көргенімен алыс бәрін,  
Жақсы ғой адамдармен табысқаның.  
Жер бетін қыран құстай шарлап өтсең,  
Білесің көп екенін таныстарың.

\* \* \*

Көршімнің қылығына таңы бар-ды,  
Былайша бірде маған жалынады:  
– Көп істі тындыруға, үлгеруге,  
Қалайша уақытың табылады?

– Заманның, біле-білсең, сәні неде,  
Өзіңше қосыл әсем әніне де.  
Ғасырда жиырмасыншы өмір сүрсең,  
Үлгеру керек, құрбым, бәріне де.

\* \* \*

Шықтым таудың басына,  
Отыра көттім тасына.  
Алтын теңіз айнала,  
Жатты алдымда бай дала.

Таудың ағып бұлағы,  
Күй құлағын бұрады.  
Дала тәтті күйге енді,  
Ырғала егін биледі.

\* \* \*

Маңдайда кекілі бар, келте мұрын,  
Кішкентай Еркебұлан  
Тентек інім.  
Өзіңнің мінездерің еске түсіп,  
Сағынтты бүгін сенің, еркелігің.

Қорықпай құйындатып тайға мініп,  
Еліңде елең айтып, сайра жүріп,  
Шомылып Тоқырауын толқынына,  
Еркелеп еркін ойна.  
Жайна, күліп!

\* \* \*

Кен шыға ма, қашан ол ұғынады,  
Жер қаздырып, қолқаңды суырады.  
Бұйрығын екі етпей атқарса да,  
Адамдардың апшысын қуырады.

Мазасызды ұнатып жаратар кім,  
Мінезіне оғаштық қаратар құр.  
Дамыл таппай несіне айғайлайды,  
Әтешсізде білмей ме таң атарын.

## ТӨРТТАҒАНДАР

\* \* \*

Босқа кетпей қиялдың жетегінде,  
Елді сатып билікке көтерілме.  
Кезсіз батыр – бір оқтық,  
білген дұрыс,  
Бай болғандар бір жұттық екенін де.

\* \* \*

Басқа тілде торғайдай жорғалаған,  
Қанат қағып ұша алмай торда қалар.  
Ұлт намысын таптайды доңыздарша,  
Өз намысын қызғыштай қорғамаған.

\* \* \*

Жыртып өңеш бүлкілдетіп көмейді,  
Басқа тілде сөйлейтінді жебейді.  
Бұл күндері күйе жағып жұртына,  
Тілден, диннен безінгендер көбейді.

\* \* \*

Жас сәбиді шипагердей демейтін,  
Бесік жыры құндағында бөлейтін.  
Бойға сіңген ананың ақ сүтімен,  
Ана тілім қалай болар өгей тіл?!

\* \* \*  
Туған тілге махаббат оянбаса,  
Жат жан сүймес жаққанмен бояу қанша.  
Уызына жасынан жарымаған,  
Қанып ішсе кәусәрін тоя алғанша.

\* \* \*  
Дана сөздер қалған би, қазылардан,  
Қалт жібермей жүрекке жазып алғам.  
Сүйек-саяқ күзеткен үйшігінде,  
Дүбәрәдан шықпайды азулы арлан.

\* \* \*  
Көріп жүрмін сыйластардың талайын,  
– Бәрін бірдей ұнатайын, қалайын, –  
Деп аңқылдап үйіріне қосылсам,  
Файбаттауға дайын тұрар ағайын.

\* \* \*  
Шибөрілер шәуілдеп қалмас ұлып,  
Олар көп қой, қырттардың жалғасын ұқ.  
Зиялылық екінші кезекте тұр,  
Зымияндық жымысқы алға шығып.

\* \* \*  
Жұрттан асып кемеңгер дара тушы,  
Иландыра алмасаң бара тұршы.  
Ақын деген тәңірдің перзенті,  
Ауызына сөз салады жаратушы.

\* \* \*  
Миллионер болдым деп мақтанар кім,  
Байып жатыр халқы мен сатқан арын.  
Шыжғырылып тозақта қызыл отқа,  
Білмей ме екен, пәтшағар, қақталарын.

\* \* \*  
Нәпсі тауып саудамен қия, қырдан,  
Дүлдүреуіш тор көзді ұя қылған.  
Туған жердің тасын да саудалап жүр,  
Айырылған арсыз жан ұятынан.

\* \* \*  
Ұл-қыз туса той жасап жаңғыртты елі,  
Қуанышын аймаққа ән ғып келді.  
Басқа тілге жасынан үйір қылып,  
Әкеліппіз өмірге мәңгірттерді.

\* \* \*  
Құлақ аспай азаттық еркін үнге,  
Жібермеді халқын еш желпінуге.  
Шаңырағы шайқалып Кеңестердің,  
Өзі кірді ақыры көр түбіне.

Қан төкті баба ұрпақ баласы үшін,  
Еркіндік алды байтақ даласы шын.  
Саудаға түсе қалса атамекен,  
Ұялмай көрін сатар бабасының.

\* \* \*

Ешкім жоқ мұқит, қырды асып келген,  
Ел мүлкін орын алды шашып төрден.  
Танытып мәңгүрт мінез өз ұлтына,  
Үй тікті үй ішінен кәсіпкерлер.

\* \* \*

Кәсіпкерлер сенеді қалтасына,  
Ауыл жаппай кірісті мал сатуға.  
Ата Заңым сәби ғой тәй-тәй басқан,  
Айналмасын көрінген малтасына.

\* \* \*

Жекешеге алатын ұйымы бар,  
Бұл күндері сатылды жылы ұялар.  
Көпір барса іш тартып жақын санап,  
Ал, қазаққа жыланша жиырылар.

\* \* \*

Тұрды баба басында берекенің,  
Ұстамады бөлшектеп бөлек елін  
Ру, жүзге бөлінбей неге ұмыттық,  
Бар қазақтың кең дала жері екенін.

\* \* \*

Батыр болса майданда ерекше өлер,  
Ал ақымақ дүдәмәл елеске ерер.  
Бауыржанша халқы үшін жақ ашпайды,  
Қаптап көтті тірі аруақ-өлекселер.

\* \* \*

Туғаннан-ақ дұшпанға қатал жаны,  
Қасым аға жау тисе жата алмады.  
Батырлықтың жұлдызы жарқыраған,  
Аты-аңыз, халқының қаһарманы.

\* \* \*

Үйден түзге шықса егер жарты қадам,  
Қолды болған жезекше артық адам.  
– Нарық, нарық, – деп зарлап жүргенде біз,  
Көбейді ғой қайыршы қалтыраған.

\* \* \*

Қыз қуу халқым үшін таңсық өнер,  
Сайысқа шығады өжет өршіл өрен.  
Өз мақсат, мұратына жете алмаған,  
Ез жанды төпеу керек қамшыменен.

\* \* \*





\* \* \*

Адал жанның атқарар ісі мықты,  
Өзгермейді құбылып түсі тіпті.  
Кішіні іні,  
Үлкенді аға тұтып,  
Көрсетеді инабат кісілікті.

\* \* \*

Білсе жұрт қара ниет көңілдерін,  
Қалайша отырғызар төрінде өмір.  
Ілтипат алған емес алаяқтар,  
Естиді ел қарғысын:  
– Көріңде өкір!

\* \* \*

Сөздікті өзім  
Қараймын күнде ынтыға,  
Сөз тізбектерден  
Сөзім от тұрар жарқырап.  
Тылсымға жағып  
Құпия шырақ сиқырды,  
Сөз қойнауында  
Табысар өнер шұрқырап.

\* \* \*

Шұғыласын шуақты шашып алдан,  
Шақырады бейбіт күн-асыл арман.  
Жер қабатын қақ тіліп бойлап шығар,  
Сорайған бамбукті кім жасыра алар.

\* \* \*

Ұстапты ғой құрдастар оразаны,  
Осы шығар мұсылман жолы адалы.  
Тілін, дінін сыйлайтын азаматтар,  
Адал ниет иманға оранады.

\* \* \*

Бүгінде жан уайым, айран-қайғым,  
Қайғы басса қалайша сайрандаймын.  
Туған жерді кейбіреу саудалап жүр,  
Жерді сатып сатқынға айналмайын.

\* \* \*

Тоқмейлсіп тоғашыр алған таныс,  
Өткен өмір бергенмен жанға тыныш.  
Айнаға ұқсас машина ішіндегі,  
Қарау үшін жылжуға алға дұрыс.

\* \* \*

Қырға қарай менімен жүрші жарым,  
Төгейінші шұрайлы жыр шуағын.  
Жасыл орман құстары оркестрдей,  
Қарсы алады бұралып биші қайын.

\* \* \*  
Түсін мені, аяулым, түсін мені,  
Сырды бүгіп қалмаймын ішімдегі.  
Дидарыңды көргенде қайран қалам,  
Періштеге ұқсатып түсімдегі.

\* \* \*  
Дауыл бар қара нөсер жаудыратын,  
Толқынды иіріп кеп тауға ұратын.  
Махаббат та дауыл ғой,  
күлдіріп ап,  
Адамды кейде есінен аудыратын.

\* \* \*  
Сенің тек құшағыңда өткеніне,  
Ризамын жастық шақтың көктеміне.  
Албырт кез еске түсіп Қызылсеңгір,  
Отырмын шығып алып бөктеріңе.

\* \* \*  
Жан емес едік бұрын қайымдасқан,  
Көріп неге бірден бұл жайың қашқан.  
Сиырдай киік желін сүт бермейтін,  
Өділдікті жоқ менің айырбастар.

\* \* \*  
Жікшіл жандар бетке шыққан сүйелдей,  
Көрінеді жиіркенішті бүгін де.  
Зорлықпенен қызды ұрлаған күйеудей,  
Саяқтай бір қосылмаған үйірге.

\* \* \*  
Мұхиттай керінетін қайран маған.  
Құмында ақ тайлақтай тайраңдағам.  
Көпті көрген кәрия сияқтанып,  
Төсін ашып,  
Құшағын жайған далам.

\* \* \*  
Кейде жүргің келеді жарқылдап-ақ,  
Кейде күлгің келеді қарқылдап-ақ.  
Кейде тіпті бір өзің отырасың,  
Қос иығың салбырап салқын табақ.

\* \* \*  
Ебеуге бас береді күс қылып,  
Бірәуді қояды өмір жұлыстырып.  
Құрметтер тіршілікте сыйласы жоқ,  
Жаманмен тудырады-ау туыс қылып.

\* \* \*

Жалыным бар, жүрегімде сөнбеген,  
Арыным бар, төс қияға өрлеген.  
Мөлдірім бар, елдер татып қөрмеген,  
Бұлбұлым бар жырлап әлі бермеген.

\* \* \*

Өмірде жүретін  
Шытырман, шатқалаң жол қанша,  
Дауыл айдап кеп  
Аспан-жер торланса.  
Сонда сен кішкентай  
Қазық бол қағылып қалатын,  
Ығында кететін  
Жалпылдақ бір ағаш болғанша.

\* \* \*

Жас қой олар, балаларда айып көп,  
Тұрады ылғи алақанын жайып кеп,  
Білсе жақсы-ау ыстық пенен суыққа,  
Ата-ананың түсетінін бәйік боп.

\* \* \*

Тыңдар құлақ, жан болса ұғынатын,  
Жұртқа мәшһүр етеді жырын ақын.  
Мәңгүрттенген таскерең көбейіп тұр,  
Кертышқандай көріне тығылатын.

\* \* \*

Абай тілі - қазақтың бойтұмары,  
Әр сөзінде мөп-мөлдір ой тұнады.  
Бағдаршамдай бағыттап тура жолды,  
Олқы түсер жеріңді толтырады.

\* \* \*

Тоқырау кез адамдары қандай шат,  
Жұртқа өзін әйгілейді айқай сап:  
"Қазақтың нағыз шырқаған кезі,  
Деді ғой Леонид Ильичтің өзі," –  
Деп гөйлетті Төлепберген жандайшап.

## **ЖҮРЕГІНІҢ ТҮБІНДЕ ДАЛА ЖАТТЫ**

*Айтулы геолог, көрнекті ғалым  
Текш Шойынбайұлына*

Есімің елге таныс, аңыз әрі,  
Ақтардың жер қойнынан қазынаны.  
Басталды жаңа ғасыр болашаққа,  
Атың алтын әріппен жазылады.

Жұмыстың ауырлығын елемедің,  
Еңбектің торысындай желе бердің.  
Суындай Тоқырауын сабырлы ағар.  
Балқаштай көк айдынды терең едің.

Керсең де қанша мақтау марапаты,  
Түбінде жүрегіңнің дала жатты.  
Ұстаз боп ұлағатты, шәкірттерің,  
Өзіңнен білім алып, пана тапты.

Қазғанның жер қыртысын жаны сірі,  
Алыстан таптың туыс, танысыңды.  
Көрсетіп тіршілікте ірілікті,  
Жат жанға ұстатпадың намысыңды.

Мастанбай лауазым мен атағыңа,  
Сен жүрдің алғашқылар қатарыңда.  
Жас ұлан мол қазына, асылыңды,  
Уақыт өткен сайын жатады ұға.

Ұрпаққа бағыт берер шыраө едің,  
Өзіңді құрмет тұтып тұрады елің,  
Орнатты ескерткішті биіктетіп,  
Ісіңді алға жалғар мұрагерің.

### САҢЛАҚТАР

***Қос желяяқ жүйріктер Ғұсыман Қосанов  
пен Әмин Тұяқовқа.***

Олар спорт көгінде самғай білген,  
Озып шығып,жүлде алған сан бәйгеден.  
Отанының қашанда ар, намысын.  
Жарыстарда дүбірлі қорғай білген.

Тұлпардай буырқанып өрге шабар,  
Жүгіретін талмай кім кемге санар.  
Құлшынып бір шыққанда жарыс жолға,  
Ілесе алмай шаңына жел де қалар.

Жандар жоқ сүйсінбеген өнеріне,  
Есімдері жанды спорт әлемінде.  
Римде күміс таққан Ғұсыманның,  
Аты шықты жер жүзі көлеміне.

Майталман ез ісіне бұлар ұста,  
Қалықтап аты кетті туу алысқа.  
Шығып алтын жеңістің тұғырына,  
Сый ғып талай әкелді қуаныш та!

Олар спорт көгінде самғай білген,  
Озып шығып, жүлде алған сан бәйгеден.  
Отанының қашанда ар, намысын,  
Жарыстарда дүбірлі қорғай білген.

1971.

## **ҚАЖЫМҰҚАН ІЗБАСАРЛАРЫ**

***Әйгілі палуандар Әбілсейіт Айқанов,  
Аманкелді Әбсаттар,  
Аманжол Бұғыбаевтарға.***

Ұнатқан менің елім мықтылықты,  
Палуанды сыйлап әр кез тік тұрыпты.  
Момыннан да күштінің шығатынын,  
Қажымұқан көп елдерге ұқтырыпты.

Сол кезден бұдан көп жыл бұрынғы өткен,  
Есімі жарты әлемді дүбірлеткен,  
Қажекең лайықты ізбасары,  
Туатын күткен елім күнін көптен.

Сұлатқан ұстасқанда сан алыпты,  
Ұландар күрес үшін жаралыпты.  
Олардың мақтанышпен аты шықса,  
Елінің даңқы көпке таралыпты.

Қашанда қиындықты жеңе білген,  
Сүйсінткен жұртшылықты енерімен,  
Осынау палуандардың тұлғасынан,  
Қажекеңнің ұрпағын көремін мен.

Әшейінде өздері жайсаң жігіт,  
Көресің бойларынан байсалдылық.  
Олардың күресіне куә болып,  
Танығам мінезінен қайсарлылық.

Бұл шындық, әркім біліп ұға алады,  
Қашанда айла асқан мен жығар әлді.  
Осындай туған елдің перзенттері,  
Қашанда елдің атын шығарады.

## **КЕЛБЕТІҢДІ ҚУАНЫШ МАЛДЫҢ НҰРҒА**

Тұқымы едің Байдәулет жақсы атаның,  
Жұмыскерсің болмасын басқа атағың.  
Қос жанарың сұңқардай от шашады,  
Ерте келген алпысқа ақсақалым.

Нұрға толы жайнаған гүл-өмірді,  
Сүйсе біреу өзіндей сүйе білді.  
Адал еңбек жолында тер төктің де,  
Жұртқа жайдың ақ адал жүрегіңді.

Күлім қағып тұрады күн дидарың,  
Ләйлімдей өзіңді сүйді жарың.  
Өрісің ғой он балаң, немеремен,  
Букет етіп сыйлады гүлдің бәрін.

Келбетіңді қуаныш, малдың нұрға,  
Ұрпағыңды жолға адал салдың тура.  
Нығмет жезде қырандай тұғырдағы,  
Еншілеңіз жасын қарт Жамбылдың да!

### ПЕРІШТЕ ЖІГІТ

Әбіжан періштедей әлі күнге,  
Баладай көтеріңкі көңілі де.  
Аузынан әкесінің Алла түспей,  
Сыйынып өтті құдай-тәңіріне.

Жасынан өрік бермей қайғы, мұңға,  
Жүрегін шұғылалы жайды нұрға.  
Аралап Ақтоғайдың атырабын,  
Шомылды Тоқырауын айдынына.

Берейік бүгінгі күн мақтауға өрік,  
Тұлпарға бітпейді ғой шаппай желік.  
Өтеді асқар шыңнан еңтікпестен,  
Елуге келген жігіт аттай желіп.

1992.

### ӘЛЕМХАН

Өзінде “өнер” жетеді,  
Әлемхандай немере.  
Былдыр-былдыр етеді,  
Сөйлегісі келе ме?

Әже салған әні мен  
Елтіп тыңдар өлеңді.  
Ұнатады бәрінен,  
“Айналайын” дегенді.

Жақсы сөзбен ер жетпек,  
Елпең қағып кетеді.  
Күліп, тез-тез еңбектеп,  
Өжесіне жетеді.

1999.

# М А З М Ұ Н Ы

## ДАСТАНДАР

Хан Кене, ер Ағыбай, батыр Науан.....	3
Темеш-Дәмеш.....	8
Табыну.....	13
Қайдауыл Шеруке.....	20
Оралған талант.....	25
Дала мадоннасы.....	35
Тастанбек.....	42

## ӨЛЕҢДЕР

Бабалар мен ағалар.....	48
1991 жыл	
Әнет баба.....	49
Дулығалы батырлар.....	50
Бұқар жырау.....	-
Шақшақ Жәнібек тархан.....	51
Апайтес батыр Жалаңтөс.....	52
Айбыңды Аралбай.....	-
Жарылғап баһадүр.....	53
Қос әулие.....	-
Қараменде би.....	55
Шабанбай шешен.....	-
Жақсы Жанғұтты.....	56
Шортанбай.....	-
Ақан әні.....	57
Абайға.....	-
Абай мен ару.....	58
Дилдә мен Әйгерім.....	59
Шыңғыс тауы.....	-
Жырдың қызыл жолбарысы.....	60
Күй тәңірі.....	61
Нар ақын.....	61
Күш атасы.....	-
Шашубайда арман жоқ.....	63
Үш асқар.....	64
Қайталанбас құдырет.....	65
Мұқан күйсандығы.....	-
Қаныш ескерткішіне.....	66
Темірқазық.....	-
Тоқырауын табанын дүбірлеткен.....	67
Сармантайдың Ахметжаны.....	-
Отан үшін.....	68
Тақия.....	69
Достық.....	70
Құрмет.....	-
Марқасқа.....	72
Дарын.....	-
Сүйіктісі халықтың.....	73

Жайсаң аға.....	-
Дихан деп тауып қойған есіміңді.....	74
Өлеңі сел тасқандай.....	-
Алдар мен Қожанасыр жиеніне.....	75
Букетовтің иті.....	-
Ақын рухына.....	76
Суретші Сахиға.....	77
Жайлы дауыс.....	78
Тұңғыш.....	-
Арманың жоқ.....	79
Үш ноян.....	80
Ақынға.....	-
Шипагер.....	81
Шәміл ақын.....	82
Ән аға.....	-
Тұманбай Молдағалиевке.....	83
Күйші Уәли.....	-
Жайықтай арналы адам.....	84
Таныта бер Бектігіңді.....	-
Бәйтерек.....	85
Асқақтап көрінесің биіктерден.....	-
Текті ұрпағы.....	86
Тыңдарманын жіберер шуақты етіп.....	87
Алтын той.....	-
Орындалды арманы.....	88
Жазушыға.....	-
Сері жігіт.....	89
Шоринге.....	-
Мырзақанға.....	90
Сағадатқа.....	-
Аманкелдіге.....	-
Сазгерге.....	91
Әке рухымен сырласу.....	-
Бабалардың дәстүрі жалғасады.....	92
Сәтімбай жездейге.....	93

## ДОСТАРЫМ МЕН ІНІЛЕРІМ

Достармен бірге.....	94
Балқаштағы Бұғыбайға.....	-
Құрдасыма.....	95
Құрбыға наз.....	-
Шипагер.....	96
Достықты адал көтерген.....	97
Жайрандап алдан шықса.....	-
Жарық жұлдыз.....	98
Інім Мәлске.....	-
Дәуітәліге.....	99
Шарлады өнер аспанын.....	-
Үшаралға барғанда.....	100
Оятты сәби сезімді.....	101



## ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУ ТІКТІМ

Атамекен.....	102
Ту.....	-
Киелі көл.....	104
Қос айдын.....	105
Көл үстінде.....	-
Аңыз өлке.....	106
Ақтоғайым.....	-
Бала болып кетемін.....	107
Жусанды дала.....	-
Арыма сенем.....	108
Бектеуата тауы.....	109
Ұмытқан жоқпын.....	-
Ойпат пен биіктік.....	110
Төбеге көтереді.....	-
Шежіреші.....	111
Думан қала.....	-
Жүрек жұтқан.....	112
Биші.....	113
Нарық деген.....	114
Берік қолда.....	-
Қайда?.....	-
Өлара.....	115
Көлеңке түсірмейік.....	-
Жол қысқарды.....	116
Теке тірес.....	-
Тыныштық.....	117
Айтуға ұят.....	-
Қорқау басшы.....	118
Көкқұтан.....	-
Кәбелек қыз.....	119
Қайғы мен қуаныш.....	-
Уақыт өзі.....	120
Менің әжем.....	-
Нәбияға.....	-
Ұрпағы едің жалынды Қасым ақын.....	121
Сырбаз мінезді жан.....	-
Достық жолы.....	122
Қара шалғы.....	-
Күміс той.....	123
Қойылған кезде.....	-
Балам үйір.....	124
Наурыз.....	-
Наурызда туыппын.....	125
Өмірден ұққаным.....	-
Жүзге мен бөлінбеймін.....	126
Үлкен болу.....	-
Өмірге адам келгенде.....	-
Махаббаттың бал айы.....	127
Гимнаст қыз.....	-
Қызыларай тауындай.....	128

Көргендей өз баласын.....	-
Оралды.....	129
Қаралы үйге.....	-
Жауынгер жары.....	-
Қариялар.....	131
Ақтоғай алтын аймағым.....	132
Егіз шумақтар.....	137
Төрттағандар.....	138
Жүрегінің түбінде дала жатты.....	144
Саңлақтар.....	145
Қажымұқан ізбасарлары.....	146
Келбетіңді қуаныш малдың нұрға.....	-
Періште жігіт.....	147
Әлемхан.....	-

**Қашқынов Жеңіс**

**Алыптар мен Арыстар**  
(Өлеңдер мен дастандар)

Редакторы Н. Төлепбергенұлы  
Суретшісі В. Сидоров

Таралымы 500 дана

Есепті баспа табағы 9,2  
"Әуен" баспасы  
Алматы қаласы, Мыңбаев, 53

5007412

